Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, А. Қ. Рауандина,
Р. С. Рахметова, Б. Қ. Мүкеева

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

ТІЛ-БАЙРАҚ

ОҚУЛЫҚ

10-сынып

2-бөлім

Рекомендовано
Министерством образования и науки
Республики Казахстан

Көкжиек-Горизонт
2019

© «Көкжиек-Горизонт»

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922
Қ 17

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ ҰСЫНҒАН

Авт.: Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, А. Қ. Рауандина, Р. С. Рахметова, Б. Қ. Мүкеева

Қ 17 Қазақ тілі мен әдебиеті. Тіл-байрақ. Оқулық. Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын 11 жылдық жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған. 2-бөлім / Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, А. Қ. Рауандина, Р. С. Рахметова, Б. Қ. Мүкеева. — Алматы: Көкжиек-Горизонт, 2019. — 174 б.

ISBN 978-601-7832-90-2
2-б. — 2019. — 172 б.
ISBN 978-601-7832-92-6

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922

ISBN 978-601-7832-90-2 (жалпы)
ISBN 978-601-7832-92-6 (2-бөлім)

© «Көкжиек-Горизонт» ЖШС, 2019

Құрметті жас дос!

Міне, бүгін қазақ тілін меңгерудің жаңа кезеңіне аяқ бастың. Енді «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша «Тіл-байрақ» оқулығын қолыңа алып отырсың. Сен 5-9-сыныптарда оқыған «Бәйшешек», «Бәйтерек» оқулықтары бойынша алған біліміңді әрі қарай жалғастырасың. Тіл де байрақ секілді өз еліңнің — Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін, қазақ тілін жетік меңгеріп, оны болашақта туыңдай қадірлеп, байрақтай қастерлеп, құрметтеуіңді талап етеді. Бұл сыныпта қазақ тіліндегі әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-саяси, ғылыми-ізденімдік сипаттағы қызық ақпараттармен танысасың, ұғым-түсінігің байиды. Әр алуан тапсырмаларды орындау арқылы өз ойыңды, пікіріңді айту дағдыларыңды жетілдіресің, ұлы тұлғалардың өмірі мен шығармашылығынан тағылым аласың. Атап айтқанда, «Еңбек нарығы және сұраныс», «Отандық өнеркәсіп өнімі», «Қазақ киносы мен театрының қазіргі келбеті» тақырыптарында өзің өмір сүріп отырған қоғамдағы әртүрлі мәселелерге байланысты ойыңды білдіруге үйренесің.

«Ұлттық экологиялық мәдениет», «Мұхит — тіршілік мекені», «Сауда мен көмек: екіжақты келісімді сауда» тақырыптары заманауи мәселелерге деген көзқарасыңды қалыптастырады. «Бұқаралық ақпарат құралдарындағы гендерлік бейне», «Жер ғаламшарындағы қауіпті қалдықтар» тақырыптары бойынша берілген оқу материалдары сенің бойыңда елің, жерің үшін жауапкершілік сезіміңді тәрбиелейді, отаншылдыққа баулиды. «Тіл-байрақ» оқулығы бойынша әдеби шығармаларды оқу арқылы да әдеби тілде сөйлеуге дағдыланасың. Осы мақсатта Балғабек Қыдырбекұлы, Дулат Исабеков, Қадыр Мырза Әлінің шығармашылығындағы қазақтың ізгі дәстүрлерінен хабардар боласың. Белгілі шығармалардан үзінділер оқисың. Бұл шығармалар қиялыңды дамытып, ойыңды өсіреді.

Білім жолындағы сапарың сәтті болсын, жас дос!

1–2-
сабақ

Сауда тарихы

ОҚУШЫ, БҰЛ МОДУЛЬДЕ СЕН:

- берілген тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну;
- тыңдаушыға әсер етудің сөз әдебі құрылымдарын монологтік және диалогтік сөзде орынды қолдану;
- мақала, эссе жазу талаптарын сақтау;
- публицистикалық және ғылыми стильдерде мәтін құрау;
- ақпарат көздерінен мәтін тақырыбына байланысты қосымша материалдарды табу;
- мәтінге жоспар құрып, оны көрнекі сызба түрінде рәсімдеу;
- үстеулердің жасалу жолы мен қызметін меңгеріп, мәтінде дұрыс қолдану **дағдыларыңды жетілдіресің.**

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
делдал, басымдық, екіжақты, мәміле, барлық

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттерге қара. Бұл заттардың сабақ тақырыбына қандай қатысы болуы мүмкін? Болжамыңды айт.






ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Бағандағы сөздердің мағынасын анықта. Олардан сөз тіркесін құрап, жаз.

делдал	тарихы	басымдық	тауар
екіжақты	адам	мәмілеге	берілді
сауда	келісім	барлық	келді

ТІЛДІК БАҒДАР

Үстеудің жасалу жолы мен сөйлемдегі қызметі

Үстеу іс-әрекеттің түрлі сындық, бейнелік, мекендік, мезгілдік, шарттық, мөлшерлік күй-жайын білдіретін сөз табы.

Үстеу сөздер құрамы жағынан екі топқа бөлінеді: **негізгі** үстеулер, **туынды** үстеулер.

Негізгі үстеулер: қазір, енді, ілгері, жоғары, төмен, әрі, бері, кері, әрмен, бермен, ерте, кеше, нақ, дәл, нағыз.

Туынды үстеу тудыратын жұрнақтар:

1. **-ша, -ше** жұрнағы. Мысалы: *құсша, адамша, көзімше, менше, жаңаша, өзінше* және т. б.

2. **-лай, -лей (-дай, -дей, -тай, -тей)** жұрнақтары. Мысалы: *осылай, екіншілей, жастай, күздей, қыстай* және т. б.

3. **-шалық (-ша+лық), -шама (-ша+ма)**. Мысалы: *осыншама, соншама, соншалық, мұнша, мұншалық* және т. б.

4. **-лап, -леп (-дап, -деп, -тап, -теп)** жұрнақтары. Мысалы: *қырықтап, отыздап, темірлеп* т. б.

5. **-шылап, -шілеп** жұрнағы. *Мысалы:* айтшылап, итшілеп және т.б.

6. **-қары (-кері)** жұрнағы. Мысалы: *ішкері, сыртқары, ұшқары* және т. б.

7. **-ын, -ін, -сын, -сін** қосымшалары. Мысалы: *жасырын, астыртын, үстіртін, ертеңгісін, кешкісін* және т. б.

жыл	-ше	**тыс**	-шылап
ескі	-бей	**мың**	-лап
ерен	-лап	**жаяу**	-дап

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда.

Аудиомәтін

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Аудиомәтінде кездескен төмендегі сөздердің мағынасын анықта. Оларды қатыстырып, мәтіннен түсінгеніңді тезис түрінде жаз.

Қазба жұмыстары, қола дәуірі, тайпалар, малшаруашылық, тері өңдеу, өрнек салу, еңбек бөлінісі, мәмілеге келу, екіжақты зат алмасу.

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Аудиомәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Сауда тарихы қола дәуірінен басталған ба?
2. Тайпалар немен айналысқан?
3. Малшаруашылық адамға не берді?
4. Екіжақты зат алмасуға не себеп болды?
5. Саудада адамдар қандай мәмілеге келді?

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Аудиомәтінде кездескен туынды үстеулерді жаз. Олардың жасалу жолдарын түсіндір.

ОҚЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқы.

Қола дәуіріндегі түрлі мал, егін, қолөнер салаларының дамуы нәтижесінде қоғамда азық-түлік, зат көбейді. Осыған байланысты адамдар заттарын қажет затына айырбастай бастады. Саудаласқан кезде зат айырбастайтын адамдардың арасында делдалдар жүрді. **Делдал** — екіжақты мәмілеге келтіріп, сауданы реттеуші адам.

Алғашқы уақытта бір еңбек өнімі екінші еңбек өніміне тікелей айырбасталды. Одан әрі өндіріс пен айырбастың дамуы нәтижесінде тауарлар арасынан бір тауарға **басымдық** берілді. Басқа тауарлар осы тауарға айырбасталды. Ол тауар әртүрлі тайпалар мен халықтар арасында ақша ретінде ішкері және сыртқары жерде сауда-саттықты реттеу үшін қолданылды. Ондай заттар ақшаның орнына жүрді. Мысалы, кейбір халықтарда (гректер, римдіктер, славяндар, моңғолдар, т.б.) ақшаның орнына

мал жүрді. Ертедегі **Русьте**, **Скандинавияда аң терісі**, **Қытайда шай**, **Абиссинияда тұз** ақшаның орнына қолданылды. Қазақстан жерінде ішкі сауда-саттық үшін **саулық** қой пайдаланылды.

Тауар өндірісі мен тауар айырбасының тарихи дамуы нәтижесінде ақша пайда болды. Саудада екіжақты мәміле жасалатын тауар түрі «ақша» деп аталды. Кейін тауар айырбасының, халықтар арасындағы қарым-қатынастың өзгеруі нәтижесінде ақшаның орнына түрлі металдар қолданыла бастады.

Алғаш рет Ақ ғұндар біздің заманымыздың I ғасырында бір беті пехвели, екінші бетіне эфталит (түркі-руни) жазуы бар теңгелер жасап, жаңаша сауда айналымына кіргізген. Қазақ елі (қазақ халқын құраған негізгі тайпалар) — баба түркілер **Ұлы Жібек жолының бойында** орналасқандықтан, ақша жасауды өте ерте қолға алған. Осылайша, VI-VIII ғасырларда билеуші рулардың таңбасы қашалған, ру рәмізі бейнелеген теңгелер құйылған. Қазақстан аумағында өмір сүрген тайпалардың қола теңгелері VI-VIII ғасырдың I жартысына дейінгі аралықта қолданылған. Мұндай теңгелерді Суяб, Тараз қалаларында арнайы шеберханаларда құйған.

«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясынан

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтін бойынша 7 сұрақ жаз. Сұрақта жаңа сөздер мен туынды үстеулерді қолдан.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Жазған сұрақтарың бойынша сөйлесіңдер.

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша жоспарды реттеп жаз.

- Ақшаның пайда болуы
- Ішкері және сыртқары жерде сауда-саттықты реттеу
- Алғашқы теңгелер және жаңаша сауда айналымы
- Екіжақты мәміле және делдалдық
- Ақша орнына жүрген заттар
- Сауда мен байлықтың пайда болу себептері
- Ақ ғұндардың теңгесі

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Оқылған мәтіндегі үстеу сөздерді тауып, сөйлем құрап жаз. Олардың жасалу жолын түсіндір.

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. Төменде берілген сөздерді пайдаланып, сауда тарихы жөнінде диалогті жалғастырып жаз. Диалогте туынды үстеулер болсын.

Керек сөздер: делдал, басымдық, екіжақты, мәміле, барлық.

— Адамзат тарихында сауда қашан басталғанын білесің бе?

— ... .

— Байлық пен сауданың арасында байланыс бар ма?

— ... .

— Ақша қашан пайда болған?

— ... .

— «Делдалдық» деген — не? Ол не үшін керек болды?

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

13-тапсырма. Әртүрлі дереккөздерден сауданың даму жолына қатысты материалдарды жинап, жұп болып тұсаукесер дайындаңдар. Тұсаукесерге тақырып қойыңдар.

ОЙТАРАЗЫ

14-тапсырма. Тақырыпты «INSERT» оқыту стратегиясы бойынша талда. Төмендегі белгілермен әр азатжолды не сөйлемді белгіле. Ойыңды қорытып жаз.

«V»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін	Менің ойлағаныма қайшы, кереғар	Мен үшін жаңа ақпарат	Келісе алмаймын

Есте сақта!

Қола дәуіріндегі түрлі мал, егін, қолөнер салаларының дамуы нәтижесінде қоғамда азық-түлік, зат көбейді. Осыған байланысты адамдар заттарын айырбастай бастады.

Саудаласқан кезде зат айырбастайтын адамдардың арасында делдалдар жүрді. Делдал — екі жақты мәмілеге келтіріп, сауданы реттеуші адам.

3–4-
сабақ

Ұлы Жібек жолы – сауда мәдениетінің өркендеу биігі

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
бедел, көпсалалы, қаржылай, толыққанды

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Ұлы Жібек жолы» деген сөзді естігенде ойыңа не келеді?
2. Ұлы Жібек жолының «сауда» ұғымымен қандай байланысы бар?
3. Ұлы Жібек жолы Қазақстанның қай қалаларын басып өтті?
4. Ұлы Жібек жолы ортағасырлық түркі тілдерінің дамуына қалай әсер етті?

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Суреттерге қараңдар. Бұл суреттердің «Ұлы Жібек жолы» тақырыбына қандай қатысы бар? Диалог құрыңдар.









ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып, «Ұлы Жібек жолы және сауда өркениеті» тақырыбында шағын мәтін құрап жаз. Мәтінде туынды үстеулерді қамты.

Қажетті сөздер: орта ғасыр, сауда өркениеті, беделді ел, көпсалалы сауда, қаржы айналымы, толыққанды қарым-қатынас, сауда-саттық, екіжақты мәміле, зат алмасу.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Жұмбақ өлең. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар. Мәтіндегі түсініксіз сөздердің мағынасын анықтаңдар. Интернеттен өлеңнің авторы мен жазылған уақытын анықтаңдар. Автор туралы тапқан ақпаратыңды айтып, ой бөлісіңдер.

Таңдаулы мыңға жуық түйе тізген,
Жүк артқан келе жатыр бай керуен.
Жүз жирен түйесіне дирхем артқан,
Тағы да қырық түйе динар артқан.
Мускус пен таңдаулы теңдері бар,
Қызықтырып сәндікпен жібектер сал.
Осыларды Шын мен Мысыр, Иран сатып,
Керуенге ерген отыз түйе алған артып.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді тыңда.

Аудиомәтін

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Аудиомәтінге қатысты сұрақтарға жауап бер.

1. Ұлы Жібек жолында қанша ғасыр бойы сауда жүрді?
2. Бұл жол неге «Ұлы Жібек жолы» деп аталды?
3. Ұлы Жібек жолы қандай аралықты қамтыды?
4. Бұл жолдың ұзындығы қанша шақырым болды?
5. Ұлы Жібек жолында қандай тауарлар сатылды?

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Аудиомәтіндегі негізгі ақпаратты тұжырымдап жаз.

ОҚЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтінді оқы.

Адамдардың тұрмысына қажет заттарға деген сұраныс сауда орындарының — базардың, жәрмеңкенің, сонымен қатар ел мен елді, қалалар мен халықтарды бір-біріне жалғаған сауда жолдарының пайда болуына себеп болды. Жолдар бір-біріне қосылып, батысқа, шығысқа, оңтүстікке, солтүстікке қарай көршілес жатқан жерлердің бірінен соң біріне жылжып, созыла берді. Осылайша, Еуропа мен Азияның арасындағы **толыққанды әрі беделді** сауда жолы — Ұлы Жібек жолы пайда болды. Бұл **көпсалалы сауда жолы** Чжан Цян саяхатының нәтижесінде б. з. д. II ғасырда ашылды. Қытайдан бастау алған сауда жолы Орта Азия арқылы бүкіл Еуропаға тарады. Аты айтып тұрғандай, керуен жолымен бүгінгі Қазақстан аймағына негізінен жібек маталар әкелінді. Сауда айналымы артып, керуен қатары өскен сайын жолдың бағыты да өзгере берді. Өте үлкен көлемде **қаржылай пайда тапқан** саудагерлер Қара теңіз арқылы батысқа бет алып, тауарын Еуропа халықтарына тасымалдады.

Кәрі құрлықтың халқына осы жолмен өркениет те келді. Ұлы Жібек жолымен бірге Еуропаға сауда тауарлары ғана жеткен жоқ, сондай-ақ Азия халықтарының мәдениеті де келді. Ұлы Жібек жолының бір тармағы — Мысыр мен Вавилон, Иранда өте қымбат бағаланатын, әдемі көк тас лазурит тасымалданған. Сондықтан ол «Лазурит жолы» деп аталды. Екінші тармағы — Қытайдағы императорлар мен ақсүйектердің сүйікті заты болған әшекейлер жасау үшін әдемі нефрит тасын тасымалдайтын «Нефрит жолы» болды. Ал үшінші «Бұлғын жолымен» қымбат бағалы терілер тасылды. Ғалымдардың анықтағанындай, бұл б. з. д. II ғасырда болған.

Жібекпен бірге шығыстан батысқа, батыстан шығысқа Рим, Франция, Византия, Русь, Иран, Араб халифатында, Ерте Түркі қағанаттарында, Қытай, Корей, Жапонияда өндірілген көптеген тауар ағылды. Мұндай экзотикалық тауарлардың тізімі өте үлкен. Олар: хош иісті заттар — жасмин (ақгүл, ақтамақгүл) суы мен амбра иісмайы, кардамон астатымы, мускат жаңғағы; женьшень, дәрі-дәрмек; кілем, көне бояулар мен минералды шикізаттар; алмас, яшма, кәріптас пен теңіз маржандары; морждың сүйегі мен азу тістері, алтын, күміс; қымбат терілер мен теңгелер; садақ-жебе, қылыш-найза және бұдан басқа заттар еді.

Ұлы Жібек жолы ежелгі Қазақстан жерімен де өткендіктен, түркі тілінің халықаралық тіл деңгейінде қолданылуына жол ашты.

Баспасөз беттерінен

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтінде қандай түсініксіз сөйлемдер бар? Сөздікпен жұмыс жасаңдар. Мәтіннің ішінен бір сөйлемді алып, морфологиялық талдау жасаңдар.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қойып, пікір бөлісіңдер.

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Төмендегі тақырыптарды мәтін мазмұны бойынша орналастыр.

Ұлы Жібек жолының бағыттары

Ұлы Жібек жолындағы негізгі тауарлар

Ұлы Жібек жолының үш тармағы

«Ұлы Жібек жолы» атауының пайда болуы

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. «Көне сауда жолы» тақырыбы бойынша кластер құр.

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. Төменде берілген тұжырымды өз ойыңмен ары қарай таратып жаз. Пікіріңді Махмұт Қашқаридің, Жүсіп Баласағұнның еңбектерінің жазылуымен байланыстыр.

Ұлы Жібек жолы ежелгі Қазақстан жерімен де өткендіктен, түркі тілінің халықаралық тіл деңгейінде қолданылуына жол ашты...

АЙТЫЛЫМ

14-тапсырма. Берілген тұжырымдардың дұрыс/бұрысын анықта.

	Тұжырым	дұрыс	дұрыс емес
1	Ұлы Жібек жолы Еуропадан басталады.		
2	Ұлы Жібек жолы ежелгі Қазақстан жерінен өткен.		
3	Жолдың бойында көптеген қала бой көтерді.		
4	Сауданың негізгі тауары алтын мен күміс болған.		
5	Ұлы Жібек жолы өз кезіндегі ең беделді, көпсалалы сауда жолы бола алмады.		
6	Саудагерлер онда қаржылай пайда тапты.		
7	Ұлы Жібек жолының бойында әр бағытта толыққанды сауда болды.		
8	Ұлы Жібек жолы Чжан Цянның саяхаты нәтижесінде б. з. б. II ғасырда ашылған.		

ЖАЗЫЛЫМ

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

15-тапсырма. Картаға қарап, Ұлы Жібек жолының қазақ жеріндегі қала мәдениетінің дамуына ықпалы туралы ойыңды жаз.



ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

16-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жазыңдар.

Бас бармақ — басты мәселе. Бүгін сабақта ең маңызды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұп болып қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім?

Ортан терек — ойлану. Бүгін қандай білік-дағды алдым?

Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы. Сабақта өзімді қалай сезіндім?

Есте сақта!

Европа мен Азияның арасындағы толыққанды әрі беделді сауда жолы — Ұлы Жібек жолы пайда болды. Бұл көпсалалы сауда жолы Чжан Цян саяхатының нәтижесінде б. з. д. II ғасырда ашылды. Қытайдан бастау алған сауда жолы Орта Азия арқылы бүкіл Европаға тарады. Аты айтып тұрғандай, керуен жолымен бүгінгі Қазақстан аймағына негізінен жібек маталар әкелінді. Өте үлкен көлемде қаржылай пайда тапқан саудагерлер Қара теңіз арқылы батысқа бет алып, тауарын Европа халықтарына тасымалдады.

5-6-
сабақ

Екіжақты келісімді сауда

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
тарап, әріптес, кіріс, бөгде

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Оқы. Түсінгеніңді айт. Сызбамен өрнекте.

1. Бюджет-салық (фискалдық) саясаты — мемлекеттің салық салу, мемлекеттік шығын арқылы экономикаға әсер етуі.

2. Ақша-несие (монетарлық) саясаты — мемлекеттің елдің ақша, несие және банк жүйелері арқылы экономикаға әсер етуі.

3. Табыс саясаты — мемлекеттің инфляцияны ұстап тұру мақсатында жалақы мен бағаларды тікелей бақылау арқылы экономикаға әсер етуі.

4. Сыртқы экономика саясаты — мемлекеттің халықаралық сауда қатынастарында ұлттық экономиканы өсіріп, тиімділігін арттыру, халықтың өмір сүру деңгейін жақсарту мақсатында таза экспортты реттеуі.

5. Сауда саясаты — тариф, квота және басқа да сыртқы экономикалық реттеу құралдары арқылы мемлекеттің экспорт пен импортты ынталандыруы не шектеуі.

«Макроэкономика» кітабынан

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Сауда жеке адамдардың немесе кәсіпкерлердің арасында ғана жүре ме?
2. «Екіжақты келісімді сауда», «әріптес», «тараптар», «кіріс» сөздерінің анықтамаларын көрсет:

- нақты бір істі шешуге бірдей жауапты әрі тең қатысушы;
- нақты бір істі орындау нәтижесінде табатын пайда;
- нақты бір істі шешуге мүдделі субъектілер;
- нақты бір істі бірге шешуде өзара тиімді қатынасты реттейтін заңды құқы бар құжат.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мерзімді қазақ басылымдарының бірінен Қазақстанның өзге мемлекеттермен халықаралық саудасы туралы ақпарат тауып, оқы. Оқыған ақпаратыңды қысқаша тұжырымдап жаз.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда.

Аудиомәтін

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Аудиомәтін бойынша сұраққа жауап бер.

1. Мәтінде не туралы айтылған?
2. «Билатеризм» деген — не?
3. Екіжақты келісімде «тараптар» деген — не?
4. Тараптардың мақсаты — не?
5. Билатеризмде не ескеріледі?

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Аудиомәтінге сүйеніп, билатеризмнің анықтамасын жаз. Оның сабақтың тақырыбымен сабақтастығын болжап, шағын мәтін құрап жаз. Онда *тараптар арасында, сауда ұйымы, келісімге негізделген, дәстүрлі байланыстар, құқық принциптері* **және т. б. сөздерді қолдан.**

ОҚЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқы.

Екіжақты келісімді сауда

Екіжақты келісімді сауда екі ел арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық, теңдік, **өзара тиімділік** принциптеріне негізделеді. Екі мемлекеттегі қолданылып жүрген заңдарды сақтайды. Сауда қатынасы **меншік нысанына қарамастан,** тараптардың шаруашылық жүргізуші субъектілерінің арасында шарт (контракт) жасау жолымен жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда өнім **номенклатурасы** мен көлемі жыл сайын шарт жасаушы органдардың арасында жеке хаттамада көрсетіледі.

Шарттардың орындалуына, өзара есеп айырысулардың уақытылы жүргізілуіне субъектілер жауап береді.

Шаруашылық жүргізуші әріптес-субъектілердің өнім үшін төлем-есеп айырысу, кредит қатынастары келісімді баға бойынша іске асырылады. Олардан түсетін **кірісті** әр тарап өзінше есептейді.

Тараптар шаруашылық субъектілері жіберетін жүктердің **тасымалы мен өткіні** екі тараптың нормативтік актілері мен бұрын қол қойылған келісімдерде белгіленеді. Екіжақты келісімге **бөгде** тарап қатыспайды.

Тараптар мемлекеттердің кәсіпорындары мен ұйымдарының арасындағы, мамандану, кооперациялану, технологиялық жағынан байланысты өндірістердің шаруашылық байланыстарын сақтауға ықпал етеді.

Тараптар жұмыс істеп тұрған, жаңадан құрылған бірлескен кәсіпорындар мен мемлекет мүлкін, бір республиканың басқа республиканың аумағындағы заңды ұйымдары мен азаматтарының мүлкін **құқықтық тұрғыдан қорғайды.**

Өзара келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдануға байланысты дау пайда болса, **халықаралық құқық тұрғысынан** нормалары ескеріліп, **келіссөз** арқылы шешіледі.

«Макроэкономика» кітабынан

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықтап, сөздік жаса. Мәтінде кездескен сөз таптарын кесте бойынша жаз. Әр сөз табы бойынша 3 сөзден болсын.

зат есім	сын есім	есімдік	етістік	үстеу	шылау

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша тезис жаз.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Билатеризм» екіжақты келісімде қандай рөл атқарады?
2. Екіжақты келісім қандай принциптерге негізделеді?
3. Келісімде меншік нысаны қандай рөлге ие болады?
4. Өнімдердің номенклатурасы мен көлемі қайда көрсетіледі?
5. Жүк тасымалы мен өткіні қайда белгіленеді?
6. Тараптар екіжақты саудада қандай көмек көрсете алады?
7. Тараптар нені қамтамасыз етеді?
8. Келісімге қатысты дау қалай шешіледі?

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Мәтін бойынша «Қосжазба» күнделігін толтыр.

Сөйлем	Сипаттама

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. «Аквариум». Рөлдік ойын. Мәтіннің мазмұнына сүйеніп, Сәкен мен Талғаттың сөзін ары қарай жалғастырып, диалог құрыңдар. Сынып ең үздік диалог иелерін анықтасын.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

13-тапсырма. Мәтінді оқы. Мазмұнын айт.

Тараптардың екіжақты келісуі бойынша келісімге өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді, тараптардың бірі оның күшін жою туралы басқа тарапқа кемінде үш ай бұрын жазбаша түрде хабарлауы керек.

Келісімдер тараптардың қалауы бойынша екі не үш тілде, екі данамен жасалады, барлық тілдегі мәтіннің күші бірдей болады.



АЙТЫЛЫМ

14-тапсырма. Ақпарат көздерінен мәлімет ала отырып, сұрақтарға жауап бер.

1. Келісімшарттар ресми түрде мемлекетаралық байланыстарда арнайы құжаттарды рәсімдеу жолымен шешіледі. Ал жеке адамдар арасындағы сауда мәселесі қалай шешіледі?
2. Жеке субъектілердің арасында туындаған дауды қалай шешуге болады?
3. Сауда мәдениеті мен адам құқының арасында қандай сабақтастық бар?

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

15-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Бүгін не үйрендіңдер?
2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

Есте сақта!

«Билатеризм» — латынның сөзі. Ол (bi... — екі + lateralis — бүйірлік); «екі тарапқа қатысты» дегенді білдіреді. Билатеризм — екі мемлекет арасында жасалған келісімдерге негізделген халықаралық сауда ұйымы.

Екіжақты келісімді сауда екі ел арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық, теңдік, өзара тиімділік принциптеріне негізделеді. Екіжақты келісімге бөгде тараптар қатыспайды. Кірісті әр тарап өзінше есептейді.

7–8-
сабақ

Сауда мәдениеті және тұтынушы құқығы

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
ақшалай, берешек, қожалық, өтемақы

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суретке қара. Сұраққа жауап бер.

тұтынушы ? дүкенші	
	**1.** Дүкенде дау туындады. Тұтынушының құқы бұзылды. Дүкенші оны мойындағысы келмейді. Сонда **кім** немесе **не** келтіруі мүмкін? 2. Өз басыңнан осындай жағдай өтті ме? Сен не істедің?

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мақал-мәтелді оқып, мағынасын таратып айт. Қайсысының бүгінгі сабақтың тақырыбына тікелей қатысы болуы мүмкін? Өз болжамыңды айт.

- Аңшы қақпанда қапқанын айтар,

Саудагер базарда тапқанын айтар.

- Әкім әділ болмаса,

Жұрт бұзылады.
Саудаң әділ болмаса,
Нарық бұзылады.

- Арзан менен қымбаттың

Базар берер нарқы бар.
Жақсы менен жаманның
Адам берер парқы бар.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Төмендегі үлгі бойынша әлеуметтік рөлдеріңді жалғастырып жаз. Қай кезде міндетің мен құқыңды білу қажет? Ойыңды айт.

Мен үйде баламын, немеремін, ағамын, інімін/қарындаспын; мектепте оқушымын, сыныптаспын; көшеде жүргіншімін; кітапханада ...; дүкенде — ...; театрда ...; ... .

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда.

Аудиомәтін

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Аудиомәтін бойынша конспект жаз. Онда төмендегідей сөз тіркестерін қамты: *философиялық категория, жалпыға міндетті, мүмкіндіктері мен әрекет еркіндігі, мінез-құлық ережелері, адамгершілік ұстанымдары.*

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Аудиомәтін бойынша бір-біріңе сұрақ қойып, диалог құрыңдар.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқы.

Сауда мәдениетін сақтау — басты талап

Жаһанданудың әсерімен дүкендерді алуан түрлі тауар жаулаған қазіргі таңда әрбір тұтынушы сауда мәдениетін, өз құқын білуі керек. Өйткені әр адам күнделікті тіршілігіне керек дүниені алу үшін сауда орындарына: әртүрлі дүкендерге, дүңгіршектерге, мини-, супер-, гипермаркеттерге, алуан түрлі сауда үйлеріне, базарларға барады. **Қалауы мен қалтасына** қарай сауда жасайды.

Үлкен қалаларда, облыс, аудан орталықтарында күзгі, қысқы мезгілдерде әр аптаның сенбі, жексенбі күндерінде «Ауылшаруашылық жәрмеңкесі» өтіп жатады. Онда еліміздің түкпір-түкпірінен келіп, кәсіпкерлер, **шаруа қожалықтары** ауылшаруашылық өнімдерін саудалайды. Мұндай жәрмеңкеден тұрғындар іздегенін табады, қалағанын алады. Жәрмеңкеде бәрі бар: сүт өнімдері, жұмыртқа, тары-талқан, балық, ет, тартылған ет. Ол жерде әр отбасының тұтынуына керек нәрселер арзан бағамен саудаланады. Әсіресе ұлттық тағамға деген сұранысты қанағаттандыруда жәрмеңкенің орны ерекше. Қала

және ауылдық округтегі шаруа қожалықтары мен ауылшаруашылық мекемелері өздері өндірген сапалы, ешқандай **қоспасыз табиғи өнімдерімен** республика жұртшылығын қамтамасыз етіп келеді. Сол үшін халық та алғысын айтады.

Осындай үлкен жерлерде сауда мәдениеті қалай сақталады? «Сауда мәдениеті тұтынушы мен сатушы, яғни алушы адам мен кәсіпкерге ғана қатысты» деп ойласаңыз, қателесесіз. Сауда мәдениеті — адамдар арасындағы алтын көпір іспетті. Сауда мәдениеті материалдық, рухани тұрғыдан тазалықты, ұқыптылықты, адалдықты қажет етеді. Ол үшін сауда қызметкері де, тұтынушы да өз құқын толық әрі сауатты меңгеруі тиіс.

«ҚР тұтынушы құқықтарын қорғау туралы заң» талаптарын екі жақ та біліп, сақтауы керек. Кейбір дүкендерде «тауар қайтарылмайды» деген жазу іліп қояды. Бұл заңсыз. Қандай сауда орны болса да, тұтынушыдан түскен арыз-шағымды қарауы тиіс. Олар «Тұтынушы талабы әрқашан дұрыс» принципін ұстануы қажет. Әрбір кәсіп иесі сауда мәдениетін неғұрлым биік ұстаса, еңбек өнімділігі де соғұрлым арта түспек. Бірақ бұл — «Тұтынушы бәріне де ерікті екен» деген сөз емес. Тұтынушы да сауда жасайтын адамдардың қызметте тұрғанын, олар да өз міндеттері мен құқықтарын қорғауға құқылы екенін есте сақтағаны абзал. Сауда қызметкерлеріне жөнсіз тиісу, ретсіз талап қою, **заңсыз ақшалай өтемақы** сұрау — ерсі қылық саналады, бұл — тұтынушының әдебі мен сауаты төмен екенін білдіреді. Сол сияқты тиісті жерінде өз құқын қорғай алмайтын **ынжықтық** та — тұлғаның, өз құқын білмейтінінің дәлелі. Сол себепті әр адам өзінің міндеті мен құқын білуі тиіс. Ол сауда жасаудағы **талғам мен талап шарттарын** әр кез естен шығармауы керек. Сонда **алашағы мен берешегі** заңды болмақ.

А. Бөгенбаева

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтінде айтылған мәселелерді тезис түрінде жаз. Қою қаріппен берілген сөздер мен сөз тіркестерін қолдан.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтін бойынша парталас досыңмен диалог құр.

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтін мазмұнына сүйеніп, тұтынушының талғамы мен талабын екі бағанға бөліп жаз.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Суреттерге қара. Олардың сауда мәдениеті мен тұтынушы құқына қатысы қандай? Екіжақты мәміледе неге мән беру керек? Өз пікіріңді айт.













ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Мәтінді оқып, тақырып қой.

Қазіргі таңда қай салада болмасын тұтынушы өз құқын білуі арқылы көптеген келеңсіз жайтта жеңіп шығады. Күн сайын халыққа қызмет көрсету орталықтарында (дүкен, базар, шаштараз, өндіріс және т.б.) тұтынушының құқы бұзылып жатады. Соның ішінде көп кездесетіні — азық-түліктің сапасыздығы. **Тұтынушы қандай тауар сатып алса да, сатушыдан кассалық түбіртекті талап етуге құқылы.** Себебі сатып алған

тауар сапасыз болып шықса, түбіртек болмаған жағдайда тұтынушы дәл сол жерде сауда жасағанын ешкімге дәлелдей алмайды. Сондай-ақ 14 күннің ішінде азық-түліктен өзге заттар тұтынушының талабын қанағаттандырмаса не қажеттілігі болмаса, оны ауыстыруға толық құқығы бар. **Егер тауар ауыстырудың қажеті болмаса, төлеген ақшаны қайтарып алуға құқылы.** Кез келген сауда орнынан «Тауарды қайтаруға не ауыстыруға болмайды» деген жазуды көруге болады. Алайда бұл хабарламалардың заңсыз екенін тұтынушы біле бермейді. Тауардың арзан базарда не қымбат дүкенде сатылғанына қарамастан, сіздің құқықызды қорғайтын «Тұтынушылар құқын қорғау туралы заң» барын естен шығармағаныңыз жөн.

«Адам және заң» кітабынан

АЙТЫЛЫМ

13-тапсырма. Мәтіннің формасы, жанры, көзделген аудиториясы, стилін анықта. Пікіріңді дәлелде.

ОЙТАРАЗЫ

14-тапсырма. Тақырып бойынша ұсынылған оқу мәтіндерін «INSERT» оқыту стратегиясы бойынша талда. Төмендегі белгілермен әр азатжолды немесе сөйлемдерді белгіле. Өз ойыңды қорытып жаз.

«V»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін.	Менің ойлағаныма қайшы, кереғар.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Келісе алмаймын, білгім келеді.

ЖАЗЫЛЫМ

15-тапсырма. Қою қаріппен жазылған сөйлемдерге морфологиялық және синтаксистік талдау жаса.

Есте сақта!

Сауда қызметкерлеріне жөнсіз тиісу, ретсіз талап қою, заңсыз ақшалай өтемақы сұрау — ерсі қылық саналады, бұл — тұтынушының әдебі мен сауатының төмен екенін білдіреді. Сол сияқты тиісті жерінде өз құқын қорғай алмайтын ынжықтық та — тұлғаның өз құқығын білмейтінінің дәлелі. Сол себепті әр адам өзінің міндеті мен құқын білуі тиіс. Ол сауда жасаудағы талғам мен талап шарттарын әр кез естен шығармағаны абзал. Сонда алашағы мен берешегі заңды болмақ.

9–10-сабақ

Ыбырай Алтынсарин «Дүние қалай етсең, табылады?»

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
әлі, үшін, көмек

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттерге қара. Сұраққа жауап бер.



Ыбырай Алтынсарин



Николай Иванович Ильминский

1. Ыбырай Алтынсарин — кім?
2. Оның қандай шығармаларын білесің?
3. Неге Ы. Алтынсаринді «Қазақ балалар әдебиетінің атасы» деп атайды?
4. Н. И. Ильминский — кім?
5. Ы. Алтынсарин мен Н. И. Ильминскийдің арасында қандай байланыс болуы мүмкін?

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Ыбырайдың Н. Ильминскийге жазған хатын оқы. Хаттың авторына қандай мінездеме беруге болады? Өз пікіріңді айт.

«Осы жылы қаңтардың 8 күні менің көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды. Оған 14 қазақ баласы кірді. Бәрі де — жақсы, есті балалар. Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай кірістім. Бұл балалар да небәрі үш айдың ішінде оқи білетін және орысша, татарша жаза білетін болды. Кейін парақор болмауы үшін оларға адамгершілік жағынан әсер етуге де бар күшімді салып отырмын. Мен бос уақыттарда оларға дін тарихынан білгенімді айтамын. Оған басқа да пайдалы, түсінікті әңгімелерді де қосып айтамын. Менің үнемі ұмтылған тілегім — оларды қалай да пайдалы адам етіп шығаруға көмек беру еді. Ал қазір осыған қолым жетіп отырғанын ойласам, көңілім толық жұбаныш табады».

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Рөлдік ойын. Алдымен, хаттың мазмұнына сүйеніп, 4 сұраулы сөйлем жаз. Одан соң парталас досыңмен Ы. Алтынсарин мен Н. Ильминскийдің диалогін құр.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда.

Аудиомәтін

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Аудиомәтіннің мазмұны бойынша төмендегі сөз тіркестерін екі топқа бөліп жаз: *ағартушылық-педагогтік қызмет, арман еткен, оқу құралы, ауылды аралау, жиналған қаражат, ынтасын арттыру үшін, балаларға арналған, мектеп салғызу, балалар әдебиеті, өз үйінде.*

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Аудиомәтін бойынша түсінгеніңді айт.

ОҚЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқы.

Француз жұртының бір білімді адамы былай деп жазады:

«1791 жылы өзім «университет» деген үлкен школда оқып жүрген жігіт едім. Апта сайын **Версаль қаласындағы** шешеме жаяу барып-қайтып тұратынмын. Сонда әрдайым жолымда «Антон» деген **тіленші** қайыр сұрап отырушы еді.

Бір күні тағы сол жолмен келе жатып, орта бойлы арықтау кісімен жолықтым. Екеуіміз бір-ге келе жатқанда Антон алдымыздан шығып, қайыр сұрады. Қасымдағы кісі тоқтап, Антонның бетіне қарап тұрды да:

— Сен қарауға **есті кісі** секілді көрінесің, жұмыс істеуге **қуатың** да бар. Сөйте тұрып, мұндай жаман іспен өзіңді кемшілікке салып жүрсің. Бай болғың келсе, мен саған **ақыл айтайын**: мен өзім де сендей кедей едім, бірақ тіленші болған жоқпын. Елден, қала-қаладан қыдырып жүріп, әуелі қоқыстан не болмаса жай кісілерден **ескі шүберек** сұрап, жиып жүрдім. Ол шүберектерді қағаз істейтін фабрикаларға апарып, саттым. Сөйтіп, біраз ақша болған соң бір есек, бір арба алдым. Мұнан соң әуелі аздап, бара-бара көбірек, әр үйден ескі-құсқы, **тұтынуға жарамайтын** шүберектерді сатып алып, арбамен жүріп сауда ете бастадым. Осындай іспен жеті жылда он мың франк ақша таптым. Содан кейін қағаз фабрикасына кірістім. Жасым жас, **ісіме нық, жинақты,** еріншектікті білмедім. Осы күнде екі үлкен тас үйім бар. Фабрикамды балама бердім. «Балам да аштық көре қалмас» деген үмітім бар. Себебі — баламды жасынан бос жүруге, еріншектікке, **қиналмай мал табуға** үйретпедім. Осы айтқанымды тыңдап, еңбектен қашпасаң, сен де бай боласың, — деді де жөніне жүріп кетті.

Антон бұл сөздерді есіткен соң терең ойға қалып, **қайыр сұрауын** да ұмытып, тұрып қалды.

1815 жылда «Брюссель» деген қаладан өтіп бара жатып, бір кітап сататын үлкен дүкенге кірдім. Дүкеннің ішінде бірнеше приказчикке: «Олай ет! Бұлай ет! — деп бұйырып тұрған бір купецтің кескіні көңіліме таныс көрінді. Сөйтіп тұрғанымда әлгі кісі мені көріп, бетіме қарап тұрды-тұрды да қасыма келіп:

— Айып етпесеңіз, сұрайын. Мұнан **жиырма бес жыл** бұрын сіз оқу оқып жүріп, жұма сайын Версальдегі үйіңізге барып жүруші ме едіңіз? — деді.

Сонда ойыма түсіп, таңғалып:

— Сен Антонбысың? — дедім.

— Ра-ас, — деді Антон, — Мен сондағы көрген тіленші Антоныңызбын. Бір күні қасыңызда бірге жолыққан кісінің айтқандары көңіліме қонды. Тіленшілікті тастап, жұмысқа кірістім. Ісіме нық, малыма күтімді болдым. Ақырында, сол кісінің айтқаны келіп, мінекей, осы зор дүкеннің иесі болдым, — деді.

Ы. Алтынсарин

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтіннен жаңа сөздерді тауып, қандай сөзбен тіркесіп тұрғанын анықта. Тағы қандай сөздермен тіркеседі? Жаз.

№	Мәтіндегі жаңа сөз	Мәтіндегі сөзбен тіркесі	Басқа сөзбен тіркесі
1	тіленші	тіленші қайыр сұрайды	көшеде қайыр сұрайды.
2	ескі	ескі шүберек	... ...

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Төмендегі сөздерді қатыстырып, мәтіннің мазмұнына қатысты 5 сұрақ құрап айт.

Үлгі: *Студенттің серігі Антонға не үшін кеңес берді?*

Үшін, көмек, әлі, бөгде, берешек, толыққанды, кеңес.

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтіннің мазмұнына сүйеніп, Антонның атынан өзіне көмектескен адамға шағын хат жаз. Онда мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздер мен сөз тіркестерін қолдан.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. «Балық қаңқасы» диаграммасын толтыр. Жазғандарыңды өзара алмасып, пікір бөлісіңдер:

1. Балықтың басына әңгіменің мақсатын;
2. Үстіңгі қаңқасына әңгіменің идеясын;
3. Астыңғы қаңқасына кейіпкерлердің мінездемесін;
4. Құйрығына қорытындыны жаз.



МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Топтық жұмыс. Ақылдасып, бай болудың бес шартын жазыңдар. Өзара пікірлесіңдер.

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. Бай болудың пайдасы мен зияны туралы ойларыңды диаграмма түрінде жазыңдар.

АЙТЫЛЫМ

ОЙТАРАЗЫ

14-тапсырма. Топтық жұмыс. Қарама-қарсы идеялармен танысып, пікірталас ұйымдастырыңдар. Әр топ өз идеясының артықшылығын, қарсы топтың идеясының кемшілігін айтсын.

Бірінші пікір	Мүмкін	Екінші пікір
Байлыққа қол жеткізу үшін беделді адамның көмегі керек.	Ойламаған жерден байып кетуің мүмкін.	Байлыққа қол жеткізу үшін беделді адамның көмегі керек емес.
Себебі ...	Себебі ...	Себебі ...

Есте сақта!

Мен өзім де сендей кедей едім, бірақ тіленші болған жоқпын. Елден, қала-қаладан қыдырып жүріп, әуелі қоқыстан не болмаса жай кісілерден ескі шүберек сұрап, жиып жүрдім. Ол шүберектерді қағаз істейтін фабрикаларға апарып, саттым. Мұнан соң әуелі аздап, бара-бара көбірек, әр үйден ескі-құсқы, тұтынуға жарамайтын шүберектерді сатып алып, арбамен жүріп сауда ете бастадым. Осындай іспен жеті жылда он мың франк ақша таптым. Содан кейін қағаз фабрикасына кірістім. Жасым жас, ісіме нық, жинақты, еріншектікті білмедім. Мен өзім үшін жұмыс істедім. Әйтпесе әлі кедей болып қалар едім. Маған ешкім көмек берген жоқ.

11–12-сабақ

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Төмендегі мақал-мәтелді оқыңдар. Оларды кірістіріп, «Екіжақты келісім: саудагер мен тұтынушы мәдениеті» тақырыбында шағын диалог құрыңдар.

• Алаған қолым береген.

• Аласыға алтау аз,

Бересіге бесеу көп.

• Алғаннан алашағың артпайды,

Бергеннен берешегің ортаймайды.

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. «Тұтынушы құқын білсем...» тақырыбында эссе жаз. Эсседе тақырып бойынша игерген жаңа сөздерді орынды қолдан.

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Сұраққа жауап бер. Өзіңді өзің бағала!

Сұрақ	Білімді игеру сатылары	Символдық белгілер
«Тұтынушы құқы» деген — не?	білу	
«Тұтынушы» деген — кім?	түсіну	
Тұтынушы құқын қалай қорғай алады?	талдау	

Тұтынушы ретінде өз құқын білу неге маңызды?	жинақтау	
Тұтынушы — нарықтың патшасы ма, құрбаны ма?	қолдану	
Қай тұтынушы өз құқын біледі?	бағалау	

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Рөлдік ойын. Сынып төрт топқа бөлінсін. Әр топ берілген жағдаят бойынша шағын көрініс дайындасын.

Жағдаят: Дүкеннен сатып алған айранды үйге әкеп, аштың. Пайдалану мерзімі әлдеқашан өтіп кеткен айран әлі ішуге жарамды. Не істейсің? Отбасындағы және дүкендегі жағдайды рөлдік ойын түрінде көрсетіңдер.

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Құрамында туынды үстеулер бар жеті сөйлемнен тұратын мәтін құрап жаз. Мәтін тарау тақырыбымен байланысты болсын. Онда тақырып бойынша алған біліміңе сүйеніп, өз ойыңды тұжырымдап жеткіз.

ОЙТАРАЗЫ

6-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, сұраққа жазбаша жауап беріңдер.

1. «Сауда мен көмек: екіжақты келісімді сауда. «Сауда мәдениеті және тұтынушы құқы» тақырыбы бойынша не үйрендіңдер?
2. Тақырып несімен құнды болды?
3. Бір-біріңнің білімдеріңді бағалаңдар.
4. Тақырып бойынша тағы не білгілерің келеді?

7-тапсырма. Тақырып бойынша ұсынылған оқу мәтіндерін «INSERT» оқыту стратегиясы бойынша талда. Төмендегі белгілермен әр азатжолды немесе сөйлемдерді белгіле. Өз ойыңды қорытып жаз.

«V»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін.	Менің ойлағаныма қайшы, кереғар.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Келісе алмаймын, білгім келеді.

8

1–2-сабақ

Радиоарналарды тыңдаймын

ОҚУШЫ, БҰЛ МОДУЛЬДЕ СЕН:

- мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды қысқаша түртіп жаза білу;
- әртүрлі дереккөздерден алынған мысалдарды салыстырып, өз ойыңды айту;
- мәтіндегі негізгі идеяны анықтау;
- әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдау;
- кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау;
- мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жаза білу **дағдыларыңды жетілдіресің.**

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
сымсыз телеграф, хабарлама, бұқаралық ақпарат құралдары, хабар, байыпты, шамамен

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Радио туралы не білесің?
2. Сен радио тыңдайсың ба?
3. Сенің ойыңша, қазіргі кезде радио қажет пе? Не себепті?
4. Үйде не болмаса көлікте радионың қосылып тұрғанын ұнатасың ба?
5. «Заманауи бұқаралық ақпарат құралдары» дегенді қалай түсінесің?
6. Қандай радиоарналарды білесің?

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Өз өлкеңдегі радиоарналар туралы мәлімет пен суреттерді пайдаланып, мәтін құра.

ҚАЗАҚ РАДИОСЫ

Шалқар ұлттық радиосы

РУССКОЕ РАДИО АЗИЯ

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Ахмет Байтұрсынұлының «Газет — халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген нақыл сөзін тақырып ретінде алып, ойбөліс өткіз.

Ойбөліске қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- регламент сақтау;
- сөз әдебін сақтау;
- тіл сауаттылығы;
- қанатты сөздерді қолдану;
- өзіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі жеткізу.

ТІЛДІК БАҒДАР

Сөздердің байланысу тәсілдері

Сөйлемде сөздер бір-бірімен грамматикалық байланыста қолданылады, сөйтіп барып белгілі бір ойды білдіре алады. Бірақ кез келген қатар тұрған сөздер бір-бірімен байланыса бермейді. Сөздер сөйлемде белгілі бір тәсілдермен байланысады. Сондықтан сөздердің байланысу тәсілдері сөз тіркесіне негіз болады. Сөздер байланысу тәсілі арқылы сөз тіркесін құрайды. Сөйлем мүшелері сөйлемдегі сөздердің байланысы арқылы анықталады. Сөйлем мүшесін анықтайтын сұрақтар сол сөздің байланысына қарай қойылады. Мысалы, «Мен күнде радио тыңдаймын» деген сөйлемде «мен тыңдаймын», «радио тыңдаймын», «күнде тыңдаймын» деген сөз тіркестері бар. Бұл тіркестер сөздердің байланысу тәсілдері арқылы жасалып тұр.

Қазақ тілінде сөйлемдегі сөздер төрт түрлі тәсіл арқылы байланысады:

Сөз тіркестерінің байланысу тәсілі	мысал
жалғаулар арқылы	радионың дамуы
шылаулар арқылы	тыңдарман үшін қолайлы
сөздердің орын тәртібі арқылы	аса жедел
интонация арқылы	кеше келді

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тақырып қой. Мәтіндегі негізгі идеяны анықта.

Аудиомәтін

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтіндегі жаңа сөздерді жаз. Оларды пайдаланып, сөз тіркесін құра.

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Радионың басқа ақпарат құралдарынан артықшылығы қандай?
2. Радионы кім ойлап тапты?
3. Радио қай жылдан бастап қолданылады?
4. Сымсыз телеграф құралына радио ғана жата ма?
5. Радионың ерекшеліктері қандай?

ОҚЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқы. Мағыналық бөліктерге бөл. Әр ойбөлігіне тақырып қой.

Радио — өнер. Радио — шартараптан ең жедел хабар жеткізетін арна. Радио — бизнес көзі. Радио — мектеп. Радио — тарих, өмірдің өшпес шежірешісі. Радио — өмірдің қиын сұрақтарына байыпты жауап беретін кеңесші, көмекші. Радио — ұмыр, мыңдаған адамның тағдырына ықпал ететін күш-қуат. Радио — көңіл күй барометрі, өмірге құштарлық дәнін шашатын бастау бұлақ.

Радиотілші төтенше жағдайлар болсын, спорт жарыстары болсын, ақпаратын жеткізу мақсатында орталық студия арқылы байланысқа қосылып, тікелей эфирде жұмыс істей алады. Қазіргі заманғы байланыс технологиясы радио ақпарат таратуды аз шығынмен тікелей эфирде жүзеге асыруға мүмкіндік туғызды. Яғни, ақпаратты тұтынушысына жеткізу жеделдігі жағынан телевизия да, интернет те радиоға жете алмайды. Радио — ең жедел, икемді әрі аз шығынмен жұмыс істейтін бұқаралық құрал.

Радио тыңдарман үшін аса қолайлы. Радионы тыңдау үшін арнайы уақыт бөлу, күш жұмсаудың қажеті жоқ. Бәсекелестік жағдайында радиостансылар көбейіп келеді. Сондықтан соңғы жылдары радиоарналар тыңдармандардың сұранысына қарай хабар таратады. Бір радио жедел ақпарат пен музыканы берсе, екіншісі ескі әуендерді ұсынады. Үшіншісі белгілі бір музыкалық бағыттағы (попса, рок, джаз, т.б.) шығармаларды береді. Төртіншісі жасөспірімдер үшін хабар таратады, соған орай сөйлеу стилі мен әдісін де сақтайды.

Радионың үшінші бір қасиеті — тыңдарманына психологиялық әсері, эмоционалдығы. Адамның есту қабілетіне құрылған радио тыңдарманның қиялы мен сезіміне де өзгеше әсер етеді.

Н. Омашев

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Қазақстандағы радиоарналар туралы мәлімет жина. Көршіңмен осы тақырып төңірегінде әңгімелес.

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтіннен жалғау, орын тәртібі тәсілі арқылы байланысқан сөз тіркестерін тап. Осы сөз тіркестерін пайдаланып, сөйлем құра.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтінді оқып, алған ақпараттарың бойынша кестені толтыр. Ойыңды дәлелдеп айт.

Мен білетін ақпарат (V)	Мен үшін жаңа ақпарат (+)	Білгім келетін ақпарат (?)

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Мәтіндегі күрделі сөздерді теріп жаз. Жасалу жолын түсіндір.

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Жағдаят: інің болашақта радио дикторы болғысы келетінін айтып, сенен мәлімет сұрады. Ініңе «Қазақ радиосының» дикторлары туралы айтып бер. Түрлі ақпарат көздерін пайдалан.

АЙТЫЛЫМ

13-тапсырма. Төмендегі сөздер мәтіндегі қай сөздермен тіркеседі? Мәтіннен тап. Қандай тәсіл арқылы байланысып тұрғанын айт.

Үлгі: бизнес көзі — жалғау арқылы байланысқан (бизнестің көзі)

Сұрақ, құштарлық, жарыс, студия, технология, тарату, асыру, туғызу, құрал, көп, сұраныс, сөйлеу.

АЙТЫЛЫМ

14-тапсырма. Көршің екеуің бүгін радиодан тыңдаған ақпарат төңірегінде сұхбат құрыңдар.

АЙТЫЛЫМ

15-тапсырма. Жағдаят: шетелден досың келді. Ол сенен «Қазақ радиосы» туралы сұрады. Не істейсің? Оған қандай ақпарат бересің?



ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

16-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап бер.

1. Бүгін не үйрендің?
2. Сабақ бойынша қандай сұрағың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?
4. Сабақтағы материалдардан өзіңе қандай ой түйдің?

Есте сақта!

Мен радио тыңдағанды жақсы көремін.
«Қазақ радиосы» 9 тілде хабар таратады.
Менің диктор болғым келеді.

3–4-сабақ

Қазақтың тұңғыш журналист қыздары

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
зорлық-зомбылық, теңдік, бүкпесіз жеткізу, мерзімді басылым, жеткілікті, тән

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Сенің сүйікті газетің қандай?
2. Отбасың қандай мерзімді басылымға жазылады?
3. Газет бетіне мақала, әңгіме, ертегі жазасың ба?
4. Газет-журналда істейтін адамды кім деп атайды?
5. Сенің ойыңша, республикамыздағы ең танымал газет қайсысы?
6. Өзің тұратын өңірде қандай жергілікті газет-журнал басылып шығады? Оқып тұрасың ба?

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Суретке қара. Онда не бейнеленген? Бұқаралық ақпарат құралдарында қайсысы аса маңызды? Ойыңды жаз.



Аудиомәтін

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтіндерді тыңда. Екі мәтіндегі ойды салыстыр. Мәтіндерге тақырып қой.

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңдай отырып, жаңа сөздерді жаз. Негізгі идеяларды қысқаша түртіп ал. Оларды таратып айт.

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінде айтылған *«Бәсекелестік күшейді, таңдау мүмкіндігі пайда болды, әртүрлі бағыт-бағдардағы, стильдегі радиостансылар көбейді»* **деген пікірді әртүрлі дереккөздерден ақпарат жинап, аргументтер арқылы дәлелде.**

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтіннен *қабылдау, ерекше, шығатын, басылады, артты, күшейді* **сөздерімен келетін сөз тіркестерін жаз. Олардың байланыстың қай түріне жататынын айт. Оларды пайдаланып, сөйлем құра.**

ОҚЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой.

«Айқап» журналында қазақтың тұңғыш журналист қыздары жұмыс істеген. Сақыпжамал Тілеубайқызы, Мәриям Сейдалина, Күләйім Өтегенқызы – қазақ қыздарының арасынан шыққан алғашқы журналистер.

Мәриям Сейдалина (1891-1916) бала кезінен өлең шығарған. «Айқап» журналында ұлт жоғын жоқтаған мақалаларымен қатар «Зарлау», «Көздер», «Тұр, қазақ!» секілді жырлары жарияланған. 1916 жылы күйеуі — Сейілбек Жанайдаровпен бірге Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, қаза тапқан. Ол Невель қаласында жерленген.

Сақыпжамал Тілеубайқызы «Айқап» журналына озбырлықты, зорлық-зомбылықты айыптаған мақалаларын жариялаған. Ол еркіндік, әйел бостандығы, өнер-білім секілді мәселелерді қозғаған. «Айқап» журналында «Қазақ қыздарының аталарына», «Мұңдастарыма бір-екі сөз», «Ұзақ күткен үмітім һәм бас адамдарға бір-екі сөз» секілді мақалалары жарияланған. Журналист қазақ қыздарының қалыңмалға сатылып, сүймеген адамына еріксіз ұзатылатынын жазған.

Күләйім Өтегенқызы «Айқап» журналына көркем-публицистикалық мақалаларын жариялаған. Ол да өлең жазған. «Қазақ қыздарына» деген өлеңі «Айқапқа» жарияланғаннан кейін сол кездің қыз-келіншектері бостандықтарын бағалауға, білім алуға ұмтыла бастаған.

Халықаралық ақпараттық «Қазинформ» агенттігі сайтынан

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. «ПОПС» формуласын қолданып, мәтіндегі ақпарат бойынша өз пікіріңді дәлелде.

Бірінші сөйлем. *«Менің ойымша ...».*

Екінші сөйлем. *«Себебі, мен оны «...» деп түсіндіремін».*

Үшінші сөйлем. *«Оны мен «...» деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын».*

Соңғы сөйлем. *«Осыған байланысты мен «...» деген шешімге келдім».*

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтінді мағыналық бөлікке бөліп, әр бөлігіне ат қой. Әр бөлік бойынша үш сұрақтан дайында.



АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтіндегі үш сөйлемге үш түрлі нұсқада сұрақ қой. Дайындаған сұрақтарыңа көршіңнен жауап ал.

Үлгі: *Сақыпжамал Тілеубайқызы «Айқап» журналына озбырлықты, зорлық-зомбылықты айыптаған мақалаларын жариялаған.*

- Сақыпжамал Тілеубайқызының мақалалары қай журналда жарияланған?
- Сақыпжамал Тілеубайқызы «Айқап» журналындағы мақалаларында қандай мәселелерді айтқан?
- «Айқап» журналында зорлық-зомбылық туралы кімнің мақаласы жарияланған?

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Мәтіннен 5 сөз тіркесін тауып, үлгі бойынша талдап жаз.

Үлгі: қазақ қыздары – есімді сөз тіркесі, себебі «қыздары» деген басыңқы сыңары зат есімнен; жалғау арқылы байланысқан, себебі бағыныңқы сыңарға «-ның» ілік септік қосымшасы жалғанған, бұл жерде түсіп қалған, оны «қыздары» сөзінің тәуелдік формада келуінен байқаймыз; байланыс түрі — матасу, себебі ілік септігі мен тәуелдік жалғауының 3-жағы арқылы байланысқан.

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. Берілген сөз тіркестері қандай байланысу тәсілі арқылы жасалған? Сәйкестендір.

тұңғыш журналист	
қазақ қыздары	орын тәртібі
өлең шығарған	
жырлары жарияланған	жалғау арқылы
зорлық-зомбылықты айыптаған	
өлең жазған	интонация арқылы
білім алуға ұмтылған	
қалыңмалға сатылған	шылау арқылы

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты бүгінгі өмірмен байланыстырып, қазіргі кездегі журналист қыздар туралы мәтін құра.

АЙТЫЛЫМ

14-тапсырма. Ойкөкпар: «Баспасөз — өмір айнасы» тақырыбында пікірталас өткізіңдер. Екі топқа бөлініңдер. Бірінші топ осы пікірдің жақтаушысы, екінші топ даттаушысы болсын. Әр топ дебат шарттары бойынша өз ойын дәлелдесін. Арнайы құрылған сарапшылар олардың пікірін талдасын. Сөйтіп, жеңімпаз топ анықталсын.

АЙТЫЛЫМ

15-тапсырма. Рөлдік ойын. «Сұхбат». Оқушы мен газет тілшісінің арасындағы шағын сұхбатты құрыңдар. Оқушы болашақта журналист болғысы келетінін айтады, сұрақтар қояды. Газет тілшісі оның қойған сұрақтарына жауап беріп, оның не себепті бұл мамандықты қалағаны жөнінде сұрайды.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

16-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

Бас бармақ — басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім? Кім маған көмектесті?

Ортан терек — ойлану. Бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы. Өзімді сабақта қалай сезіндім?

Есте сақта!

Мерзімді басылымдар бұқаралық ақпарат құралдарына жататынын білдім. Қазақтың тұңғыш журналист қыздары туралы ақпаратпен таныстым.

5–6-сабақ

Отбасы және гендерлік саясат

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
бала күтімі, жәрдемақы, үлес, әлеует, жетілдіру

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Әйелдер мен ер адамдар арасындағы теңдік» дегенді қалай түсінесің?
2. Қазақстандағы қандай атақты іскер әйелдерді білесің?
3. Әйел адамдар көбінесе қай салада жұмыс істейді? Не себепті?
4. Сен тұратын аймақта қандай танымал әйел адамдар бар?

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Сөйлемдерді сөз тіркестеріне бөл.

1. Аймақтағы 50-ге тарта үкіметтік емес ұйымды әйелдер басқарады. 2. Республикадағы 25 мыңдай үкіметтік емес ұйымда 250 әйел отбасы және балалар мәселелерімен айналысады. 3. Отбасы және гендерлік саясат бойынша оқулықтар мен оқу құралдарын шығару мәселесі қаралады. 4. Гендерлік теория отыз жыл бұрын әлеуметтік ғылымда пайда болған. 5. Қазақ тілінде қыздар туралы мақал-мәтел жеткілікті. 6. Жыл сайын «Мерейлі отбасы» ұлттық сайысы өткізіледі.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

Аудиомәтін

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Мемлекеттік жәрдемақы кімге, не үшін төленеді?
2. Сайланбалы билік органдарында әйелдердің саны көп пе?
3. Қазақстанда әйелдер қай салада қызмет етеді?
4. Шағын және орта бизнестің неше пайызын әйелдер басқарады?

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтіндегі жаңа сөздер мен сан есімдерді жаз.

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді тыңда. Негізгі ақпаратты диаграмма түрінде көрсет.



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. adilet.zan.kz сайтынан «Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат» тұжырымдамасының орыс тіліндегі нұсқасын оқы. Мәтінде айтылмаған мәселелер туралы айтып бер.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқы. Мағыналық бөліктерге бөл. Әр ойбөлігіне тақырып қой.

Қазақстанда **гендерлік саясат** жақсы жүзеге асып келеді. Әйелдерге өздерінің кәсіби және шығармашылық **әлеуеттерін дамытуға** толық **мүмкіндік берілген.**

Мемлекеттік қызметтегі қызметкерлердің **басым бөлігін**, жартысынан астамын әйелдер құрайды. Денсаулық сақтау саласында **олардың үлесі** 75 пайызға, білім беру саласында 65 пайызға жеткен. Бизнестегі басшылардың 40 пайызы да — әйелдер. **Ұлттық экономика** министрлігі Статистика комитетінің мәліметіне қарағанда, **бүгінгі таңда** елімізде әйел адамдар басқаратын, жұмыс істейтін 640,5 мың шағын және орта бизнес субъектісі тіркелген. Олардың 542,9 мыңы — жеке кәсіпкерлер. Сонымен қатар **әйелдер басқаратын** шағын және орта бизнес субъектілер 41,5 пайызды құрап отыр.

«Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры» әйел кәсіпкерлерді **шағын несиемен** қолдау бағдарламасын жүзеге асырып келеді. «Даму» қоры арқылы 124 мыңнан астам адам **білімін жетілдірен**, оның 43 пайызы — әйелдер.

Қ. Мәметқазыұлынан

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтіннен өзің маңызды санайтын сөйлемдерді теріп жазып, себебін түсіндір.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құр, тірек сөздерді анықта. Жоспарда жаңа сөздердің болуын ескер. Жоспар бойынша мәтіннің мазмұнын айт.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөз тіркестерінің қандай байланысу тәсілі арқылы жасалғанын айт.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Сен тұратын ауылда/қалада өз еңбегімен танылған әйел адамдар бар ма? Олар туралы ақпарат жинап, тұсаукесер дайында.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. Мақал-мәтелді мағынасына қарай екі топқа бөліп жаз.

- Жалғыз ағаш үй болмас, жалғыз жігіт би болмас.
- Қарындасқа бұрмағанның қары сынсын.
- Інісі бардың тынысы бар, ағасы бардың жағасы бар.
- Ата — баланың қорғаны.
- Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада.
- Қызға қырық үйден тыю.
- Жігітке жетпіс өнер де аз.

Әйел адамдар, қыздар туралы мақал-мәтел	Ер адамдар, жігіттер туралы мақал-мәтел

АЙТЫЛЫМ

13-тапсырма. Топқа бөлініңдер. Әр топ «Кәсіпкер әйел», «Саясаткер әйел», «Ғалым әйел», «Тележүргізуші әйел» тақырыптары бойынша ақпарат жинасын. Таныстырылым дайындап, қорғаңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

14-тапсырма. Мәтіннен сөз тіркестерін теріп жазып, семантикалық картаны толтыр.

Мысалдар	жалғау арқылы	шылау арқылы	интонация арқылы	орын тәртібі арқылы
Шығармашылық әлеует				+

ЖАЗЫЛЫМ

15-тапсырма. «Менің сүйікті тележүргізушім» тақырыбында эссе жаз.

Эссеге қойылатын талаптар:

- нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімнен тұруы шарт;
- тақырыптан ауытқымаған дұрыс;
- тезистерді ұтымды дәлелдермен растау қажет;
- өмірмен байланыс болуы тиіс;
- өзіндік тың пікірлер келтіру керек;
- баяндау стилі нақты болуы шарт;
- көркемдеуіш құралдарды ұтымды қолдану қажет;
- көлемі — 80-100 сөз.

ОЙТАРАЗЫ

АЙТЫЛЫМ

16-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екенін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мен ... таңғалдым.

Есте сақта!

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылдың 26 сәуіріндегі «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру туралы» №665 қаулысына сәйкес құрылған. Қор отандық тауар өндірушілерге қолдау көрсетеді.

© Мектеп-Полиграфия

7-8-
сабақ

Телефон – байланыс құралы

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
дамушы, екіталай, бері

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттерді пайдаланып, мәтін құра. Бұл суреттер нені білдіреді?





ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті қосымшаны қойып, орын тәртібі арқылы жасалған сөз тіркестерін жаз. Өлеңде айтылған мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ойыңды дәлелдеп айт.

Өнер-білім бар жұрт...
Тас... сарай салғызды.
Айшылық алыс жер...ден,
Көзің... ашып-жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды.
Аты жоқ құр арба...
Мың шақырым жерлер...
Күн жарымда барғызды.

Адам... құстай ұшырды,
Мал істейтін жұмыс...
От пен су... түсірді.
Отынсыз тамақ пісір...,
Сусыз... сусын ішірді.

Ы. Алтынсарин

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтіндегі негізгі идеяны диаграмма түрінде көрсет.

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіндерді тыңда. Мәтіндегі ақпараттарды салыстыр. Олардың айырмашылығы мен ұқсастығын айт.

Аудиомәтін

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтіндегі *«Тас тақталардағы жазбалар жақсы сақталған»* **деген пікірді Қазақстандағы ескерткіштермен (Орхон-Енисей, Талас және т.б.) байланыстырып дәлелде.**

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтіндегі ақпаратты Қазақстанда табылған ең алғашқы таңбалармен байланыстырып айт.

ОҚЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіндерді оқы.

«Байланыс» дегеніміз — ой, пікір немесе ақпарат алмасу. Ол сөйлеу, жазу немесе әрекет арқылы жүзеге асуы мүмкін. Ойды жеткізудің тәсілі көп. Олардың қатарында хат жазу, теледидар, радио, компьютер және тағы басқа қатынас түрі бар.

Александр Грэхам Белл 1876 жылы телефонды ойлап шығарды. Содан бері адамдар бір-бірімен бірнеше шақырым қашықтықтан сөйлесе алатын болды («Оқушының алғашқы энциклопедиясынан»).

Адамдар жазу материалы ретінде пергаментті, иленген теріні пайдаланған. Кейбір халықтар қайыңның қабығына жазған. Тибет кітабы қабат-қабат жиналатын жұқа тақтайшалардан жасалған. Аппақ қардай, өзі жұқа керемет парақтар алғаш рет Шығыс елдерінде жасалған.

Жазылған ақпаратты алыс қашықтыққа жаяу не салт атпен, күймемен, кememен жеткізген. Кейде бөтелкеге салып, мұхитқа лақтырған. Ал қазіргі кезде біз қалта телефон арқылы хабарлама жазып не сөйлесіп тез ақпарат аламыз.

«Негеш» кітабынан

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтіннен септік жалғауы арқылы байланысқан сөз тіркестерін тауып, жаз. Оларды байланыс түріне қарай талда.

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтіннің мазмұны бойынша жоспар құр. Ол үшін мәтіндегі әр бөлікке тақырып қой. Тақырыптың тұсына сол бөліктегі тірек сөздерді жаз.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Диалогті оқып, аяқтаңдар.

— Әлібек, ұлы өнертапқыш ретінде кімді атауға болады?

— Көптеген ақпаратқа сүйенсек, ең көрнекті өнертапқыш — Томас Алва Эдисон. Оның өнертабысының саны 1093-ке жетеді. Сен теледидарды кім ойлап тапқанын білесің бе?

— 1926 жылы Бэйрд алғашқы теледидарды таныстырған. Қазіргі кезде өнертапқыш көп пе, қалай ойлайсың?

— ...

— ...

— ...

— ...

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Жағдаят: биыл жазда теңізге демалуға бардың. Теңіз жағасынан бөтелкеге салынған хатты тауып алдың. Не істейсің?

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Төменде берілген ұялы телефондар жайлы не айтар едің? Олардың қандай ерекшеліктерін білесің? Мәтінде айтылған алғашқы телефоннан айырмашылығы қандай?



АЙТЫЛЫМ

13-тапсырма. «Ұялы телефон: пайдасы мен зияны» деген тақырыпта ойталқы өткізіңдер.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

14-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, сұраққа жазбаша жауап бер.

1. Бүгінгі үйренгенің сен үшін болашақта қажет бола ма?
2. Өзіңнің, жолдастарыңның білімін бағала (Өз жұмысыңа, жолдастарыңның топ ішіндегі әрекеттеріне көңілің тола ма)?
3. Осы тақырып бойынша тағы не білгің келеді?
4. Осы тақырып бойынша тағы қандай ақпарат көздерін оқисың?

Есте сақта!

Адамдар жазу материалы ретінде түрлі құралдарды пайдаланған.
Мен телефонның ең алғаш рет қай жылы шыққанын білдім.
Ұялы телефонның пайдасы мен зияны туралы ақпаратпен таныстым.

9–10-сабақ

Қазақтың тұңғыш диктору

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
шиеленіс, ізгілендір

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Жұмбақты шеш. Сөз тіркестерін тауып, жаз. Оның қандай тәсіл арқылы байланысып тұрғанын айт.

- Батырмасын басасың,
  Қажет файлды ашасың.
- Компьютерге енеді,
  Қағазды басып береді.
- Мәліметті сұраған,
  Экранға шығарған.
- Төртбұрышты терезеден
  Аласың жаңалық әлемнен.

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Сен қандай ақпарат құралдарын оқисың?
2. Сенің ең сүйікті бағдарламаң қандай?
3. Сен үшін қандай байланыс құралы тиімді?
4. Компьютерді жиі қолданасың ба?
5. Қандай компьютерлік бағдарламалармен жұмыс істей аласың?

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тақырып қой.

Аудиомәтін

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтіндегі ақпараттың дұрыстығын тексер. Дәлелде.

Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
Жанболат Аупбаев — Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, аудармашы, сценарист.		

Ол ертегі жазумен айналысады.		
Ол сирек кездесетін мамандық иелері, табиғат құпиялары туралы деректі әңгімелер жазады.		
Ол Олжас Сүлейменов пен Сәтімжан Санбаевтың публицистикалық шығармаларын орыс тіліне өте шебер аударған.		
«Қажымұқан мен Қажытай», «Хан Тәңірі» атты деректі кино сценарийлерінің авторы.		
«Диктор» атты деректі әңгімесінде қазақтың тұңғыш диктор-ры — Лазиза Аймашева туралы айтылады.		
Радиолокаторлар алыс қашықтықтағы ұшақ не кемені таба алады.		

ОҚЫЛЫМ

5-тапсырма. Диалогті рөлге бөліп оқыңдар.

— Кез келген адамның өмірінде өзі ерекше қастерлейтін, жақсы көретін бір күндері болады. Мен үшін сондай күн — 8 наурыз. «Неге?» — дейсің ғой? Айтайын. Осы күні мен шыр етіп дүниеге келіппін. Бұл — қуаныш па? — Қуаныш! Осы күн сонау XX ғасырдың алғашқы жартысында біз сияқты әйелдердің халықаралық мейрамы болып жарияланған екен. Ол — мереке ме? — Мереке! Бұл — аз десеңіз, міне, сол күні, яғни, 1958 жылдың 8 наурызында мен жаңадан ғана құрылып, жұмыс істей бастаған Алматы телестудиясының дикторы болып тұңғыш рет көгілдір экранға шықтым. Бұл — есте қаларлық оқиға ма? — Оқиға! Міне, осындай үш сәтті жағдайға байланысты өз басым 8 наурызды жақсы көріп, оны әр уақытта асыға күтемін, — деді Лазиза Аймашева.

— Сонда қазіргі қазақ телевизиясының көрермендерге алғаш рет хабар берген күні — 8 наурыз болғаны ғой, — дедім мен.

— 6 наурызда Медеу мұзайдыны туралы шағын сюжет көрсетілді. Бірақ 8 наурыздан бастап хабар тұрақты түрде өз жұмысын бастады.

— Телевизияға диктор боп қалай келдіңіз?

— Шынымды айтайын, бұл — менің мүлде көрмеген, білмеген жұмысым еді. «Студия», «камера», «микрофон» деген сөздерді сол уақытқа дейін тіпті естімеппін де. Өйткені мамандағым, атқарып жүрген жұмысым басқа салаға қатысты еді. Алматы медицина институтын бітірген мен сол кезде орталық аптекада фармацевт-провизор болатынмын. Ақын Жаппар Өмірбеков пен Қадыр Дәуітов Қазақстандағы тұңғыш ашылғалы жатқан телестудия дикторлары байқауына қатысуға шақырды. Дикторлар байқауына 100-ден артық адам қатысты. Мен байқауда жеңіп шығып, «қазақтың тұңғыш дикторы» атандым.

Жанболат Ауыпбаевтың «Диктор» деректі әңгімесінен

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрып жаз. Жоспардағы тақырыпшалардың аясындағы тірек сөздерді анықта. Жоспарың бойынша мәтінді баянда.

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Жақша ішіндегі қажетті сөздерді дұрыс тұлғада қойып, сөйлемді жаз.

1. 1965 жылы қазақ телевизиясы 5 сағаттық бағдарламамен тұңғыш рет одақтық аренаға (соғу, шығу, орнау). 2. Содан бері жыл сайын 3 қазанда Мәскеуден тікелей эфирге шығып (отыру, жату, жүру). 3. Орталық телевизияның «Көгілдір от» залында Роза Бағланова, Ермек Серкебаев, Бибігүл Төлегенова, Сәбира Майқановалар туралы (жазу, айту, көру). 4. Қазіргі кезде компьютерлік техника барлығын өзі реттеп (отыру, жазу, кіру).

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. «Егер мен диктор болсам...» деген тақырыпта ой бөлісіңдер. Ол үшін дереккөздерден дикторға қойылатын талаптар туралы ақпарат жинаңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Досыңа соңғы шыққан байланыс құралы туралы хат жаз.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Өзіңе ұнайтын бағдарламаны жүргізетін тележүргізуші туралы шағын мәтін жаз. Мәтінде телехабарда көтерілетін мәселелер, тележүргізушінің сөйлеу мәнері және т.б. туралы ақпараттарды қамты.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Дереккөздерді пайдаланып, өнертапқыш балалар туралы ақпарат жина. Ол туралы тұсаукесер дайында.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жазыңыз.

Бас бармақ — басты мәселе. Бүгін сабақта ең маңызды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұп болып қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім? Кім маған көмектесті?

Ортан терек — ойлану. Бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы. Өзімді сабақта қалай сезіндім?

Есте сақта!

Лазиза Аймашева — қазақ телевизиясының тұңғыш дикторы. Ол өз хабарларын қазақ және орыс тілдерінде жүргізген. Диктор болу үшін сауатты сөйлей білу қажет.

11–12-сабақ

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті қосымшаларды қойып, жаз. Сөз тіркесін талда.

1. Теледидар пайда болған соң да радио... рөлі төмендеген жоқ. 2. Қазіргі таңда дүниежүзі... радиохабар тарататын ел... қатары күннен күнге көбейе түсуде. 3. Радио... тыңдау үшін арнайы уақыт бөлу, күш жұмсаудың қажеті жоқ. 4. Адам... есту қабілетіне құрылған радио тыңдарманның қиял... мен сезіміне де өзгеше әсер етеді. 5. Мерзімді басылым... бұқаралық ақпарат құралдарына жатады. 6. Сақыпжамал Тілеубайқызы «Айқап» журналы... озбырлық..., зорлық-зомбылықты айыптаған мақалаларын жариялаған. 7. Әйелдер... әлеуеті өсіп келеді. 8. Қазақстан... гендерлік саясат жақсы жүзеге асып келеді.

ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой.

Адамның табиғи, дене ерекшеліктеріне байланысты туындайтын әлеуметтік қарым-қатынас гендерлік және жас айырмашылығы теңсіздігін тудырды. Өркениетті қоғамда социолог-мамандар осы өзекті мәселелерді зерттеуге көп мән береді. Себебі өркениетті қоғамда осы негізде құрылған ұйым, қозғалыс, бірлестіктер қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер етіп отыр. «Гендерлік теңсіздік» ұғымы әйел адамның мен ер адам арасындағы теңсіздікті білдіреді. Әйел адам мен ер адамның арасындағы айырмашылық өте күрделі ұғымдардан тұрады. Социологтар гендерлік теңсіздік жыныстық сәйкестіктің әсерінен болатынын ескертеді («Әлеуметтану» оқулығынан).

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақстан Республикасында гендерлік саясат қалай жүзеге асырылады?
2. Бұл туралы қандай құжат қабылданған?
3. Құжатта қандай мәселелер көтерілген?
4. Қазақстанда әйелдер құқы қалай қорғалады?
5. Егер сен заңгер болсаң, бұл мәселені қалай шешер едің?

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. **Синектика. Ескі газеттің атынан бүгінгі ұрпаққа хат жаз.**

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. **Өз аймақтарыңдағы радиоарналар, телеарналар, газет-журнал туралы, олардағы бағдарламалар жөнінде ақпарат жинаңдар. Жинаған ақпараттарың бойынша ойталқы өткізіңдер. Әркім өзі таңдаған радиоарна, телеарна, газет-журналды қорғап, жарнамалауы керек.**

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. **Ғалым-тілші Ахмет Байтұрсынұлының газет туралы айтқан төрт қағидасының бірін таңдап, аргументтер арқылы дәлелде.**

1. Газет — халықтың көзі, құлағы, тілі.
2. Газет — жұртқа қызмет ететін құрал.
3. Газет — халыққа білім таратушы.
4. Газет — халықтың жоқтаушысы.

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. **adebiportal.kz сайтындағы Жанболат Аупбаевтың «Диктор» деректі әңгімесін пайдаланып, қазақтың тұңғыш дикторы Лазиза Аймашеваға бірнеше сұрақ дайындап, сұхбат алыңдар.**

Білгенге маржан...

1. Басына бақ қонған жігіттің ұлы епті, қызы көрікті болады.
2. Қыз қылығымен сүйкімді, ұл әдебімен сүйкімді.

© ҚАҒАЗ

ЖЕР ПЛАНЕТАСЫНДАҒЫ ҚАУІПТІ ҚАЛДЫҚТАР
Думан Рамазан «Соңғы дем» әңгімесі, Қайнар Олжай «Жер мен аспан арасындағы дастан» кітабы

Тұрмыстық қалдықтар

ОҚУШЫ, БҰЛ МОДУЛЬДЕ СЕН:

- түрлі жанрдағы шығармаларда көтерілген мәселені, негізгі ойды айқындауды;
- мәтін бөліктері мен азатжолдарының орналасу ретін түсіндіруді, графиктік мәтіндерді салыстыруды;
- көркемдегіш құралдарды, сөздердің байланысу түрлерін орынды қолдануды **үйренесің**.

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
қалдықтар, қауіпті, үйінділері, өңде, қайта өңдеу, қажетке жарату, қолданылған, жойылмайды, сұрыптайды, жарамсыз, өртейді, залалсыздандырады

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттерге қарап, талқылаңдар.

1. Суретте не бейнеленген?
2. Олар қайдан пайда болған?
3. Бұл заттар қажетсіз бе?





ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Тыңдаған мәтін не туралы?
2. Мәтінде экология ғылымының қандай саласы туралы айтылды?
3. Гарбология саласын кім ашқан?
4. Афинада қандай құжат шығарылған?

Аудиомәтін

ТІЛДІК БАҒДАР

Сөздердің байланысу түрлері

Қазақ тілінде сөздердің байланысы бес түрге бөлінеді: қиысу, меңгеру, матасу, қабысу және жанасу.



Сөздердің байланысу түрлері	Анықтамасы	Мысалдары
Қиысу	сөз бен сөздің жіктелу ретімен бастауыштық, баяндауыштық қатынаста жақ жағынан үйлесе байланысуы	мен оқимын (I ж.), сен оқисың (II ж.), олар келеді (III ж.), біз дайындаламыз (I ж.).
Матасу	сөз бен сөздің ілік септік жалғауы мен тәуелдік жалғауы арқылы байланысуы	менің кітабым, мектептің ауласы
Меңгеру	сөз бен сөздің барыс, табыс, жатыс, шығыс және көмектес септік жалғаулары арқылы байланысуы	қоқысты өңдеу, қалдықтарды сұрыптайды, ауамен демалу
Қабысу	сөз бен сөздің ешбір жалғаусыз, тек орын тәртібі арқылы іргелес байланысуы (бірінші сөз анықтауыштың сұрағына жауап береді)	қара көмір, қызыл алма, жас бала
Жанасу	сөз бен сөздің ешбір жалғаусыз, кейде алшақ, кейде іргелес тұрып байланысуы; пысықтауыш пен баяндауыштың байланысы	өңдеп жарату, өңдеп қажетке жарату

Сөз бен сөздің жіктік жалғаулары арқылы және жіктелу ретімен қиыса байланысуына мысал:

	Жекеше	Көпше
1-жақ	Мен оқушымын	Біз оқушылармыз
2-жақ	Сен оқушысың	Сендер оқушыларсыңдар
	Сіз оқушысыз	Сіздер оқушыларсыздар
3-жақ	Ол — оқушы	Олар — оқушылар

	Жекеше	Көпше
1-жақ	Мен оқимын	Біз оқимыз
2-жақ	Сен оқисың	Сендер оқисыңдар
	Сіз оқисыз	Сіздер оқисыздар
3-жақ	Ол оқиды	Олар оқиды

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Төменде берілген сөздерді жіктеп, қиыса байланысқан сөз тіркестерін құра.

Өңде, сұрыпта, сұрыптама, өрте, жарат, жой, залалсыздандыр.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

Жер бетінде тұрмыстық қалдық пен қоқыс көп. Қалдықтар қоршаған орта мен адам денсаулығына қауіпті. Қалдықтар мен қоқыс үйінділері жылдан жылға көбейіп жатыр. Оларды қайта өңдеп, қажетке жарату — әлемдегі үлкен проблема.

Күнделікті тұрмыста қолданылған өнімдердің көбі — қауіпті қалдықтар. Тұрмыстық қалдықтарға кір жуатын ұнтақ, химиялық заттардың қалдықтары, **бояу, дәрі,** қолданылған батареялар мен аккумуляторлар, металл қалдықтары және т.б. жатады. Бұлардың көбі өздігінен жойылмайды. Сондықтан мұндай заттардың қалдықтарын арнайы орындарға апарады. Арнайы орындарда қалдықтарды сұрыптайды. Жарамсыз қалдықтарды өртейді. Кейбіреулерін залалсыздандырады, сосын қайта өңдейді. Осылайша, жарамсыз заттан пайдалы зат жасайды. Қоқыстың көбеюі бірнеше факторға байланысты. Көп жерде қалдықтарды салатын арнайы жәшік жоқ. Ал кейбір адамдар қоқысты арнайы жәшіктерге салмайды. Көп жерде қоқысты өртеумен шектеледі. Себебі қалдық пен қоқыс өңдейтін зауыт аз.

Тұрмыстық қалдықтар мен қоқыстың жойылу мерзімі әртүрлі. Ешқашан жойылмайтын қалдықтар бар. Минералды су мен сусындардың пластик ыдыстары, полиэтилен пакеттер ешқашан жойылмайды. Олар топыраққа азот пен оттегінің, ылғалдың сіңуіне кедергі жасайды. Әр адам қоқысты лақтырмай, арнайы жәшіктерге тастаса, табиғатты қорғауға өз үлесін қосады. Табиғат — біздің анамыз.

Баспасөз беттерінен



Ас қалдықтары бір ай шамасында жойылады



Газет 1-3 ай аралығында жойылады



Картон 3-4 айда жойылады



Кірпіш, бетон қалдықтары 100 жылда жойылады



Автокөлік аккумуляторы 100 жылда жойылады



Фольга 100 жылдан кейін жойылады



Қаңылтыр банкілер кем дегенде 500 жылда жойылады



Шыны қалдықтары 1000 жылдан кейін жойылады



Құрылыс тақтайлары 10 жылда жойылады



Қураған жапырақ, бұта 3-4 айда жойылады



Батарейка 100 жылдан кейін жойылады



Доңғалақтың тысы 120-140 жылда жойылады

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Төменде берілген жаңа сөздер мәтінде неше рет қолданылғанын және қандай сөздермен байланысқанын анықта. Мағынасын түсіндір.

Үлгі: Жарамсыз — мәтін ішінде 2 рет қолданылған; жарамсыз+қалдықтар, жарамсыз+зат.

Қалдықтар, қауіпті, үйінділері, өңде, қайта өңдеу, қажетке жарату, қолданылған, жойылмайды, сұрыптайды, жарамсыз, өртейді, залалсыздандырады.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқып, әр ойбөлігіндегі негізгі ойды анықта. Әр азатжолға тақырып қой. Оны негіздеп айт.

	1-азатжол	2-азатжол	3-азатжол	4-азатжол
Тақырыбы				
Негізгі ойы				

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Қалдықтардың жойылу мерзімін өсу деңгейімен диаграммаға сал. Қалдықтың түрі мен жойылу мерзімін жаз.

Кейбір қалдықтардың жойылу мерзімі



АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Суреттерге қарап, әңгіме құрастыр. Тірек сөздерді пайдалан.

Тірек сөздер: *қоқыс, үйінді, жойылмайды, сұрыптайды/сұрыптамайды, өртейді, қоршаған орта, зиян, қайта өңдеу, қауіпті қалдықтар.*





ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Матаса байланысқан сөздерді тауып, үлгі бойынша талда.

Үлгі: *Өнімдердің көбі: өнімдердің — ілік септігінде тұрған сөз + көбі — тәуелдік жалғауында тұрған сөз.*

Қоршаған орта, өнім қалдықтары, қоқыс көп, адамның денсаулығы, жылдан жылға, қоқыс үйінділері, көбейіп жатыр, олардың көлемі, қайта өңдеп, заттардың қалдықтары, қажетке жарату, қауіпті қалдықтар, металл қалдықтары, арнайы орындар, қоқыстың жойылуы, полиэтилен пакеттер, сусындардың ыдыстары, бәріміздің анамыз.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Жұптық жұмыс. Сұрақтарға ойланып жауап беріп, диалог құрыңдар.

1. Қандай нәрселер қоршаған орта мен адам денсаулығына қауіпті?
2. Адамға, қоршаған ортаға қауіп келтірмес үшін оларды не істеу керек?
3. Күнделікті тұрмыста қолданылатын қандай өнімдер қауіпті?
4. Қауіпті қалдықтар өздігінен жойыла ма?
5. Қалдықтарды қайда апарады?
6. Арнайы орындарда қалдықтарды не істейді?
7. Қандай қалдықтарды өртейді?
8. Қандай тұрмыстық қалдықтар бар? Олардың жойылу мерзімі қандай?
9. Олар неліктен қауіпті саналады?

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Үш нұсқаның ішінен мағынасы сәйкес келетін сөзді таңдап, жаз.

1. Жер бетінде бірнеше миллиард тонна тұрмыстық (тамақ, қалдық, өнім) бар. 2. Қалдықтар қоршаған орта мен адам денсаулығына (пайдалы, қауіпсіз, қауіпті). 3. Қоқыс (үйінділері, шірінділері, беті) жылдан жылға көбейіп жатыр. 4. Оларды (соңынан өңдеп, қайта өңдеп, бірнеше көріп) қажетке жаратады. 5. Жарамсыз қалдықтарды (өртейді, көбейтеді, азайтады). 6. Қалдықтардың көбі өздігінен (келеді, қойылмайды, жойылмайды).

ОЙТАРАЗЫ

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Сұрақтарды талқылап, жауап беріңдер.

1. Үйлеріңде қандай тұрмыстық қалдықтар пайда болады?
2. Оларды не істейсіңдер?
3. Аулада арнайы қоқыс жәшіктері бар ма?
4. Тұрмыстық қоқысты кім жинайды? Оны қайда апарады?
5. Сен тұратын жерде қалдықтар мен қоқысты сұрыптайтын өндіріс орындары бар ма?

Есте сақта!

Тұрмыстық қалдық пен қоқыс үйіндісі көп. Тұрмыста қолданылған өнімдердің көбі қауіпті. Олар қоршаған ортаға, адам денсаулығына қауіпті. Оларды арнайы орындарда сұрыптап, қайта өңдейді. Сөйтіп, қайтадан қажетке жаратады. Кейбіреуін залалсыздандырады. Жарамсыздарды өртейді. Кейбір қоқыс жойылмайды.

3-4-
сабақ

Өндірістік қалдықтар

Жаңа сөздер:
өндірістік, сарапшы, шірі, көму

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендір.

1. тұрмыс қалдықтары	а. өнімдер
2. тұрмыста қолданылған	ә. қоқыс
3. жарамсыз	б. қалдықтар
4. өндірістік	в. өңдейді

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Әр жолдағы сөздерден бір сөйлем құра.

1. Қауіпті қалдықтар, залалсыздандыру
2. Қалдықтар, қоқыс, сұрыптау
3. Қалдық пен қоқыс, қажетке жарату.

Аудиомәтін

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Тыңдаған мәтін не туралы?
2. Д. И. Менделеев «қалдық болмайды» дегенде нені меңзеген?
3. Ғалым қандай қолданылмаған затты пайдалы затқа айналдыруға болатынын айтады?

ТІЛДІК БАҒДАР

Меңгеру	сөз бен сөздің барыс, табыс, жатыс, шығыс және көмектес септік жалғаулары арқылы байланысуы	қоқысты өңдеу, қалдықтарды сұрыптайды, ауамен демалу

Барыс септігі — кімге? неге? қайда? -ға, -ге, -қа, -ке
Табыс септігі — кімді? нені? -ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті
Жатыс септігі — кімде? неде? қайда? -да, -де, -та, -те
Шығыс септігі — кімнен? неден? қайдан? -нан, -нен, -тан, -тен, -дан, -ден
Көмектес септігі — кіммен? немен? -мен, -бен, -пен

Мысалы: Сөз+барыс септігі (кімге? неге? қайда? -ға/-ге, -қа/-ке) = сөзге

© Ы.Ж.Ж.Ж.Ж.

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Меңгеріле байланысқан сөздерді тауып, үлгі бойынша талда.

Үлгі: Өнімдерді сұрыптайды: өнімдерді — табыс септігінде тұрған сөз + сұрыптайды.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

Қалдықтар — табиғи шикізатты өңдеу нәтижесінде пайда болатын заттар мен өндірістік жарамсыз заттар. Қалдықтарды өңдеп, шикізат ретінде пайдаланса, көптеген проблема шешіледі. Мысалы, электр энергиясы үнемделеді, құрылыс материалдары пайда болады. Еліміздің халықшаруашылығында жыл сайын 1 миллиард тоннадай қалдық шығады. Сарапшылардың пікірінше, жиналған қатты өндіріс қалдықтары 20 млрд тоннадай. Оның ішінде 5,2 млрд тонна — түсті металлургия өндірісінің қалдықтары. Қалдықтардың 70-75%-ы тау-кен өндірістерінен, 20%-ы кен байыту өндірісінен, қалғандары металлургия кәсіпорындарынан пайда болады.

Негізгі қалдықтар тау-кен қазбаларынан, металлургия, химия, мұнай және газ қалдықтарынан шығады. Сонымен қатар ағаш, қағаз, құрылыс материалдарын өндіретін өнеркәсіптерден, ауылшаруашылық, үй-жай шаруашылықтарынан шығады.

Өндіріс қалдықтарының көбін пайдалануға болады. Егер қалдықтарды өңдеп, қайта қолданса, қоршаған орта жақсарады. Сонымен қатар жердегі шикізат қоры үнемделеді. Ғалымдардың болжауы бойынша, шикізатты қазіргідей есепсіз пайдалана берсек, мұнай мен газдың қоры 80-170 жылға, мырыш, никель, мыс қоры 100 жылға, көмір 1700 жылдай уақытқа ғана жетеді. Сұйық және қатты өндіріс қалдықтарын пайдалану арқылы шикізатты үнемдеуге болады. Түсті металлургияда пайдалы элементтердің 2-3%-ы ғана алынып, 97-98%-ы пайдасыз қалдық ретінде қоқысқа айналады. Бұл — үлкен шығын.

Пластмассадан жасалған кейбір бұйымдарды қайта өңдеу өте қиын. Олар шірімейді. Сондықтан оларды көмуге болмайды. Дүниежүзі бойынша жыл сайын 80 млн тонна пластмасса зат жасалады. Пластмассадан жасалған автокөлік аккумуляторлары мен азық-түлік салатын ыдыстардың 70%-ы қалдыққа айналады. Сондықтан арзан пластмассалардың орнына қоршаған ортаға қауіп төндірмейтін түрі өндіріле бастады.

Баспасөз беттерінен

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқып, қалдықтардың салмағы мен пайызын айт.

Халықшаруашылық қалдықтары	Қатты өндіріс қалдықтары
... млрд тонна	... млрд тонна

Қатты өндіріс қалдықтары	
тау-кен өндірісінің қалдықтары	байыту өндірісінің қалдықтары
... %	... %

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Негізгі қалдықтардың неден шығатынын анықта. Кластер жаса.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Төменде берілген жаңа сөздер мәтінде неше рет қолданылғанын және қандай сөздермен байланысқанын анықта. Мағынасын түсіндір.

Өндірістік, сарапшы, шіру, көму.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтінді оқып, әр ойбөлігіндегі негізгі ойды анықта. Әр азатжолға тақырып қой. Оны негіздеп айт.

	1-азатжол	2-азатжол	3-азатжол	4-азатжол
Тақырыбы				
Негізгі ойы				

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Суреттердің мағынасына сәйкес сөздерді анықтап, сөйлем құрастыр.

1. Сұйық өндіріс қалдықтары
2. Түсті металл қалдықтары
3. Қатты өндіріс қалдықтары







МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Үш нұсқаның ішінен мағынасы сәйкес келетін сөзді таңдап, жаз.

1. Өндіріс қалдықтарын арнайы орындарда (бояйды, сатады, сұрыптайды). 2. Қауіптілерін (хабарсыздандырады, залалсыздандырады, байланыстырады). 3. (Қажетке жарайтын, анықтап сұрайтын, ұқыпты жинайтын) қалдықтардан түрлі бұйымдар жасайды. 4. Ал (шарасыз, аласыз, жарамсыз) қалдықтарды өртейді не жерге (төгеді, көмеді, береді). 5. (Шірімейтін, көрінбейтін, сөнбейтін) қалдықтарды жерге көмбейді.

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді жаз.

Қажетті сөздер: *сарапшы, өңдеу, көму, өндірістік, шіру.*

1. ... қалдықтар сұйық және қатты болады. 2. ... пікірі бойынша, қатты өндіріс қалдықтары 20 млрд тоннадай. 3. Пластмассадан жасалған бұйымдарды ... болмайды. 4. Себебі олар ... . 5. Сондықтан пластмассадан жасалған бұйымдарды ... қиын.

ОЙТАРАЗЫ

АЙТЫЛЫМ

13-тапсырма. Сұрақтарды талқылап, жауап беріңдер.

1. Қалдықтар неден пайда болады?
2. Қалдықтар не үшін өңделеді?
3. Халықшаруашылықтан қалдықтар шыға ма?
4. Сарапшылар қандай пікір айтады?
5. Негізгі қалдықтар неден шығады?
6. Өндіріс қалдықтарын пайдалануға бола ма?
7. Қандай бұйымдарды қайта өңдеу өте қиын? Не себепті?

Есте сақта!

Сарапшылар қатты өндіріс қалдықтары 20 млрд тоннадай екенін айтады. Сұйық және қатты өндіріс қалдықтарын пайдалану арқылы шикізатты үнемдеуге болады. Пластмассаларды көмуге болмайды. Себебі олар шірімейді.

5–6-
сабақ

Қауіпті қалдықтар

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
айыппұл, жарылыс, төтенше, орай, тірі

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суретте не бейнеленгенін айтып, сипатта.





ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Тыңдаған мәтін не туралы?
2. Семей полигонында қандай сынақтар болған?
3. Полигонның қазақ халқына, жеріне әсері болды ма?

Аудиомәтін

ТІЛДІК БАҒДАР

Қабысу	сөз бен сөздің ешбір жалғаусыз, тек орын тәртібі арқылы іргелес байланысуы (бірінші сөз анықтауыштың сұрағына жауап береді)	қара көмір, қызыл алма, жас бала

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Төменде берілген сөз тіркестерінің ішінен қабыса байланысқан сөз тіркестерін тап.

Үлгі: көп қаржы

Қалдықтардың қауіптісі, қомақты айыппұл, экономиканың дамуы, ірі мегаполис, қауіпті жарылыс, радиоактивті қалдықтар, төтенше жағдай, осыған орай, тірі адам, медикаменттерден бөлінеді, шіріген заттар, ресми орындар, электронды қондырғы.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

Ғылым мен техниканың, экономиканың дамуы ғаламшардағы экологияға қауіп төндіруде. Ірі мегаполис қалалар мен өндіріс орталықтары қауіпті қалдықты көп шығарады. Сондықтан олар экологияны ластаудың негізгі көзі болып отыр. Бұл — адам денсаулығына да қауіп төндіреді.

Қалдықтардың ішіндегі ең қауіптісі — радиоактивті қалдықтар. Радиоактивті қалдықтардың ешқандай құндылығы жоқ. Ол радиоактивті химиялық изотоптардан тұрады. Радиоактивтік қалдықтар ядролық отын, атомдық электр стансыларын, ядролық электронды қондырғы бар кемелерді пайдаланған кезде түзіледі. Кейде объектілер қолданыстан шыққан кезде пайда болады. Радиациялық апат кезінде **жарылыс,** өрт болуы мүмкін. Мұндайда **төтенше** жағдай жарияланады. Осыған **орай** қауіпсіздік шаралары жүргізіледі.

Радиоактивті қалдықтарды дұрыс сақтамаса, уақытында алып кетпесе, қоршаған ортаға қауіп төнеді. Оның сақталуын, дұрыс жеткізілуін мемлекеттік органдар бақылайды. Егер қауіпсіздік шаралары сақталмаса, өндіріс орындарына **айыппұл** салынады.

Қауіпті қалдықтарға химиялық заттар да жатады. Оларды сұрыптап, қайта өңдеу өте қиын. Оны өңдеуге ақша жұмсамас үшін өндіріс орындары жақын жердегі су қоймаларына ағызады. Ондайда экологиялық апат болады. Су қоймаларына химиялық қалдықтарды құю барлық флора мен фаунаны, тіршілікті өлтіреді. Химиялық қалдықтар мұнай-газ өндірісінен, мерзімі өтіп кеткен медикаменттерден бөлінеді.

Баспасөз беттерінен

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Төменде берілген жаңа сөздер мәтінде неше рет қолданылғанын және қандай сөздермен байланысқанын анықта. Мағынасын түсіндір.

Айыппұл, жарылыс, төтенше, орай, тірі.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқып, әр ойбөлігіндегі негізгі ойды анықта. Әр азатжолға тақырып қой. Оны негіздеп айт.

	1-азатжол	2-азатжол	3-азатжол	4-азатжол
Тақырыбы				
Негізгі ойы				

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді жаз.

Қажетті сөздер: айыппұл, тіршілікті, жарылыс, орай, төтенше, қауіптісі.

1. Қалдықтардың ішіндегі ең ... — радиоактивті қалдықтар. 2. Радиациялық апат кезінде ... , өрт болуы мүмкін. 3. Жарылыс болса, ... жағдай жарияланады. 4. Осыған ... қауіпсіздік шаралары жүргізіледі. 5. Радиоактивті қалдықтарды дұрыс сақтамаса, ... салынады. 6. Химиялық қалдықтар флора мен фаунаны, ... өлтіреді.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Жұптық жұмыс. Берілген тірек сөздерді қолданып, суреттерді сипаттаңдар. Диалог құрыңдар.



Радиоактивті қалдықтарды сақтау



Биологиялық қалдықтар

ТІЛДІК БАҒДАР

Жанасу	сөз бен сөздің ешбір жалғаусыз, кейде алшақ, кейде іргелес тұрып байланысуы; пысықтауыш пен баяндауыштың байланысы	өңдеп, жарату, өңдеп, қажетке жарату

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қауіпті қалдықтар қай жерде көп шығарылады?
2. Ең қауіпті қалдықтарға не жатады?
3. Олар қайдан түзіледі?
4. Радиациялық апат кезінде не болады?
5. Қандай жағдайда айыппұл салынады?
6. Экологиялық апат қай кезде болады?

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Жанаса байланысқан сөз тіркестерін анықта.

Ірі мегаполис қалалар мен өндіріс орталықтары қауіпті қалдықтарды көп шығарады. Химиялық заттарды сұрыптап, қайта өңдейді. Жапырақтар шіріп, жерді тыңайтады. Қалдықтарды өртеп, сұрыптайды. Қауіпті қалдықтарды залалсыздандырып, қайта пайдаланады.

ОЙТАРАЗЫ

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Сұрақтарды талқылап, диалог құрыңдар.

1. Қандай атом электр стансыларын білесің?
2. АЭС-тің пайдасы мен зияны қандай?
3. Әлемдегі қандай ядролық жарылыстарды білесің?
4. Қазақстан жеріне ядролық қалдықтарды көмуге қалай қарайсың?

7–8-сабақ

Қайнар Олжай «Жер мен аспан арасындағы дастан»

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
қырылады, жұтады, қорытады, қорытпайды, құртады, қорғаныш

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Үзіндіде қандай мәселе көтерілген?
2. Қазіргі кезде ғылым мен білімнің дамып келе жатқанын неден көруге болады?
3. Атом бомбасын кімдер жасаған?
4. Оппемгеймер мен Сахаров атом бомбасын жасағаны үшін неге өкінген?
5. Ғылым мен білімнің дамуы қандай жағдайда адамзатқа зиянын тигізеді?

Аудиомәтін

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мағынасына қарай сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, сұрақтарға жауап бер.

Сұрақтар	Сөздер мен сөз тіркестері	Жауап нұсқасы
Атом бомбасы нені құртады?	Жер шарын, кітапты, адамзатты, шарды, тіршілікті	
Атом бомбасынан кім/не қырылады?	адамдар, шамдар, жануарлар, тастар, өсімдік, үйлер, жәндіктер	
Балықтар нені жұтады?	тасты, шөпті, ағашты, суды, жәндікті	
Балықтардың асқазаны нені қорытады?	шөпті, темірді, балдырды, ойды, молюсканы	
Сүтқоректілердің асқазаны нені қорытпайды?	алтынды, нанды, пластикті, бидайды, целлофанды, пластик құтыны	

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Матаса байланысқан сөз тіркестерін тауып, үлгі бойынша талда.

Үлгі: Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметі: Ұйымының — ілік септігінде тұрған сөз + мәліметі — тәуелдік жалғауының III жағы.

Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметі, қырылған балықтар, телефон сымдарының қорғанышы, асқазаны қорытпайды, сүтқоректілердің асқазаны, оларды құртады, құстардың бөтекелері, қорғаныш қабығы, мұхиттың жануарлары, пластиктердің қалдықтары.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Табиғатты сақтау жөніндегі комитетінің мәліметі бойынша, Жердегі пластик қалдықтардың кесірінен жылына 1 миллион құс, 100 мың сүтқоректі, 100 миллион балық қырылады. Олар пластикті тамақ ретінде жұтады. Сосын бөтеге, асқазандары қорытпай, өледі. Оның ішінде теңіз тасбақасы, итбалық және кит бар. Ғалымдар мұхиттағы пластик қалдықтар судағы сүтқоректілерді толық құртатынын ескертеді.

Полиэтиленді 1933 жылы Нортфич зертханасында Фосет пен Гибсон деген екі ғалым ашқан. Газдарды жоғары қысымға түсіргенде полиэтилен пайда болған. Полиэтилен алғаш рет телефон сымдарына қорғаныш қабығы ретінде қолданылған. Екінші дүниежүзілік

соғыс кезінде радар жасау үшін қолданылған. Елуінші жылдары соғыстан кейін Британ аралы дүрілдеп дамыды. Елде керемет супермаркеттер пайда болды. Олар тауарларды алғаш рет полиэтилен пакеттерге салып берді. Біріншіден, арзан. Екіншіден, қолайлы. Үшіншіден, әмбебап. Төртіншіден, дүкеннің сауда белгісінің жарнамасы болды.

Қ. Олжай «Жер мен аспан арасындағы дастан»

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Төменде берілген жаңа сөздер мәтінде неше рет қолданылғанын және қандай сөздермен байланысқанын анықта. Мағынасын түсіндір.

Қырылады, жұтады, қорытады, қорытпайды, құртады, қорғаныш.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқып, әр ой бөлігіндегі негізгі ойды анықта. Әр азатжолға тақырып қой. Оны негіздеп айт.

	1-азатжол	2-азатжол
Тақырыбы		
Негізгі ойы		

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Жер бетіндегі пластик қалдықтардың зияны туралы БҰҰ-ның (Біріккен Ұлттар Ұйымының) Табиғатты сақтау жөніндегі комитеті қандай пікір айтты?
2. Құстар, сүтқоректілер, балықтардың қырылуына тағы қандай себеп бар?
3. Полиэтилен өндірісі қай жылы ашылды?
4. Полиэтилен алғаш рет неге қолданылған?
5. Полиэтилен пакеттердің қандай пайдасы болды?

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді жаз.

Қажетті сөздер: жұтады, құртады, қырылады, қорғаныш, қорытпайды.

1. Жердегі пластик қалдықтардың кесірінен жан-жануар ... . 2. Олар пластикті тамақ ретінде ... . 3. Олардың асқазандары пластикті ... . 4. Осылайша, пластик қалдықтар судағы сүтқоректілерді ... . 5. Полиэтилен алғаш рет телефон сымдарына ... қабығы ретінде қолданылған.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Ғалымдардың «Мұхиттағы пластик қалдықтар судағы сүтқоректілерді толық құртады» деген пікірін дәйектеп айт.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Топтық жұмыс. Пікірталас ұйымдастырып, әр топ өз көзқарасын дәйектесін. Қолданыңдар: *қарсымыз, қарсы емеспіз, жұтады, қырылады, қорытпайды, құртады, арзан, қолайлы, әмбебап* сөздерін пайдаланыңдар.

Топтар	Дәйектейтін пікірі
1-топ	Полиэтилен пакеттерді қолдану керек. Олар өте пайдалы. Себебі ... .
2-топ	Полиэтилен пакеттерді қолдануға болмайды. Біз оған қарсымыз. Себебі ... .

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Бір аптада дүкеннен қандай және неше пластик ыдысқа салынған заттар мен азық-түлік алғандарыңды бақыла. Оны сыныпта баянда.

Пластик/ полиэтилен ыдысқа салынған тағам	Пластикке/ полиэтиленге оралған зат	Пластиктен/ полиэтиленнен жасалған зат	Пластиктен/ полиэтиленге құйылған сұйық зат
1. 2.	1. 2.	1. 2.	1. 2.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтырыңдар.

Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады/ұнамады?

Есте сақта!

Жердегі пластик қалдықтардың кесірінен судағы сүтқоректілер қырылады. Олар пластикті жұтады. Оны асқазандары қорытпайды.

© Электронды оқулық

9–10-сабақ

Қайнар Олжай «Жер мен аспан арасындағы дастан»

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
шіру, қауіпсіз, орама

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Тұрмыста полиэтилен, целлофан қапшықтарды пайдаланасыңдар ма?
2. Пайдалануға жарамсыз қапшықтарды қайда тастайсыңдар?

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

Аудиомәтін

1. Мәтінде не туралы айтылды?
2. 1911 жылы не жасалды?
3. Целлофанның сапасы қандай болды?
4. 1927 жылдан целлофанды қайда қолданды?
5. АҚШ пен Еуропада целлофан не үшін, қай кезден бастап қолданылған?

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер. *Зиянды, зиянсыз, торқалта, кенеп дорба, қағаз дорба, пластик дорба, қолдану, қолданбау* сөздерін пайдалан.

1. Суреттерде не берілген?
2. Қайсысы қоршаған ортаға зиянсыз?
3. Өз ойыңды дәйектеп айт.











МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

Скандинав елдерінің экологиялық жағдайы жақсы. Швед дүкендері қайтадан қағаз орамаға көшіпті. Қазақ даласын неше түрлі полиэтилен пакет пен пластик бөтелке улап жатыр!

Дүкеннен алған тағамдарды кемінде он пакетпен көтеріп келеміз. Аптасына екі рет дүкенге барсақ, жиырма пакет жиналады. Нан мен ет полиэтиленмен оралады. Қаймақ, ірімшік, балмұздақ, түрлі тәттілер пластик қораптарға салынады.

Жуынатын заттардың қорабы мен құтысы — пластик. Киім тазалайтын орын оны пластикпен орап қайтарады. Сатып алған кітап, оқулық, дәптер, қаламды «фирмалық» пакетпен береді. Не керек, баяғы кеңестік замандағы торқалта, кенеп дорба, тіпті шыны бөтелкенің орнын полиэтилен өнімі басты.

Кендірден тоқылған торды, кенептен тігілген дорбаны тастауға болады. Өйткені олар табиғи шикізаттан жасалған. Олар шіріп, топыраққа айналады. Пластик бұйымдарды жағу өте қатерлі. Ауаға зиянды заттар бөлінеді. Адамдар мен жан-жануар уланады. Сондықтан шведтер целлофан, полиэтилен, пластик пакеттерден бас тартқан. Олар орама қағаздарды қолданады.

Қ. Олжай «Жер мен аспан арасындағы дастан»

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Берілген мәтінді оқып, жоспар құр.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма.

1. Мәтінге тақырып қой. Мәтіннің «Жер ғаламшарындағы қауіпті қалдықтар» деген тақырыппен байланысы бар ма?
2. Пластик бұйымдар мен полиэтиленді неліктен зиянды қалдықтарға жатқызады?
3. Өзін пайдаланатын қандай заттар пластик не полиэтиленнен жасалған?

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, сұраққа жазбаша жауап бер.

1. Бүгінгі үйренгенің сен үшін болашақта қажет бола ма?
2. Өзіңнің, жолдастарыңның білімін бағала (Өз жұмысыңа, жолдастарыңның топ ішіндегі әрекеттеріне көңілің тола ма)?
3. Осы тақырып бойынша тағы не білгің келеді?
4. Осы тақырып бойынша тағы қандай ақпарат көздерін оқисың?

Есте сақта!

Қазақ даласын полиэтилен пакет пен пластик бөтелке улап жатыр. Пластик бұйымдарды жағу қатерлі. Ауаға зиянды заттар бөлінеді. Адамдар мен жан-жануар уланады.

11–12-сабақ

Думан Рамазан «Соңғы дем» әңгімесі

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
сынақ, дем, жарымжан, сілкіптіп, жарылыс, ақырзаман, жара, ұлғайып, семіп, жиді

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттерге қарап, не бейнеленгенін айт. Қажетті сөздерді пайдалан.







Қажетті сөздер: сынақ, полигон, зардап шекті, жойылды.

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. «Броундық қозғалыс» әдісімен үш оқушыдан тақырыптарға қатысты ақпарат сұра.

1. Қазақстандағы эколологиялық аймақтар
2. Қазақстандағы полигондар
3. Семей ядролық полигоны
4. Семей ядролық полигонының зардаптары
5. «Невада-Семей» қозғалысы

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңдап, көп нүктенің орнына қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қойып жаз.

Аудиомәтін

1. Семей ядролық полигоны ... жылы ашылды.
2. Онда атом бомбаларын ... өткізді.
3. Бұл ядролық сынақтардан 500 мыңдай адам ... .
4. Семей ядролық полигонында ... ядролық сынақ жасалды.
5. 116 сынақ ... ... ашық жасалды.
6. Полигон ... жылы жабылды.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп, түсініп оқыңдар.

Күн әлі ұясынан көтеріле қоймаған кез. Гүлжан сиырын сауып, табынға қосты. Қаншайым қарияны көріп, қасына келді.

— Есенсіз бе, әжей?

— Шүкіршілік, қарағым. Өз үй ішің аман ба? Нұрбек баламның денсаулығы жақсы ма? Немереміз ауырып, түні бойы жылады.

— Салқын тиіп қалған болар, — деді Гүлжан қарияға.

— Жоға, Құдай! Ол ауырғалы қаш-а-ан!... Жарымжан болып туды ғой байғұс бала. Аузымен ғана дем алады, — деді қарт ана жанарына іркілген жасты жаулығының ұшымен сүртіп. — Адам бола ма, болмай ма, — білмеймін!

— Осының бәрі — ай сайын жер-дүниені сілкінтіп жатқан жарылыстардың әсері ғой.

— Иә, жарқыным... Атом емес, ақырзаман болды ғой бізге.

— «Нұрбектің де дерті содан болды ғой» деп ойлаймын... Шөпшілер бригадасында істегенде Дегелеңнің маңынан шөп шапқан еді... Ыстықтаған соң салқындап алайын деп кішкене көлге шомылыпты. Содан ертеңінде арқасына кішкене жара шығып, іріңдей бастады. Жара күннен күнге ұлғайып, қыс түсе Нұрбектің барлық денесіне тарады. Сонан қаралмаған дәрігері жоқ, ешқандай ем қонбады. Уақыт өткен сайын аяқ-қолы семіп, қозғалудың өзі күшке айналып барады. Шашы жидіп түсті, — деді Гүлжан көзіне жас алып.

— ...Әңгімемен тұрып қалыппыз ғой, қызым. Міне, шай да қайнады. Үйге кіріп, дәм ауыз ти, қарағым!

— Рақмет, әжей! Нұрбектің тамағын берейін...

Бір құшақ отын ала кірген Гүлжан пешке от жақты. Нұрбектің жанына келді. Ол қинала жатып:

— Жылы сүт бар ма? — деді.

— Бар... қазір...

Әйелі сүт әкеліп берді. Біраз уақыт өткен соң:

— Нүке! — деді ол ақырын ғана.

Дыбыс жоқ.

— Нұрбек! — деді дауысын көтере.

Үн жоқ...

«Түні бойы ұйықтай алмап еді», — деп, жүзіне үңілгенде, өңі аппақ құдай болып, көздері шарасынан шыға бақырайып жатқанын көріп:

— Шыны... мен... шыны... мен-ақ... тас...тап... кет...кенің... бе?! — деп жансыз денені құшақтай жығылды.

Р. Думан. «Соңғы дем» әңгімесінен үзінді

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқып, үлкен адамдардың амандасуына назар аудар. Өзің үлкен адамдармен, құрдастарыңмен қалай амандасатыныңды айт.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқып, анықта.

1. Мәтінде диалогке неше адам қатысқан?
2. Нұрбек — кім?
3. Қаншайым әже кім туралы айтты?
4. Гүлжан мен Қаншайым әжей не туралы сөйлесті?

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтін ішінде берілген жаңа сөздердің мағынасына назар аудар.

Дем, таңдай, жарымжан, сілкінтіп, жарылыс, ақырзаман, жара, ұлғайып, семіп, жидіп.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Қаншайым әжейдің немересі туралы айтқан сөздерін тауып, оқы. Әжей немересінің жарымжан болғанын неден көретінін анықта.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Гүлжанның күйеуі — Нұрбек туралы айтқан үзіндіні тауып, оқы. Нұрбектің ауруы неден басталғанын анықта.

ОҚЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтінді оқып, жоспар құр.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Таңертең кімдер кездесті?
2. Олар не туралы әңгімелесті?
3. Қаншайым әженің немересіне не болды?
4. Гүлжан кім туралы айтты?
5. Гүлжанның күйеуі қандай ауруға шалдыққан?
6. Қаншайым әженің немересі мен Нұрбектің ауруы неден пайда болған?

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. Youtube желісінен Семей ядролық сынақ полигоны туралы бейне-баян көріп, сыныпта баянда. Слайд жасап, тұсаукесер дайында.

АЙТЫЛЫМ

13-тапсырма. «Семей ядролық сынақ полигонының зардаптары» тақырыбында пікірталас ұйымдастырыңдар.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

14-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жазыңдар.

Бас бармақ — басты мәселе. Бүгін сабақта ең маңызды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұп болып қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім?

Ортан терек — ойлану. Бүгін қандай білік-дағды алдым?

Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы. Сабақта өзімді қалай сезіндім?

Есте сақта!

1949 жылы Семей ядролық полигоны ашылды. Полигонда 456 ядролық сынақ жасалды. 116 сынақ жер бетінде ашық жасалды. Полигон кейінірек жабылды.

13–14-сабақ

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Үзіндіні оқып, өтілген тақырыптардың қайсысымен идеялас екенін анықта.

Ғарышты зерттеу үшін әуе кеңістігіне зымырандар ұшырылады. Кейде спутниктер мен зымырандар әуеде жарылады. Олардың жерге құлаған сынық бөлшектері «ғарыштық қалдық» деп аталады. Олардың ең үлкендерін ғана радар арқылы көруге болады. Ал миллиондаған көрінбейтін бөлшектері астронавтар мен спутниктерге қауіп төндіруі мүмкін.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сөздердің байланысу түрлеріне бір сөйлемнен мысал келтіріп, дәлелде.

Байланыс түрлері	Мысалдары
Қиысу	
Матасу	
Меңгеру	
Қабысу	
Жанасу	

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. «Тұрмыстық қоқыс пен қалдықтарды сұрыптау» деген тақырыпта әңгіме құра. Берілген тірек сөздерді пайдалан.

Тірек сөздер: *өңде, сұрыпта, сұрыптама, өрте, жарат, жой (мен жоямын), залалсыздандыр, айыппұл.*

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Топқа бөлініп, «Тұрмыстық қалдықтарды қалай азайтуға болады?» деген тақырыпта пікірталас ұйымдастырыңдар. Әр топ ортақ шешімдерін айтсын.

1–2-сабақ

Қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктің жіктелуі

ОҚУШЫ, БҰЛ МОДУЛЬДЕ СЕН:

- аудиомәтін бойынша конспектілеу;
- мәтінде қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну;
- мәтіндегі күрделі сөздердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану;
- пікірталаста сенімді әрі еркін сөйлеу;
- эссе, тезис, сұхбат, баспасөз парағының құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау;
- клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп, эссе жазу;
- ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдердегі мәтіндерден негізгі ұғымдарды анықтай отырып, жинақы мәтін (компрессия) құрастыру;
- мәтін құрауда сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін орынды қолдану **дағдыларыңды жетілдіресің.**

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
бірдей, дәулетті, жарлы, тепе-теңдік

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Тақырыпқа байланысты жаңа сөздер бойынша сөздік жұмысын жаса. Оларды қатыстырып, 5 сөйлем құрап жаз.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мақал-мәтелді оқы. Олардың мағынасын тақырыппен байланыстырып, өз ойыңды айт.

Бай балпаң келер,
Жарлы жалтаң келер.

Аш бала тоқ баламен ойнамайды,
Тоқ бала «аш болам» деп ойламайды.

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Суреттерге қара. «Әлеуметтік теңсіздік» тақырыбына қандай қатысы бар?






АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Адамдардың әлеуметтік теңсіздігі» дегенді қалай түсінесің?
2. Қоғамдағы «бай» мен «кедей» деген — кімдер?
3. Жеке адамдардың бай не кедей болып бөлінуінде сауданың рөлі болды ма? «Сауда тарихы» тақырыбында бұл мәселе туралы не айтылды? Еске түсір. Айт.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді тыңда.



Аудиомәтін

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Аудиомәтін бойынша конспект жаз. Жазбаңа сүйеніп, мәтін мазмұнын түсіндір.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Аудиомәтіндегі антоним сөздерді тауып, жаз. Олардың мағынасын айт.

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Аудиомәтін бойынша берілген сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендіріп, сөйлем құра. Байланыс түрін анықта.

1	тепе-теңдік	а	қоғамы
2	табиғи	ә	деңгейі
3	ақыл-ойының	б	қатынас
4	өзіне	в	адамдар
5	адамзат	г	теңсіздік
6	дәулетті	ғ	бағынышты ету
7	жарлы	д	жандар

ОҚЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтінді оқы.

Қоғамның әлеуметтік топтарға жіктелуінің бай мен кедейден басқа да **өлшемдері** кездеседі. Мысалы, ерлер мен әйелдер арасындағы теңсіздік ерте заманда пайда болып, бүгінге дейін сақталып келеді. Барлық елде әйелдердің **табысы** ерлерге қарағанда төмен. Әйелдер арасындағы жұмыссыздықтың деңгейі жоғары. Әлеуметтік теңсіздіктің пайда болуына қоғамдық еңбек бөлінісі, яғни адамдардың **кәсіби мамандануы** ықпал етеді. Мысалы, еңбек аграрлық және өнеркәсіптік болып жіктеледі. Бұл қала мен ауылдың өмір салты бойынша халықтың территориялық-аймақтық жіктелуіне әкелді. Мысалы, еңбектің мазмұны мен түрінің сан алуандығы, тұрмыстық және мәдени қызмет салаларының, саяси және басқару орталықтары мен бұқаралық ақпарат жүйесінің, ғылым мен білімнің кеңінен дамуы — қалаға тән белгілер.

Қоғамдық еңбек бөлінісі ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы **айырмашылықтың** пайда болуына, соның нәтижесінде қоғамда білімі мен кәсіби деңгейі жоғары адамдар тобының қалыптасуына ықпал етеді.

П.А. Сорокин қоғамдағы адамдардың иерархиялық жоғары және төменгі топтарға жіктелуі құқық пен үстемдігі, жауапкершілік пен міндеттердің, байлық пен кедейліктің, билік пен ықпалдың тең бөлінбеуінен болатынын айтады. Автор аталған өлшемдер өмірде бір-бірімен сабақтас екенін ескертеді. Байлық иелері жоғары экономикалық топтардың өкілдері, жоғары саяси және кәсіби топтарға да жататынын айтады. Яғни бай адамның билікке, жоғары кәсіби топтарға енуіне мүмкіндігі мол, билігі бар адамның жоғары кәсіби дайындығы да бар, байлығы да бар.

Қоғам дамуының бір кезеңінде бұл өлшемдердің біреуі маңыздырақ болса, тағы бір кезеңде келесі біреуінің маңызы арта түседі.

Қ. Сабыров

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қойыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Мәтін мазмұнына сүйеніп, «Әлеуметтік теңсіздіктің жіктелуі» тақырыбында кластер жаса.

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Мәтінде қою қаріппен жазылған сөйлемдегі автордың ойы бойынша пікір алмасыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. Мәтіннің соңғы сөйлеміндегі пікірді өз ойыңмен жалғастырып жаз. Нақты мысалдармен дәлелде.

Қоғам дамуының бір кезеңінде бұл өлшемдердің біреуі маңыздырақ болса, тағы бір кезеңде келесі біреуінің маңызы арта түседі.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

14-тапсырма. Мәтінді оқы. Мазмұнын сызбаға түсіріп жаз. Түсіндір.

Америкалық әлеуметтанушы Т. Парсонс әлеуметтік жіктелу факторларын үш топқа бөледі:

1) адамның туа біткен табиғи белгілеріне байланысты факторлар: этникалық тегі, жыныс, жас ерекшеліктері, туыстық қатынастары, дене бітімі мен интеллектуалдық қабілеті, т.б.;

2) қызмет түрі, мамандығы мен кәсіби деңгейі;

3) меншік, материалдық және рухани құндылықтар мен артықшылықтар.

АЙТЫЛЫМ

15-тапсырма. «Даналық пен байлық» атты мультфильмді көріңдер. Пікірлеріңді айтыңдар. Ақыл мен байлықтың әлеуметтік теңсіздікке қатысы туралы ой бөлісіңдер.

ЕҰАЛ

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

16-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Бүгін не үйрендіңдер?
2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

Есте сақта!

Қоғамдық қатынас тепе-теңдік қатынас және теңсіздік қатынас болып бөлінеді. Ғалымдардың көпшілігі адамдар арасында табиғи және әлеуметтік теңсіздік болатынын айтады. Осы «теңсіздік» деген өлшем қоғамдағы адамдардың бірдей болмайтынын көрсетеді. Әлеуметтік теңсіздік, адамдардың қоғамдағы әлеуметтік-материалдық жағдайына — табысына, пайдасына, мансабына және т.б. байланысты. Мысалы, лауазымы жоғары, бай, дәулетті адамдар жарлы, кедей жандарды өзіне бағынышты етуге тырысады.

3–4-сабақ

Әлеуметтік теңсіздік және әлеуметтік топтар

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
мұқтаж, нәсіл, кемсіту, жат, түсіністік

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Төмендегі сөз тіркестерін қатыстырып, «Әлеуметтік теңсіздікті шешуге бола ма?» деген сұраққа жауап беретіндей шағын мәтін құрап жаз.

Қажетті сөз тіркестері: *рухани байлыққа мұқтаж, шыққан нәсіліне қарамай, адамдарды әділетсіз кемсіту, білімді адамға жат қылық, өзара түсіністік.*

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Оқы. Осы факторлардың сабақ тақырыбымен қандай байланысы болуы мүмкін? Өз болжамыңды айт, ойыңды дәлелде.

Білім деңгейі мектепте, орта, жоғары оқу орындарында алған біліммен, сол сияқты ғылыми атақ, дәрежемен есептеледі.

Кәсіби шеберлік — белгілі бір мамандық бойынша адамның арнайы білім дәрежесі мен шеберлігінің танылуы.

Мәртебе — адамның жоғары қоғам тарапынан көрсетілетін сый немесе құрмет.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда.

Аудиомәтін

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Аудиомәтін мазмұны бойынша сұрақ жазып, диалог құрыңдар. Мәтінде сан есімнің қандай түрлері қолданылғанын айт.

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Аудиомәтіннің мазмұнына сүйеніп, жақша ішіндегі сөздердің қажеттісін дұрыс тұлғада қойып, сөйлемді жаз.

1. Ресейдің Әлеуметтану институты қазіргі қоғамдағы әлеуметтік ... (теңсіздікке, жіктелуге, бөлуге) әсер ететін факторлар иерархиясын анықтады. 2. Респонденттердің 91,3 пайызы ... (билікті, білімді, нәсілін) басты фактор ретінде атап көрсеткен. 3. Зерттеу нәтижесі ... (табыс көлемін, мамандықтың түрін, шығу тегін) де маңызды көрсеткен. Әлеуметтік жіктелуде адамның білім деңгейі, кәсіби шеберлігі, жоғары мәртебесі (престиж) сияқты ... (факторлар, ұстанымдар, өлшемдер) негізге алынады.

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. 5-тапсырманың 3-сөйлеміндегі сөздердің байланысу түрлерін анықта.

© Интернет-ресурс

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқы.

Соңғы кезде әлеуметтанушылар әртүрлі өлшемдерді ескере отырып, қоғамды бірнеше жікке бөліп қарайтын модельдерді ұсынуда. 4 жіктен тұратын модель:

1) жоғары тап;

2) орта тап;

3) жұмысшы табы;

4) төменгі тап.

Жоғарғы тапқа ірі меншік иелері — қаржы және өнеркәсіп магнаттары, жоғары билік элиталары, жоғары категориядағы шенеуніктер жатады. Олар — шамадан тыс байлығы бар, қоғамның экономикалық және саяси өмірінде шешуші рөл атқаратын топ. Олардың қоғамдағы үлесі — 1 пайыз. Кейбір елдерде жоғары тапқа жоғары шенді әскери топтар мен шығармашылық интеллигенцияның танымал өкілдері де жатады. Бұл топтың білімі, мәдени дәрежелері, қоғамдағы мәртебелері де жоғары.

Өркениетті елдерде орта тап халықтың 60-80 пайызын құрайды. Бұл тап — қоғамдағы әлеуметтік тәртіп пен тұрақтылықтың тірегі. Олар — қоғамның негізгі интеллектуалдық күші. Орта тапқа ғалымдар, жазушылар, суретшілер, діни қызметкер, оқытушы, дәрігер, заңгер, орта және шағын кәсіп иелер, маманданған жұмысшылар, т.б. кіреді. Олардың тұрақты әрі сенімді қызмет орындары, жоғары табыстары және заман талабына сай өмір салттары бар. Олар «жақсы өмірге еңбек, күш-жігер, білімнің нәтижесінде жетуге болады» деген ұстанымды басшылыққа алады. Олар нәсілге жіктелмейді. Рухани байлықты жоғары қояды. Әрине, олар да өз ішінен табыс көлемі, кәсіби және білім деңгейлері бойынша жіктеледі. Бірақ оларға өзгені кемсіту жат. Барлық мәселеге түсіністікпен қарайды.

Ғылыми-техникалық прогресс заманында жұмысшы табы еңбегінің мазмұны, сипаты өзгерді. Олар механикаландырылған және автоматтандырылған өндіріс салаларында — зауыт пен фабрикаларда, ауылшаруашылық кәсіпорындары мен халыққа қызмет көрсету салаларында еңбек етеді. Бұл тап өкілдерінің тұрақты табыстары, белгілі бір дәрежеде білімі мен кәсіби дайындықтары бар.

Төменгі тапқа арнайы мамандығы жоқ жұмысшылар, жұмыссыздар мен люмпендер (қайыршылар, босқындар, қылмыскерлер, т.б.) жатады. Көпшілігінің тұрақты табыс көздері болмағандықтан, абсолютті кедейшілік жағдайда өмір сүреді. Олар — материалдық та, рухани да игілікке мұқтаж, өзгелердің кемсітуіне төзімді, жарлы адамдар.

Сонымен, әлеуметтік жіктелу — кез келген қоғамға тән құбылыс. Барлық қоғам мүшелерінің арасындағы жаппай теңдік орнататын эгалитарлық (фр. egalité — теңдік) қоғам орнату мүмкін емес екенін әлемдік даму тәжірибесі дәлелдеп отыр.

«Әлеуметтану» кітабынан

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтінге тақырып қой. Неге сол тақырыпты таңдағаныңды дәлелдеп айт. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құр.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Төмендегі тезистерді оқылған мәтіннің жүйесі бойынша орналастыр.

	Интеллигенция «жақсы өмірге еңбек, күш-жігер, білімнің нәтижесінде жетуге болады» деген ұстанымды басшылыққа алады.
	Төменгі тап өкілдері — рухани игілікке мұқтаж, өзгелердің кемсітуіне төзімді, жарлы адамдар.
	Орта тап өкілдері нәсілге бөлінбейді.
	Элиталық таптың білімі мен мәдени дәрежелері, қоғамдағы мәртебелері де жоғары болады.
	Әлеуметтік таптарға жіктелу — кез келген қоғамға тән құбылыс.
	Төменгі таптың көпшілігінің тұрақты табысы болмайды.
	Әлеуметтанушылар қазіргі қоғамды бірнеше жікке бөлудің өлшемдерін анықтаған.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Суреттерге қара. Оларды «жоғары», «орта», «жұмысшы», «төменгі» таптың қайсысына жатқызар едің? Неге? Өз ойыңды дәлелдеп айт.







ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Төмендегі диалогті толықтырып жаз.

— Әлеуметтанушылар қоғамдағы адамдарды қандай таптарға жіктейді?
— ... .
— Қай топ халықтың ең аз пайызын құрайды? Неге?
— ... .
— Орта тапқа кімдер жатады? Оларды біріктіретін — қандай ұстаным?
— ... .
— Төменгі таптың өкілдері жоғары билікке жете ала ма?
— ... .
— Тапқа бөлінбейтін қоғам бола ма?
— ... .

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, қоғамдағы әртүрлі таптар мен топтардың ара-жігін ашып көрсететін кластер жаса. Түсіндір.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. Әртүрлі ақпарат көздерін пайдаланып, Қазақстандағы аталған топтардың пайыздық көрсеткішін анықта. Оны сызбаға түсір.

АЙТЫЛЫМ

14-тапсырма. Әлеуметтік топтардың ішінде мен үшін ең беделдісі:

1. Жоғары билік элиталары;
2. Орта тап өкілдері;
3. Жұмысшы табы;
4. Төменгі тап құрамындағы тұлғалар.

Осы пікірлердің қайсысын құптайсың? Себебін дәлелдеп айт.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

15-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

Бас бармақ — басты мәселе. Бүгін сабақта ең маңызды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұп болып қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім?

Ортан терек — ойлану. Бүгін қандай білік-дағды алдым?

Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы. Сабақта өзімді қалай сезіндім?

Есте сақта!

Орта таптың тұрақты әрі сенімді қызмет орындары, жоғары табыстары және заман талабына сай өмір салттары бар. Олар «жақсы өмірге еңбек, күш-жігер, білімнің нәтижесінде жетуге болады» деген ұстанымды басшылыққа алады. Олар нәсілге жіктелмейді. Рухани байлықты жоғары қояды. Әрине, олар да өз ішінен табыс көлемі, кәсіби және білім деңгейлері бойынша жіктеледі.

5–6-сабақ

Жұмыссыздық және әлеуметтік теңсіздік

Жаңа сөздер:
қақтығыс, саты, ұлтаралық, ұғыну

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Бағанда берілген сөздерді тіркестір. Байланыстың қай түріне жататынын дәлелдеп айт. Сөз тіркестерін қатыстырып, сөйлем құра.

1	жұмысшылардың		келісім
2	мансаптың		ұғыну
3	ұлтаралық		мұқтаж
4	әлеуметтік		жол бермеу
5	міндетін		қақтығысы
6	байлыққа		теңсіздік
7	кемсітуге		сатысына көтерілу

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Суреттерге қара. Осы мәселелердің жұмыссыздықпен байланысы бар ма? Пікіріңді айт.









ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Ұлы адамдардың пікірін оқы. Нақыл сөздердің әлеуметтік теңсіздікпен, жұмыссыздықпен сабақтастығын ашып, ойларыңды дәлелдеңдер.

Кейбіреулерге қанша мал бітсе де, байлық бітпейді (Абай).

Байлық — адамдардың аңсары. Бірақ ол маған еңбексіз келсе, мен оны пайдаланбаймын. Кедейлік — адамдардың қорқынышы. Бірақ ол менің еңбегіме сай келсе, мен одан қысылмаймын (Конфуций).

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда.

Аудиомәтін

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Төмендегі сөздерді қатыстырып, аудиомәтін мазмұны бойынша диалог құрыңдар.

Еңбек нарығы, айырбастау тетігі, сұраныс пен ұсыныс, негізгі субъектілер, нарықтық сұраныс, жұмыс күші, еңбекке қабілеттілік.

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Аудиомәтіннің мазмұны бойынша тезис жаз.

ОҚЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқы.

Жұмыссыздық — еңбек ұсынысының еңбекке деген сұраныстан артып кетуі; еңбекке жарамды халықтың жұмыс таба алмауы немесе жұмыспен қамтылмауы. Еңбек нарығында тепе-теңдік орын алғанда жұмыспен толық қамтылады.

Еңбек нарығында жұмыссыздықтың негізгі үш түрі бар:

1) фрикциондық жұмыссыздық — адамдардың әртүрлі өмір кезеңдерінде бір жұмыс орнынан басқа бір жұмыс орнына ауысып отыруына байланысты қысқа мерзімдегі еркін жұмыссыздық. Жұмыссыздықтың бұл түрі жұмыс іздеп, күтумен байланысты. Азаматтардың кәсіби біліктілігі мен жеке талғамдарына сәйкес келетін жұмыс орындарын іздеу белгілі бір уақытты талап етеді. Жұмыс күшінің бір бөлігі кәсіби мүдделерінің, мекенжайының өзгеруімен байланысты өз қалауы бойынша жұмыстан шығып кетіп отырады. Сондай-ақ жұмыс орнын бірінші рет іздеп жүрген азаматтар да жұмыссыздықтың осы категориясына кіреді. Мысалы, оқу бітіріп диплом алған

жас маман біліктілігін іске асыру үшін аса қолайлы жұмыс орнын іздеуі мүмкін. Бұл кезде жұмыс беруші мен жұмысшы бір-бірін еркін ұғынады;

2) құрылымдық жұмыссыздық — еңбек ұсынысы мен еңбекке деген сұраныстың сәйкес келмеуінен пайда болатын мәжбүрлі, ұзақмерзімді жұмыссыздық. Жұмыссыздықтың бұл түрі өндірістегі технологиялық прогреске сәйкес жұмыс күшіне деген сұраныстың азаюынан туады. Бұл жұмыссыздық мамандықтары «ескірген» немесе заманауи экономикаға қажеті шамалы азаматтардың арасынан көрініс табады. Қайта даярлаудан өту үшін аса көп уақыт кетеді, көбінесе мемлекет тарапынан қосымша шығын жұмсауды талап етеді. Бұл — жұмыс беруші мен жұмысшының арасында түсініспеушілік тудыруы мүмкін;

3) циклдік жұмыссыздық — өндіріс деңгейінің құлдырауы немесе сұраныстың төмендеуіне байланысты кез келген мамандық бойынша жұмыс таба алмау салдарынан пайда болатын жаппай жұмыссыздықтың аса ауыр түрі. Бұл —жұмыссыздықтың нақты деңгейінің табиғи деңгейінен ауытқуымен байланысты. Мұндай кезде әртүрлі шерулер, қақтығыстар орын алуы мүмкін.

Экономикалық құлдырау кезеңінде циклдік жұмыссыздық фрикциондық жұмыссыздық пен құрылымдық жұмыссыздықты толықтырады, ал экономикалық өсу (өрлеу) кезеңдерінде циклдік жұмыссыздық жоғалады.

«Макроэкономика» кітабынан

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қой.

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша конспект жаз. Жұмыссыздық пен әлеуметтік теңсіздіктің байланысы жөнінде өз қорытындыңды жаз.

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтін мазмұны туралы пікіріңді «Төрт сөйлем» құрылымына салып жаз.

1. **Пікір:** оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.
2. **Дәлел:** өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.
3. **Мысал:** пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.
4. **Қорытынды:** мәтін бойынша қорытынды жаса.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. «Аквариум». Рөлдік ойын. Жағдаят: мәтінде сипатталған үш жұмыссыз кездесіп қалды. Олар бір-біріне жағдайларын айтып, тілдесулері керек. Осы көрініс үш-үштен бірігіп, сынып алдында көрсетіңдер. Сынып ең үздік тілдесімді анықтасын.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. Мәтінді оқы. Қою қаріппен жазылған терминдердің мағынасын «Әлеуметтік сөздікке» сүйеніп анықта.

Енжар саясат кезінде мемлекет еңбек нарығында жұмыссыз қалғандарды **мемлекеттік қолдау**, **әлеуметтік қорғау** шараларын жасайды. Мұндай жағдайда жұмыссыз азаматтарға келесідей **кепілдемелер** беріледі:

— материалдық көмек, жәрдемақы және басқа да **әлеуметтік төлем** түрінде әлеуметтік қолдау;

— тегін медициналық қызмет.

Дамыған елдерде жұмыссыздарға қаржылай көмек беру жұмыссыздық бойынша **сақтандыру жүйесі** негізінде жүзеге асырылады, сол арқылы жұмыссыздардың өмірлік ең төменгі шығындары қамтамасыз етіледі. Жоғарыда аталып өткендей, еңбек нарығын реттеуде **еңбек биржалары** маңызды орын алады.

АЙТЫЛЫМ

13-тапсырма. Мәтіннен түсінгеніңді айт.

ОЙТАРАЗЫ

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

14-тапсырма. Тақырып бойынша берілген оқу материалдарын «INSERT» оқыту стратегиясы бойынша талда. Төмендегі белгілермен әр азатжолды немесе сөйлемді белгіле. Ойыңды қорытып жаз.

«V»	«–»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін	Менің ойлағаныма қайшы, кереғар	Мен үшін жаңа ақпарат	Келісе алмаймын, білгім келеді

Есте сақта!

Циклдік жұмыссыздық — өндіріс деңгейінің құлдырауы немесе сұраныстың төмендеуіне байланысты кез келген мамандық бойынша жұмыс таба алмаудан орын алатын жаппай жұмыссыздықтың аса ауыр түрі. Бұл — жұмыссыздықтың нақты деңгейінің табиғи деңгейінен ауытқуымен байланысты. Мұндай кезде әртүрлі шерулер, қақтығыстар орын алуы мүмкін.

7–8-сабақ

Ұлықбек Есдәулет — ақын, қайраткер

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
жарлық, дәйек, қарар

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Оқы. Қою қаріппен жазылған сөздердің синонимін тап. Нақыл сөздердің сабақ тақырыбымен қандай байланысы болуы мүмкін? Өз болжамыңды айт, ойыңды дәлелде.

Ақын болып туады, **шешен** болып қалыптасады (Цицерон). Ақындық — туабітті **қасиет**, шешендік — жүре келе қалыптасатын **қабілет** (Әл-Фараби). Ақын болу — шарт емес, **азамат** болу — парызың (Н. А. Некрасов).

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Төменде берілген сөздерді тіркестіріп жаз. Сол сөз тіркестерін қолданып, сөйлем құра.

қарар	нәсіл
елбасының	келтірді
ақындық	қабілет
ұлтаралық	болды
дәйек	қабылдады
мұқтаж	жарлығы
шешендік	қасиет
қара	қақтығыс

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Суреттерге қара. Символдар туралы ойыңды сабақтың тақырыбымен байланыстырып айт.





МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда.

Аудиомәтін

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Аудиомәтін мазмұны бойынша сұрақ жазып, диалог құрыңдар. Мәтінде қандай әдеби терминдер қолданылғанын айт.

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Аудиомәтін мазмұнына сүйеніп, ақпараттың дұрыс не дұрыс еместігін анықта.

	Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
1	1932 жылы Қазақстан Өлкелік партия комитеті қарар қабылдады.		
2	Қазақстан Жазушылар одағы 1935 жылы құрылды.		
3	Қазіргі уақытта одақтың 100-ден астам мүшесі бар.		
4	Үкіметтің жарлығымен М. Әуезов Ленин сыйлығының лауреаты болды.		
5	Тұңғыш Президент Н. Назарбаевтың жарлығымен Олжас Сүлейменовке «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы берілді.		

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Тыңдалған мәтіннен қиыса, қабыса байланысқан сөз тіркестерін тауып, жаз.

ОҚЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтінді оқы.



Ұлықбек Есдәулет 1954 жылы 29 сәуірде Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Үлкен Қаратал ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын 1971 жылы облыстық «Коммунизм туы» («Дидар») газетінде корректорлықтан бастаған.

1977 жылы Қазақ **Мемлекеттік университетінің** журналистика факультетін бітірген. «Қазақстан пионері» («Ұлан») газетінде, «Жазушы» баспасының поэзия **редакциясында қызмет істеген.**

1983-1985 жылдары М. Горький атындағы Әдебиет институтының жанындағы Жоғары әдеби курсты бітірген. Бұдан кейін «Қазақстан» телеарнасының жастар редакция-

сында, «Жазушы» баспасының сын редакциясында редактор, «Қазақ әдебиеті» газетінде сын бөлімінің қызметкері болды.

1988-1991 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы, 1991-1993 жылдары «Жас қазақ» газетінің бас редакторы, 1993-1997 жылдары ҚР Сыртқы істер министрлігінің ЮНЕСКО істері және мәдени байланыстар басқармасында, 1997-2001 жылдары ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Тілдерді дамыту департаментінде **бөлімдерді басқарған**.

2001 жылдың басынан бері ҚР Үкіметінің әлеуметтік-мәдени даму бөлімі **секторының меңгерушісі.**

2002-2008 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, 2008 жылдан бері «Жұлдыз» журналының бас редакторы.

2018 жылы Тұңғыш Президенттің жарлығымен Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы болып сайланды.

Баспасөз материалдарынан

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтіндегі күрделі атауларды тап. Олардың мағынасы мен жасалу жолын анықта. Қою қаріппен жазылған сөз тіркестері байланыстың қай түріне жататынын дәйектеп айт.

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтіннен басқа тілден енген термин сөздерді тауып, мағынасын анықта. Оларды қатыстырып сөйлем құрап жаз.

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша ақынның түйіндемесін жаз.

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Жұптық жұмыс. Телехабардағы ақын мен журналистің сұхбатын көрсетіңдер. Әңгіме өзегі ақынның шығармашылық жолы туралы болсын.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. Ақпарат көздерін пайдаланып, Қазақстан Жазушылар одағының төрағалары туралы мәлімет тауып, жинақы мәтін (компрессия) жаз. Ақпарат бойынша постер құра.

АЙТЫЛЫМ

14-тапсырма. Жағдаят. Сен Ұлықбек Есдәулетпен пойызда таныстың. Ол кісімен не туралы сөйлесер едің?

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

15-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

Бас бармақ — басты мәселе. Бүгін сабақта ең маңызды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұп болып қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім? Кім маған көмектесті?

Ортан терек — ойлану. Бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы. Сабақта өзімді қалай сезіндім?

Есте сақта!

Ұлықбек Есдәулет 1954 жылы 29 сәуірде Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Үлкен Қаратал ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын 1971 жылы облыстық «Коммунизм туы» («Дидар») газетінде корректорлықтан бастаған.

1983-1985 жылдары М. Горький атындағы Әдебиет институтының жанындағы Жоғары әдеби курсты бітірген.

2002-2008 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, 2008 жылдан бері «Жұлдыз» журналының бас редакторы.

2018 жылы Тұңғыш Президенттің жарлығымен Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы болып сайланды.

9–10–
сабақ

Ұлықбек Есдәулет «Қара пима» поэмасы

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. «Ассоциограмма». «Пима» диаграммасын толтыр.



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Сөздердің бес түрлі байланыс түрін қамтып, қыс туралы шағын мәтін құрап жаз.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Әртүрлі дереккөздердегі ақпаратты оқып, қыс мезгіліне, табиғат құбылыстарына қатысты тыйым сөздер мен мақал-мәтелді тауып жаз.

ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы.

ҚАРА ПИМА

Алай да дүлей ақ боран
Ысқырып, ұйтқып, бұрқырап,
Аттаған жанды қақпадан
Қақпақыл қылар жұлқылап...

Ішуге сылтау табылар,
«Ішемін, — дейді, — күйіктен».
Қызған соң айтар әні бар:
«Өмір-ау, неткен сүйікті ең!»

Қызып ап кейде: «Сорлым!» — деп,
Құшақтап ұлын жылайды.
«Арақты енді қойдым», — деп,
Төсекке барып құлайды.

Әкесін сонда бас салып,
Кемсеңдеп, **ернін тістелеп,**
Көзінен ыстық жас тамып,
Жалынар: «Папа, ішпе!» — деп.

...Киім жоқ, **тесік тиын жоқ,**
Бір кезде болған, әрине.
Үйде де ешбір бұйым жоқ,
Арақка салған бәрін де.

Сатылған қой мен сиыры,
Домбыра, сағат, кілем де.
Жарының бүкіл киімі
Табылмас қазір бір «емге».

...Қалтасын қайта сілкеді
Қазына тауып алардай.
Көзімен үйді тінтеді
Сататын нәрсе табардай.

Сілеркей сарсаң күйімен,
Шөліркей аңсап қимасын.
Қолтықтап шықты үйінен
Ұлының қара пимасын.

Жалынышты үнмен тіл қата,
Жанында ұл жүр айналып:
«Пимам ғой менің — бұл, папа,
Барасың оны қайда алып?».

Жабысты **жолын кес-кестеп,**
Көз жасы тарам-тарам боп.
«Пимамды, папа, тастап кет,
Мектепке қалай барам?!» — деп.

Кешкірген мезгіл. Әтештер
Шақырып жатты қорада.
Табанын қарып кетті қар,
Елейтін оны бала ма?..

Қанғандай содан айызы,
Әкесі ұзап барады.
Қанды қар болып ауызы,
Артында ұлы қалады.

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мұғалімнің көмегімен төменде берілген қай сөз мәтіндегі қою қаріппен жазылған қай фразеологизмге синоним болатынын анықта. Жаз.

Сөз	Фразеологизм	Сөз	Фразеологизм
ештеңе жоқ		таптырмайды	
өкіну		тоқтату	
рақаттану		мұздату	
ойнау		қалау, сағыну	

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Өлеңдегі әр шумақтың мазмұнын ашатындай сұрақ жаз. Сол сұрақтарды пайдаланып, үлгі бойынша сұхбат құрыңдар.

Үлгі:

— Өленде жылдың қай мезгілі туралы айтылады?

— … .

— Кім ішуге сылтау табады? Ол не үшін ішеді?

— … .

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіндегі қай шумаққа қай сөйлем сәйкес келеді?

Үйдегі заттың бәрін сатып жіберген.

Бала әкесіне: «Арақ ішпе!» — деп жалынады.

Әкесі баласының пимасын алып кетеді.

Баланың табанынан суық өтеді.

Далада — қатты аяз.

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Өленнің мазмұнын өз сөзіңмен баяндап жаз.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Өлең мазмұны бойынша «Отбасы трагедиясы» тақырыбында диалог құрыңдар.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтінді оқы. Түсінгеніңді өлең кейіпкерінің әрекетімен байланыстырып айт.

Маскүнемдік (алкоголизм) — спиртті ішімдікке салынушылық. Бұл — адамның денсаулығына, тұрмысына, еңбек қабілетіне, қоғам өміріне зиян келтіреді. Маскүнемдік мінез-құлықты бұзумен қоса қылмысқа да итермелейді. Арақұмар отбасының, балашағасының берекесін кетіреді. Маскүнем адам бағыт-бағдарынан айырылып, бақытсыздыққа ұшырайды, жұмыс қабілетінен айырылады.

Ішімдікке салыну, тіпті аз мөлшерде ішкеннің өзінде де, созылмалы алкоголизмге — ішпесе тұра алмайтын дертке шалдықтыруы, ішкі органдарын кеселге ұшыратуы, адамның мінез-құлқын өзгертуі мүмкін. Ауру бірте-бірте өршиді. Маскүнемдікке салыну әуелі әуестіктен, соңынан әр нәрсені сылтау етіп, әйтеуір ішуді мақсат етуден, соны үйреншікті әдетке айналдырудан келіп туады. Бірте-бірте ағза ішімдікке дағдыланады. Бұрынғы ішіп жүрген мөлшер әсер етпейді, мастық күйге жету үшін әлдеқайда көп ішу қажет болады. Мас адам ашушаң, кінәмшіл, тым батыл келеді. Бара-бара адам ішпесе, тұра алмайтын халге жетеді.

«Денсаулық» журналынан

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Мәтін мазмұнындағы ойды ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет, публицистикалық стильдерде жаз. Олардың ерекшеліктерін салыстырып, талда.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жазыңыз.

Бас бармақ — басты мәселе. Бүгін сабақта ең маңызды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұп болып қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім? Кім маған көмектесті?

Ортан терек — ойлану. Бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы. Сабақта өзімді қалай сезіндім?

Есте сақта!

Қызып ап кейде: «Сорлым!» — деп,
Құшақтап ұлын жылайды.
«Арақты енді қойдым», — деп,
Төсекке барып құлайды.

Әкесін сонда бас салып,
Кемсеңдеп, ернін тістелеп,
Көзінен ыстық жас тамып,
Жалынар: «Папа, ішпе!» — деп.

11–12-сабақ

«Қара пима» — трагедиялық шығарма

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Жастар арасында адамды бұзатын әртүрлі зиянды әдеттерге үйірлік бар. Сол зиянды әдеттерді білесің бе? Қайсысы өте зиян? Осыған қатысты деректер тауып, берілген сұрақтарға жауап жаз. Пікіріңді айт.

Зиянды әдеттер	Қазақстанда қанша адам осы дертке шалдыққан?	Оның салдары қандай болады?	Осы дертке шалдығудың себебі неде?	Онымен қалай күресуге болады?

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Жұптық жұмыс. Алдыңғы сабақта өткен өлеңнің соңғы шумағын оқып, поэма сюжетінің қалай аяқталуы мүмкін екенін болжап айтыңдар.

Кешкірген мезгіл. Әтештер Шақырып жатты қорада. Табанын қарып кетті қар, Елейтін оны бала ма?..	Қанғандай содан айызы, Әкесі ұзап барады. Қанды қар болып ауызы, Артында ұлы қалады.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Әлеуметтік желілерден Ұлықбек Есдәулеттің поэмасы бойынша түсірілген бейнефильмді көріп, мәтінін тыңдаңдар. Әнін жазған: қазақтың белгілі композиторы — Алтынбек Қоразбаев. Әнді орындаған: Алма Аманжолова.





АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Бейнебаяннан көрген, тыңдаған поэма бойынша түсінгендеріңді айтыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Төмендегі тақырыптарды бейнебаян мазмұнының ретімен орналастыр.

	Арақа салынған әке		Әке өкініші
	Қарда жатқан бала		Дүние-мүліктің сатылуы
	Пима үшін талас		Анасын аңсаған бала

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Сөйлемге қажетті сөз тіркестерін тауып, жаз.

Бейнебаянда ... трагедия туралы айтылады. Оқиға ... басынан өткен. Әйелі ..., жігіт арақа салынады. Оның бар тауқыметін ... көреді. Балаға ауылдастары ... .

Әкесі үйдегі дүние-мүліктің бәрін ... . Ең соңында ол ... сатуды ойлайды. Баласы пимасын ... . Бірақ әкесі оны ... ұрып, пиманы ... . Бала ... жалаңаяқ жылап жатады. Ал әкесі ... қайтып келмейді. Бала қатты ... ауырып, ауруханаға түседі. Дәрігерлер оның ... кеседі.

Әкесі арағын қойып, ұзақ уақыт ... . Ол үйіне келгенде баласын ... . Поэманың соңында әкесі баласына ... сатып әкеледі. Бірақ баланың ол кезде ... да кесілген еді. Әкесі қатты өкініп, ... Бірақ бәрі ... .

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. «Үздік журналист». Мәтін мазмұны бойынша, автордан сұхбат ал. Ол үшін поэманың мазмұнына сай келетін 2-3 сұрақ жаз. Онда этикеттік сөз орамдарын қолдан. Сыныпта жазған сұрақтарыңды оқыңдар. Сыныптағы «үздік журналисті» анықтаңдар.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. «Оймоншақ». Топтық жұмыс. Мәтін мазмұнын баяндаңдар. Сынып ең үздік топты анықтасын.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Жұптық жұмыс. Телеарнадағы тікелей эфирде психологпен арақтың зияны туралы сұхбат жүріп жатыр. Психолог маманға қандай сұрақ қояр едің?

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. «Арақтың зияны» тақырыбында аргументативті эссе жаз. Кіріспе бөлімде екі тезис жаз. Негізгі бөлімде әр тезиске байланысты дәйектер келтір. Онда екі дәйексөз бен статистикалық деректі орынды қолдан.

Есте сақта!

Заманымыздың айықпас ауруының салдарын жырлайтын «Қара пима» поэмасы — көпшілікке ой тастаған, тура жолдан адастырмас имандылықтың айнасы.

13-сабақ

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. «ПОПС» формуласын қолданып, осы тарауда өткен оқу материалдары бойынша өз пікіріңді дәлелде.

- **Бірінші сөйлем:** «Менің ойымша, ...».
- **Екінші сөйлем:** «Себебі мен оны «...» деп түсіндіремін».
- **Үшінші сөйлем:** «Оны мен «...» деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын».
- **Соңғы сөйлем:** «Осыған байланысты мен «...» деген шешімге келдім».

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Әртүрлі ақпарат көздерінен ұлы адамдардың байлық пен кедейлік, қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік, жалқаулық пен еңбекқорлық жайында айтқан даналық сөздерін тауып, жаз. Бірін таңдап алып, өз пікіріңді таратып айт.







АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Интернеттен Қазақстандағы халықтың жұмыспен қамтылуы жайында мәліметтер мен статистикалық деректерді жинаңдар. Өздерің қалаған еңбек биржасының өкілдерімен «Жұмыссыздық мәселесін шешу жолдары» тақырыбында баспасөз конференциясын өткізіңдер. 4-5 оқушы әр биржаның өкілі, қалғандарың БАҚ журналистері ретінде сұхбаттасыңдар. «Журналистер» ең үздік еңбек биржасын анықтасын.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтырыңдар.

Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады/ұнамады?

1–2-сабақ

Нашақорлық — қоғамдық дерт

ОҚУШЫ, БҰЛ МОДУЛЬДЕ СЕН:

- көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдап, салыстыру;
- пікірталас-полилогке қатысу;
- факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау;
- аргументативті эссе жазу;
- құрмалас сөйлемдердің жасалу жолын біліп, дұрыс қолдану **дағдыларыңды жетілдіресің.**

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
жүйке, құмарлық, есірткі, ем, айырылу, арыл, душар

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Берілген мақал-мәтелді қалай түсінесің? Ойыңды дәлелдеп айт.

- Ауру — астан.
- Ауруын жасырған өледі.
- Ас тұрған жерде ауру тұрмайды.
- Ертеңгі асты тастама, кешкі асқа қарама.
- Тәні саудың жаны сау.

ТІЛДІК БАҒДАР

Құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдары

Екі я одан да көп жай сөйлемнен құралып, күрделі ойды білдіретін сөйлемді құрмалас сөйлем дейміз.

Құрмаласу жолдары	Мысалдар
Интонация арқылы іргелесе байланысады.	Қазақстанда ресми тіркелген нашақорлар саны 57 мың адамға жеткен, оның 42,5 пайызын 17-26 жас аралығындағы жастар құрап отыр.
Жалғаулық, кейде септеулік шылаулар арқылы байланысады.	Досым қатты семіріп кетті, себебі ол дұрыс тамақтанбайды.

Құрмалас сөйлемнің бірінші сөйлемінің баяндауышы тиянақсыз формада келіп (көсемше, есімше, шартты рай тұлғалы етістіктер) екінші сөйлеммен құрмаласа байланысады.	Қазіргі таңда есірткіге қарсы күрес күшейіп, оған қарсы іс-шаралар жүйелі жүргізіліп келеді.

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Берілген сөз тіркестерін байланыс тәсілі мен түріне қарай бөліп жаз.

Тазалық сақтау, спортпен айналысу, уақытында тамақтану, жаттығу жасау, таңертең жүгіру, майлы тағам, кешке серуендеу, уақытында демалу.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтіндегі сан есімдерді жаз.

ТЫҢДАЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтінде жауабы бар нұсқаны белгіле.

Аудиомәтін

А) Қазір дүниежүзінде интернетке тәуелді балалар саны артып келеді.

Ә) Қазір дүниежүзінде 155 миллион салмағы артық бала бар.

Б) Қазір дүниежүзінде есірткіге тәуелді балалар көбейіп келеді.

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтіндегі жастар арасында кездесетін ауру түрлерін айтып бер.

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Балалардың артық салмақ қосуына әсер ететін тағамдар жайлы айт. Мысалдар арқылы дәлелде.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой.

1987 жылдың 7 желтоқсанында БҰҰ Бас ассамблеясына мүше мемлекеттер 26 маусымды «Халықаралық нашақорлықпен күрес күні» деп жариялады. Себебі

нашақорлық барлық халыққа ортақ әлеуметтік мәселеге айналды.

Нашақорлық — есірткі пайдалануға құмарлық. Ол ағзаның психикалық және физикалық қызметтерінің бұзылуына әкеледі.

Есірткі — адамның миын, психикасын, ішкі органдарды біртіндеп бұзатын у.

Есірткі адамды 3-4 жылдың ішінде ақыл-есінен айырады. Морфин қолданатындар 2-3 айдан кейін қызмет ету қабілетін жоғалтады, өз-өзіне қарауды қояды. Кокаин қолданатын адамдар 4 жылдан артық өмір сүрмейді. Олар жүрегі жарылып, не болмаса мұрын қалқаны жұқарып, қансырап өледі.

Нашақорлар өз-өзін сақтау түйсігін жоғалтады. 60%-ға жуық нашақор есірткіге тәуелді болып, өзіне өзі қол жұмсап өлуге ұмтылады. Есірткіге тәуелді адамдарда жұқпалы аурулар жиі кездеседі.

Сондықтан бүкіл адамзат нашақорлыққа қарсы күреске шығып отыр. Қазақстанда да есірткі таратушылар қылмыстық жауапкершілікке тартылып, өмір бойы бас бостандығынан айырылады. Ал Иран сияқты кейбір мұсылман елдерінде есірткі сатқандарды өлім жазасына кеседі.

«Экология және ұлт денсаулығы» кітабынан

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтін бойынша конспект жаз. Мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметті жинақтап, тірек-сызбаға түсір.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтіндегі құрмалас сөйлемдерді тап. Жасалу жолдарын түсіндір.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. «Сұрақ-жауап ағашы». Топтық жұмыс. Барлық оқушы мәтін бойынша сұрақ жазып, ағашқа жапсырады. Сұрақта жаңа сөздердің қолданылуына назар аудару қажет. Келесі кезеңде ағаштан оқушы сұрақ жазылған қағаздарды алып, жауап беруі тиіс.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Сөйлемдерді құрмаласу тәсілі бойынша жаз.

1. Есірткіге тәуелділердің 27 пайызын 12-16 жастағылар құраса, 42,5 пайыздан астамы 17-26 жас аралығындағы жастар болып отыр. 2. Нашақор адамның қоршаған ортаға, айналасындағы адамдарға көзқарасы өзгеріп, көңіл күйі жиі бұзылады.

3. Нашақорлыққа душар болған адамның психика, жүрек қан-тамыры, жүйке жүйесі, бауыр, бүйрек қызметі бұзылып, ой-өрісі төмендейді. 4. Нашақорлық — бүкіл қоғамның дерті, болашағымызға қауіп төндіріп тұрған қасірет.

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. «Біз есірткіге қарсымыз» тақырыбында әңгіме өткізіңдер. Қосымша дереккөздерден есірткінің зияны туралы жинаған мәліметтеріңмен бөлісіңдер.

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. «Нашақорлық — қоғам дерті» тақырыбында эссе жазыңдар.

Эссеге қойылатын талаптар:

- нақты айқындалған кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерден құралуы шарт;
- тақырыптан ауытқымаған дұрыс;
- тезистерді ұтымды дәлелдермен растау қажет;
- өмірмен байланыс болуы тиіс;
- өзіндік тың пікірлер келтіру керек;
- баяндау стилі нақты болуы шарт;
- көркемдеуіш құралдарды ұтымды қолдану қажет;
- көлемі — 100-150 сөз.

АЙТЫЛЫМ

14-тапсырма. Жағдаят: көршің — нашақор. Інің оның қолданған шприцін тауып алып келді. Есірткінің зияны туралы ақпаратты тауып, ініңе түсіндіріп бер.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

15-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап бер.

1. Бүгін не үйрендің?
2. Сабақ бойынша қандай сұрағың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?
4. Сабақтағы материалдан өзіңе қандай ой түйдің?

Есте сақта!

Синтетикалық сусындарды ішу, фастфуд жеу семіздікке душар етеді. 26 маусым — нашақорлықпен күрес күні.

3–4-сабақ

Темекі тарту — зиянды әдет

Жаңа сөздер:
шөлдеу, кері, әуестену, сырқаттан, қанқұрт, зақымдау, көмей, обыр

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Берілген жай сөйлемдерді құрмалас сөйлемге айналдыр.

1. Су лалагүлі (құмыра) — суда өсетін гүлді өсімдік. Бұл — судың бетінде қалқып тұратын, үлкен өсімдік. 2. Қазіргі таңда семіз адамдардың қатары көбейіп келеді. Семіздік синтетикалық сусындарды, фастфуд тағамдарын қолданғаннан болады. 3. Жастардың денсаулығы қоғамда алаңдатушылық тудырып отыр. Қазақстан Республикасында жастарға арналған денсаулық сақтау орталықтары жұмыс істейді.

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сурет бойынша диалог құрыңдар.



Аудиомәтін

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тақырып қой. Мәтіндегі жаңа сөздерді айт.

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Төменде берілген сөздердің антонимін жаз. Осы сөздерді пайдаланып, құрмалас сөйлем құра.

Төмендетеді, шаршайды, шөлдейді, оң, ұзақ, кеңейтеді.

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтін бойынша 4 сұрақ дайындап, көршіңе қой. Екеуің 8 үнқатымнан тұратын диалог құрыңдар.

ОҚЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой.

Темекі тарту (никотинизм) — зиянды әдет, нашақорлықтың бір түрі. Статистикалық мәлімет бойынша, ересек адамдардың 40 пайызы темекі тартады. Оқушылардың жартысы мектептегі, ауладағы жасы үлкен балаларға еліктеп, темекі тартады. Темекіге әуестену баланың денсаулығына кері әсер етіп, түрлі ауруларға әкеп соғады.

Темекі тартатын адамда никотиннің ықпалынан асқазан шырынының қышқылдығы төмендейді, қан қысымы артады, орталық жүйке жүйесі мен жүректің қызметі бұзылады. Темекіні ұзақ тартқанда тісте жарықшақ пайда болып, қанқұрт жейді. Бронхитпен ауыратындардың 75 пайызы — темекі тартушылар. Темекі адамның сыртқы келбетін де өзгертеді. Түтіннен шыққан зиянды, улы заттар беттегі ұсақ қан тамырларын зақымдайды. Соның салдарынан безеу пайда болады («Тіршілік қауіпсіздігі» кітабынан).

Бұл зиянды әдет — 70-90% жағдайда өкпе мен көмей обырына себеп. Адам темекіні қаншалық көп әрі қаншалық ұзақ шексе, ауруға шалдығу қаупі де соншалық жоғары болады. Темекі тартпайтындармен салыстырғанда, күніне бір қорап темекіден артық шеккендердің өкпе обырына шалдығу қаупі 15-25 есе жоғары екені дәлелденген. Ал бұдан да көп шегетіндерде бұл көрсеткіш — 60 %. Әйелдер шегетін «жеңіл» темекінің де зардабы кем емес. Оның құрамындағы ментол өкпе тамырларын кеңейтеді, соның салдарынан зиянды заттардың тез сіңуі күшейе түседі.

«Денсаулық» журналынан

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Жаңа сөздердің мағынасын ашып жаз. Түсіндірме сөздікті, kitap.kz сайтын пайдалан.

Жаңа сөздер	Мағынасы
шөлдеу	1. биологиялық. Ағзада су азайған кезде немесе қандағы минералдық, органикалық заттардың арақатынасы өзгерген кездегі сезім. 2. етістік. Шөлде етістігінің қимыл атауы; аңсау, сағыну.
кері	
әуестену	
сырқаттан	
қанқұрт	
зақымдау	
көмей	
обыр	

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтіндегі көзқарас пен фактіні ажыратып айт.

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты кесте бойынша жаз.

Негізгі ақпарат	Қосымша ақпарат

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтіннен құрмалас сөйлемдерді теріп жазып, қалай жасалып тұрғанын айтыңдар.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. «Темекінің зияны» деген тақырыпта пікірталас ұйымдастырыңдар.

Пікірталасқа қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- регламент сақтау;
- сөз әдебін сақтау;
- тіл мәдениеті;
- тілдің көркемдеуіш құралдарын (мақал-мәтел, синоним, антоним, омоним, фразеологиялық тіркес, метафора және т.б.) қолдану;
- өзіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі жеткізу.

ОЙТАРАЗЫ

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. Бүгін не үйрендіңдер?
2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?
4. Сабақтағы материалдардан өзіңе қандай ой түйдің?

Есте сақта!

Темекі адам денсаулығына кері әсер етеді. Темекі адамдардың өкпе обырымен ауруына әкеп соғады.

5–6-
сабақ

Саламатты өмір салтын ұстанамын

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
әрбір, жігер, үйлестіру, сүйену

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттер бойынша сұхбат құрыңдар.







ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Мына белгілер нені білдіреді? Әр белгіге қысқаша сипаттама жаз.







МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтіндегі жаңа сөздерді жаз.

Аудиомәтін

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Екі мәтінді салыстыр. Ұқсастығы мен айырмашылығын Венн диаграммасы арқылы көрсет.

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді тыңда. Негізгі идеяларды қысқаша түртіп ал. Оларды таратып айт.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой. Мәтіндегі тірек сөздерді анықта.

Адамға қараңыздаршы, қандай құдіретті! Ол Айға аяқ басты, жақында басқа ғаламшарларда да болады, табиғилықты жасанды өмір мен ой арқылы бақылай алады.

Ал, міне — басқа суреттер. Үлкен қаланың көшелерінен семіз, көздері ісінген, әзер демалып бара жатқан адамдарды көптеп кездестіреміз.

«Денсаулық туралы ойлау» атты кітабымда мен осыны айтпақшымын. Оқырманға денсаулық туралы бірнеше ұсыныс айтқым келеді:

1. Көптеген ауруларға табиғат та, қоғам да кінәлі емес, тек адамның өзі кінәлі. Ол көбінесе сараңдықтан, кейде санасыздықтан ауырады.

2. Дәрігер сізді емдейді, ауруыңыздан айықтырады. Бірақ денсаулықты сақтау өз қолыңызда.

3. Барлық ұмтылыс алға қойған мақсат, уақыт, нәтиже арқылы анықталады. Сонымен бірге ол мінезге де байланысты. Бір өкініштісі — адам денсаулығын аурумен бетпе-бет келгенде ғана ойлайды.

4. Денсаулықты нығайтудың төрт шарты бар: денеге физикалық күш түсіру; тамақ ішуде өзін шектеу; денесін шынықтыру; демала білу. Бақытты өмір сүру.

5. Күніне 20-30 минут дене шынықтырумен айналыссаңыз, денсаулығыңыз жақсарады.

6. Тамаққа шектеу қойыңыз. Сіздің салмағыңыз бойыңыздың мөлшерімен сәйкес келуі керек (170 см — 70 кг).

Н. М. Амосовтың «Денсаулық туралы ойлау» кітабынан

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіннен құрмалас сөйлемдерді тауып, семантикалық картаны толтыр.

Мысалдар	жалғаулық шылау арқылы	интонация арқылы	есімше арқылы	көсемше арқылы

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтіндегі төрт сөйлемге үш түрлі нұсқада сұрақ қой. Дайындаған сұрақтарыңа көршіңнен жауап ал.

Үлгі: Күніне 20-30 минут дене шынықтырумен айналыссаңыз, денсаулығыңыз жақсарады.

- Күніне неше рет дене шынықтырумен айналыссаңыз, денсаулығыңыз жақсарады?
- Күніне 20-30 минут немен айналыссаңыз, денсаулығыңыз жақсарады?
- Күніне 20-30 минут дене шынықтырумен айналыссаңыз, неңіз жақсарады?

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. «ПОПС» формуласын қолданып, мәтіндегі ақпарат бойынша өз пікіріңді дәлелде.

Бірінші сөйлем. *«Менің ойымша, ...».*

Екінші сөйлем. *«Себебі мен оны «...» деп түсіндіремін».*

Үшінші сөйлем. *«Оны мен «...» деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын».*

Соңғы сөйлем. *«Осыған байланысты мен «...» деген шешімге келдім».*

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Жақша ішіндегі қажетті сөздерді дұрыс тұлғада қойып жаз.

1. Үлкен (қала, дала, тау) көшелерінен семіз, көздері (көрмеу, ісіну, боялу) әзер демалып бара жатқан адамдарды көптеп кездестіреміз. 2. Саламатты (ғұмыр, дүние, өмір) сүру үшін еңбек ету де, (тиімсіз, орынды, қажетсіз) демалу да керек. 3. Адам өмірі қоршаған ортамен тығыз (байланысу, нығайту, сабақтасу). 4. Темекі ас қорыту органдарына да (пайда, көмек, зиян) келтіреді.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Жеті топқа бөлініңдер. Әр топ жеребе арқылы мәтіндегі денсаулыққа байланысты айтылған ұсыныстарды таңдап алсын. Ғалымның ұсыныс-пікірін мысал арқылы дәлелдеңдер.

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. «Дұрыс тамақтану — денсаулық кепілі» деген тақырыпта аргументативті эссе жаз.

Эссе жазуда төмендегі мәселелерді ескер:

- Тақырыпты іштей бірнеше тармаққа жікте.
- Концептуалдық кесте дайындап алып, не туралы жазатыныңды белгіле.
- Қандай сөздер мен сөз тіркестерін қолданатыныңды ірікте. Көркемдегіш құралдарды пайдалануға тырыс.
- Тақырыпты ашатын бірнеше идеяны жазып ал.
- Әр тармаққа жазатын аргументтеріңді дайында.
- Тармаққа қажетті аргументтеріңді статистикалық мәліметтермен, нақты мысалдармен толықтыр. Бұл — эссенің мазмұнды болуына ықпал етеді.
- Әрбір тармақты логикалық тұрғыдан жүйеле. Бірінші тармақта тақырыпты қалай қолдайтыныңды, екінші тармақта практикалық идеяңды, үшінші тармақта тақырып бойынша не істейтініңді жаз.
- Қорытындыда аргументтеріңді келтіре отырып, ұсынған идеяңды дәлелде.

ОЙТАРАЗЫ

АЙТЫЛЫМ

13-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екенін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мен ... таңғалдым.

Есте сақта!

Әр адам өз денсаулығына жауапты. Денсаулықты нығайту үшін денені шынықтырып, спортпен айналысу керек. Күніне 15-25 минут жаттығу жасау денсаулыққа пайдалы.

© ҚАҚЖМЕ ҚОҒАМ

7–8-сабақ

Денсаулықты сақтау өз қолымызда

Жаңа сөздер:
тығырықтан шығу, күйзеліс, тіресу

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Жай сөйлемдерді құрмалас сөйлемге айналдыр. Күрделі сөздерді тап. Олардың жасалу жолын түсіндір.

1. «Дүниежүзілік денсаулық сақтау» ұйымы — 1946 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының жанынан құрылған халықаралық медициналық мекеме. 2. Жер бетіндегі барша халықтың денсаулығын жақсарту мақсатында құрылған ұйымның жарғысы 1948 жылы 7 сәуірде қабылданған. 3. Бұл күн «Дүниежүзілік денсаулық күні» болып бекітілген. 4. Денсаулық күнін жыл сайын атап өту дәстүрі 1950 жылдан басталады. 5. Бұл күні адамдарға денсаулықтың басты байлық екені айтылады.

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Саламатты өмір салты» дегенді қалай түсінесің?
2. Сен өз денсаулығыңды бағалайсың ба?
3. Денсаулығыңды қалай сақтайсың?
4. Күнделікті жаттығу жұмысын жасайсың ба?
5. Спорттың қай түрімен айналысасың?

Аудиомәтін

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтіндердегі негізгі идеяны анықта.

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Екі мәтіннің стилін салыстыр. Мәтіндер қай стильде жазылғанын айт.

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді тыңдап, *күйзеліс, жақсарту, қабылдау, ойын, нығайту, үйретеді* **сөздері арқылы жасалған сөз тіркестерін жаз. Осы сөз тіркестерін пайдаланып, сөйлем құра.**

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Броундық қозғалыс. Сыныптастарыңнан денсаулықтарын қалай сақтайтыны туралы сұрап, жауаптарын кестеге түсір.

ОҚЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой.

Қазақша күрес адамның денесін ширатып, бұлшық етті қатайтады, төзімділікке, батылдылыққа, ептілікке, керек кезінде тез ойланып, әдіс таба білуге машықтандырады. Қазақша күрес — күш жетілдіретін спорт. Сонымен қатар ол — қорғану өнері. Қазақша күресте адам өзін еркін ұстап, бойындағы күшін түгел пайдалана алады. Мұнда шалу, жата тастау, арқалай тастау, қол байлап күресу, салмақпен басу, тіресу, **ашадан алу,** аяқтың басымен **іліп тастау, жамбасқа** алып иіре лақтыру, белінен қысып, **тірсектен шалу** сияқты әдістерді де қолдануға болады.

Палуандар кілем үстінде, арнаулы жазық жерде, тегістегі қарда белдесіп күресе береді. Ойын ережесі бойынша, қимыл үстінде адамға зақым келтіре күш жұмсауға, дөрекілік жасауға болмайды. Қарсыласын жығып, жауырынын жерге тигізген палуан жеңеді.

Жаңадан енгізілген ереже бойынша, күресетін палуандар жасына қарай 3 топқа, салмағына қарай 8 категорияға бөлінеді. Күрес мерзімі ересектер үшін — 10 минут, жасөспірімдер үшін — 5 минут. Кейде жығылған адамды басып жатып, жауырынын жерге тигізу — шарт емес. Күрестің басты шарты — күшін, әдісін асырып, талассыз жығу. Кейде жыққан адам жығылған адамның басынан аттап, «күш алу» деген байырғы жеңіс белгісін жасайды. Қазақша күрес — аудандық, облыстық, республикалық спартакиадалардың бағдарламаларына енгізілген, спорт командалары бар, ресми түрде жұрт таныған өнер.

Ғаламтор материалдарынан

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтінді мағыналық бөлікке жіктеп, әр бөлігіне ат қой. Әр бөлік бойынша үш сұрақтан дайында.

Кіріспе бөлім	
Негізгі бөлім	
Қорытынды бөлім	

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын ашып, жаз. Түсіндірме сөздікті, ғаламтор сайттарын пайдалан.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Жағдаят: 2017 жылы «Қазақстан барысы» атанған Еламан Ерғалиев туралы кеш өткізу саған тапсырылды. Кешті қалай өткізесің? Қазақша күрестің жастардың денсаулығына тигізетін пайдасын қалай жеткізесің? Кештің сценарийін дайында.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Берілген сөздерден сөз тіркесін құрап, талда.

Тығырықтан, күйзеліс, тіресу, шық.

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. Қосымша ақпарат көздерінен қазақтың ұлттық спорт ойындары туралы мәлімет жина. Осы мәлімет бойынша ақпараттық мәтін жаз.

АЙТЫЛЫМ

13-тапсырма. «Жас спортшылар» тақырыбында фотоколлаж дайында. Сыныпта қорға.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

14-тапсырма. Тақырыпты «INSERT» оқыту стратегиясы бойынша талда. Төмендегі белгілермен әр азатжолды немесе сөйлемдерді белгіле. Ойыңды қорытып, жаз.

«V»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін.	Менің ойлағаныма қайшы, кереғар.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Келісе алмаймын, білгім келеді.

Есте сақта!

Денсаулықты сақтау үшін спортпен айналысу керек. Маған қазақша күрес ұнайды. Мен баскетбол үйірмесіне қатысамын. 7 сәуір — дүниежүзілік денсаулық күні.

9–10-сабақ

Бердібек Соқпақбаев «Он алты жасар чемпион» (әңгіме)

Жаңа сөздер:
амал, ширақ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттерге тақырып қойып, ой бөлісіңдер.







ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті қосымшаларды қойып жаз. Меңгеріле байланысқан сөз тіркестерін тап.

1. Гигиена — «ауру... алдын алу», «денсаулықты сақтау» дегенді білдіреді. 2. Адам денсаулығы о... өмір сүру салтына байланысты. 3. Оңтайлы еңбек пен демалыс тәртіб..., тиімді тағам, дене шынықтыру, шынығу, жеке бас гигиенасын қадағалау, зиянды дағдылар... (темекі, арақ, т.б.) бас тарту, сабырлық сақтау адам денсаулығын сақтау... көмектеседі. 4. «Жеке бастың гигиенасы» дегеніміз — күнделікті денсаулық... сақтап, оны нығайту... бағытталған шаралар.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тақырып қой.

Аудиомәтін

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Мұрат қандай бала болатын?
2. Оны ата-анасы қайда шығармайтын?
3. Мұрат неше күннен бері ауырып жатыр?
4. Дәрігер оның ата-анасына не деді?

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтіндегі ақпараттың дұрыстығын тексер. Дәлелде.

Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
Мұрат — Батырбай қария мен Ұлжанның сүт кенжесі.		
«Суық тиеді, сыз өтеді, шаншу қадалады», — деп сабаққа да жібермейтін.		
Мұрат үш күннен бері ауру.		
Балаларыңыздың мықты болып өскеніне өздеріңіз айыпты-сыздар.		
Таза ауада ойнауына бөгет жасаңыздар.		
Күнге күйіп, суға шомылып, жалаңаяқ жүрсін.		

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар. Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтаңдар.

...Биылғы жазғы демалыстың қалай өткенін Мұрат сезбей қалған сияқты. Бірсыпыра жолдастарымен бірге пионер лагеріне жіберілген еді.

...Лагерьде Мұрат бір ай болып, әр жағынан жетіліп, іштей де, сырттай да жаңғырып қайтты. Ойы сергіп, бойы өскендей болды.

...Мұрат лагерьден қайтып келген күннің ертесіне терезенің тұсында бірдеме тасырлаған соң Ұлжан сыртқа қараса, баласы жүгіріп бара жатқан адамға ұқсап, бір орында безек қағып тұр екен.

— Әкем-ау, бұнысы — несі? — деп таңданды Ұлжан.

Бір кезде Мұрат жүгіргенін қойды да қолын жоғары созып, онан соң қайта төмен түсіріп, осылайша бірнеше рет қайталады. Бұнымен де тынған жоқ. Бір кезде екі бүйірін таянып, біресе отырып, біресе тұрды.

— Мұратжан-ау, бұның — не, лагерьден осыны үйреніп қайттың ба? — деді Ұлжан шешей.

— Зарядка жасап жатырмын.

— Ол — не дегенің?

— Лагерьде бізге күнде ертемен зарядка жасататын. «Үйде де жасап тұрыңдар», — деген. Апа, бұның пайдасы зор. Атам екеуіңнің жасауларыңа да болады.

... Жеңіл атлетикадан болатын аудандық жарысқа бұл мектептен он адам қатыспақшы. Мұрат солардың құрамында. Ол қазір жүз метр жүгіруге жаттығып жүр. ...Мектеп оқушыларының жеңіл атлетикадан болған аудандық жарысында Николай Трофимович бастап барған «Қызыл шекара» жеті жылдық мектебінің коллективі бірінші орынға ие болды. Мұраттың да қажырлы түрде жаттығуы жемісін көрсетті, ол жүз метрге жүгіруден аудан бойынша екінші орынға ие болды...

— Сенің боксер болғың келе ме? — деп сұрады Николай Трофимович кенеттен.

Мұрат үндемей тұрып қалды.

— Жарайды, сен гимнастика емес, бокс секциясына қатынас. Жүре-бара көрерсің, — деді Николай Трофимович. — Жақында мен бокс секциясын ұйымдастырамын. Сенен жақсы боксер шығуы мүмкін.

Мұрат боксқа зор ынтамен қатынасып жүрді. Үйде де ертелі-кеш көлеңкесімен сосғысып жатады, жіптен секіреді, ақсаңдайды, әйтеуір неше түрлі жаттығулар жасайды.

Б. Соқпақбаевтың «Он алты жасар чемпион» әңгімесінен үзінді

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіннен орын тәртібі арқылы жасалған сөз тіркестерін тауып, жаз. Оларды байланысу түріне қарай талда.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрып, жаз. Жоспардағы тақырыпшалардағы тірек сөздерді анықта. Жоспарың бойынша мәтінді баянда.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Диалогті рөлге бөліп оқыңдар. Әңгіменің мазмұнын пайдаланып, диалогті әрі қарай жалғастырыңдар. kitap.kz сайтын пайдаланыңдар.

— Әлібек, сен Бердібек Соқпақбаевтың «Он алты жасар чемпион» әңгімесін оқыдың ба?

— Әрине, оқыдым. Маған Мұраттың қайсарлығы ұнады.

— Иә, ол кішкентай кезінде көп ауырған. Бірақ бокспен айналысып, көп еңбектенеді. Мұратқа түрлі амалдар қолдануды, ширақ қимылдауды ұстазы — Николай Трофимович үйретеді. Соның арқасында ол бәрін жеңіп шығады.

— Дұрыс айтасың, Париждегі жасөспірім боксшылардың дүниежүзілік жарысына қатысқанын айтып тұрсың ба?

— Иә, сол жарысты айтып тұрмын. Ол Америка Құрама Штатының боксшысы — Питер Сандоресті жеңіп, «чемпион» атанады ғой.

— .....
— .....
— .....
— .....
— .....
— .....

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Жағдаят: інің жиі ауырып қалады. Оған ауырмау үшін спортпен айналысу керектігін, күнделікті жаттығу жасаудың пайдасын түсіндір. Оған «Он алты жасар чемпион» әңгімесіндегі Мұраттың жеткен жетістіктерін айтып бер.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Бердібек Соқпақбаев туралы қосымша дереккөздерден ақпарат жина. Жазушы туралы тұсаукесер дайында.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

Бас бармақ — басты мәселе. Бүгін сабақта ең маңызды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұп болып қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім? Кім маған көмектесті?

Ортан терек — ойлану. Бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы. Сабақта өзімді қалай сезіндім?

Есте сақта!

Мен «Он алты жасар чемпион» әңгімесіндегі Мұрат сияқты чемпион болғым келеді. Ол үшін спортпен айналысу қажет. Мұрат — өте еңбекқор бала.

11–12-сабақ

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтіндегі құрмалас сөйлемдерді жасалу жолына қарай бөліп жаз.

1. «Дүниежүзілік денсаулық сақтау» ұйымының мәліметіне сүйенсек, темекі 6 секунд сайын бір адамның өмірін жалмап, жыл сайын 5,4 млн адамның өліміне себепкер болуда. 2. Жастардың есірткіге салынып, оңай жолды таңдауы өмірдегі әртүрлі келеңсіздіктерге байланысты. 3. Ғалымдардың зерттеуінше, есірткіні пайдаланған жастардың өмірі қысқа болады, өкпелері қабынып, бронхит, тіптен өкпе обырына шалдығуы мүмкін. 4. Рәзия апа әкесі туралы әңгіме айтудан әсте жалықпайды, тебірене, толғана сыр шертеді.

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тақырып қой. Мәтіндегі негізгі проблеманы анықта.

Аудиомәтін

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтіндегі сан есімдерді жаз. Оларды пайдаланып, сөйлем құра.

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. *Есірткі табу үшін алдауға, ұрлыққа барады* **деген пікірді мысалға келтіріп, дәлелде.**

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Бердібек Соқпақбаев туралы пікірлерді оқып, диаграмманы толтыр.

Бердібек Соқпақбаев — сөзіне **берік**, ісіне ұқыпты жан. ...Қаламгердің анық өсіп, шеберліктің белгілі бір биігіне шыққанын көрсеткен туындысы — «Менің атым — Қожа» повесі. Бердібек әскери адам сияқты, әбден **жинақы**. Ол жұмыс істеп отырған кезде еденде не үстел үстінде **көлденең** жатқан дүние көрмейсің. Тіл өнерінде де солай, әр сөздің, әр сөйлемнің өз орындарында тұрғанын қалайды. Қашан көңілі толғанша түзетуден талмайды (Қадыр Мырза Әлі).

Бердібек Соқпақбаев — адал да қырағы, оқиға өрнектерін жазбай танып, тап басатын шыншыл, реалист жазушы (Төлен Қаупенбайұлы).

Бердібек Соқпақбаев — ірі тұлға, үлкен талант иесі (Әлнұр Мейірбеков).

Бердібек өз көзімен көрген нәрсені ғана жазатын, қағазды **бекерден бекерге** шимайламайтын еді ғой. Жазады, түбін түсіріп барып бір-ақ тоқтайды. Бұл — Бердібектің шырайы, Бердібекке ғана тән қасиет (Сайын Мұратбеков).

Баспасөз беттерінен



ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздердің мағынасын анықта. Оларды пайдаланып, құрмалас сөйлем құра.

***Үлгі:* берік** — мықты, бекем, мығым.

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Қазақстанда есірткіге қарсы жүргізілетін жұмыстар туралы ақпарат жина. Іс-шараны кесте түрінде көрсет.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Өзің ұнататын спорт ойынының адам денсаулығына тигізетін әсері туралы жарнама дайында.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Өз аймақтарыңдағы жастардың денсаулық орталығы туралы ақпарат жинаңдар. Орталық жастардың денсаулығын жетілдіруде қандай жұмыстар атқаратынын баяндаңдар.

Білгенге маржан...

- Мен жастарға: «Алдарыңда таудай талап тұр. Өмір заңғарлары үнемі биікке шығарады. Оған жету үшін талмай ізденіңдер», — дер едім. Жастарға тоғышарлық, бойкүйездік дертінен аулақ, сергек, сезімтал болған жарасады (Ғабит Мүсірепов).
- Мен сіздерді және барлық студентті біздің олимпиадашыларымыздың жеңісі құрметіне зиянды әдеттерден бас тартуға шақырамын, спортпен айналысыңыздар, саламатты өмір салтын ұстаныңыздар (Нұрсұлтан Назарбаев).

1–2-сабақ

Сандық технология

ОҚУШЫ, БҰЛ МОДУЛЬДЕ СЕН:

- түрлі жанрдағы шығармаларда көтерілген мәселені, негізгі ойды айқындау;
- мәтін бөліктері мен азатжолдардың орналасу ретін түсіндіру, ақпараттың таңқырыппен байланысын анықтау;
- мәтіндегі негізгі ойға өз көзқарасыңды айту, бағалау;
- түрлі стильдегі мәтіндердегі негізгі ұғымды анықтап, ықшамдалған мәтін құрастыру;
- сөздердің байланысу түрлерін орынды қолдану **дағдыларыңды жетілдіресің.**

Жаңа сөздер:
сандық, қарыштап, бүкіләлемдік, желісіне, адамзат игілігі, жылдам шешу

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Ақпараттық технология» деген — не? Қалай ойлайсың?
2. Ақпараттық технологияның қандай түрлерін білесің?
3. Ақпараттық технологиясыз өмір сүруге бола ма?

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Тыңдаған мәтін не туралы?
2. «Сандық технология» деген — не екен?

Аудиомәтін

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

Күн өткен сайын сандық технология қарыштап дамып келеді. Ол өмірдің барлық саласына енді. Сандық технология бизнес, медицина, өндіріс, тұрмыста кең қолданылады.

Сандық технологияны қолданатын адамдар саны да өсіп келеді. Сандық технология ақпаратты тез алу үшін қолданылады. Интернетті пайдаланатын кез келген адам бірнеше секундтың ішінде өзіне қажет ақпаратты не жаңалықты табады. Сандық технологияның дамуы адамзатқа үлкен мүмкіндік беріп отыр.

Сандық технология — әлемге үлкен жаңалық әкелген, әр адамның өміріне өзгеріс әкелген бірегей құбылыс. Жаңа технологиясыз заманауи адамдардың өмірін елестету мүмкін емес. Қазір компьютер, смартфон, тұрмыстық электроника әр үйде бар. XX ғасырда электр тогін ендіруге 30 жыл кетсе, планшетті компьютерлер небары 3-4 жылда енді. Әр адам үйден шықпай, интернет арқылы ақпарат алып, білімін толықтырады. Үйден шықпай, сауда жасап, ақша табады.

Сандық технология медицинада миллиондаған адамның өмірін сақтап қалады. Жоғары технологиялық жабдықтар ауруды ерте анықтап, алдын алуға, емдеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар тұрғындардың денсаулығын онлайн-режимде бақылауға жол ашады.

Сандық технологияны қолдану арқылы өндіріс үдерісі жылдамдайды, сапалы өнім алынады. Кез келген ірі ұйым бүкіләлемдік интернет желісіне еніп, қызмет аясын кеңейте алады. Адамдардың қажеттілігін анықтап, соған орай өз өнімдерін өндіреді, сатады. Қорыта айтқанда, сандық бүкіләлемдік инновациялық дамудың мүмкіндіктерін адамзаттың игілігіне жаратады.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Төмендегі сөйлемдерді мәтіннің азатжолдарымен сәйкестендір. Себебін дәлелде.

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтіннің кімдерге (оқырмандарға, ғалымдарға, мамандарға) арналғанын анықта. Мәтінде қолданылған тірек сөздер мен негізгі ұғымдардың қай салаға қатысты екенін нақтыла. Өз пікіріңді мысалмен дәлелдеп айт.

I. Теледидардың адам өміріндегі маңызы II. Сандық технологияның өндірісте қолданылуы III. Компьютерлік қондырғылар IV. Сандық технология — әр адамның өміріне өзгеріс әкелген бірегей құбылыс V. Сандық технологияның медицинада қолданылуы VI. Телерадио саласының дамуы VII. Сандық технология өмірдің барлық саласына енуі.	Азатжол A Азатжол B Азатжол C Азатжол D

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқып, әр азатжолға тақырып қой, негізгі ойын айт.

№	1-азатжол	2-азатжол	3-азатжол	4-азатжол
Азатжолдың тақырыбы				
Азатжолдың идеясы				

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша ұсынылған ойлармен келісетініңді не келіспейтініңді айт. Өз көзқарасыңды дәлелде.

Үлгі: Мен «...» деген оймен келісемін/келіспеймін. Себебі ... .

1. Сандық технологияның дамуы адамзатқа үлкен мүмкіндік береді.
2. Жаңа технологиясыз заманауи адамдардың өмірін елестету мүмкін емес.
3. Сандық технология адамдардың өмірін сақтайды.
4. Сандық технология инновациялық дамуды адамзаттың игілігіне пайдалануға жаратады.

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Жаңа сөздерді қатыстырып, сөз тіркестерін құра.

1	жылдам шешу	*есепті* жылдам шешу, ...
2	сандық	*технология, ...*
3	қарыштап	*даму, ...*
4	бүкіләлемдік	*ұйым, ...*
5	адамзат игілігіне	*пайдалану, ...*

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді жаз.

Қажетті сөздер: адамзат игілігіне, жылдам шешуге, сандық, қарыштап, бүкіләлемдік, ақпаратты, желісі.

1. Сандық технология ... дамып келеді. 2. Сандық технология ... тез алу үшін қолданылады. 3. ... технология бизнес, медицина, өндіріс, тұрмыста кең қолданылады. 4. Интернет ... де адамдарға көп мүмкіндік береді. 5. Кез келген өндіріс пен ірі ұйымдар ... интернет желісі арқылы қызмет аясын кеңейте алады. 6. IT технология инновациялық жаңалықтарды ... жаратады. 7. Сандық технология аз уақытта бірнеше міндетті ... мүмкіндік береді.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Жұптық жұмыс. Мәтін мазмұны бойынша сұрақ дайындап, сұхбат құрыңдар.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Сандық технологияның қарыштап дамып келе жатқанын қалай байқауға болады?
2. Біздің өмірімізде сандық технология қолданылып жүр ме? Қолданылса, қай салада?
3. Өзің сандық технологияның жетістігін пайдаланасың ба?
4. Ол сенің (оқуыңа, ізденуіңе) дамуыңа қаншалық әсер ете алады?



Есте сақта!

Сандық технология қарыштап дамуда. Сандық технология — әр адамның өміріне өзгеріс әкелген бірегей құбылыс. Адамдар үйден шықпай, интернет арқылы ақпарат алып, білімін толықтырады. Үйден шықпай, сауда жасап, ақша табады.

3–4-
сабақ

Электронды үкімет

Жаңа сөздер:
қолжетімді, қызмет көрсету, мемлекеттік билік, алмастыру, тиіс, кері байланыс, анықтама, заңды тұлға, ұялы

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттерге қарап, талқылаңдар.

1. Суретте не бейнеленген?
2. Бұл — қандай мекеме?
3. Мұнда қандай қызмет көрсетіледі?







e-gov

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Тыңдаған мәтін не туралы?
2. Әлемнің 173 елінде қандай қызмет көрсетіледі?
3. Электронды үкімет қай елдерде дамыған?
4. Қазақстанда қандай қызмет дамып келеді?
5. Мәтінде қолжетімді қызмет туралы айтылды ма?

Аудиомәтін

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Ешбір жалғаусыз, тек орын тәртібі арқылы қабыса байланысқан сөз тіркестерін тауып, сөйлем құра.

Қолжетімді қызмет, электронды үкімет, сапалы қызмет, мемлекеттік билік, жұмысты алмастыру, атқаруы тиіс, кері байланыс, түрлі анықтама, заңды тұлға, ұялы телефон.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

XXI ғасыр — ақпараттық коммуникациялық технология қарыштап дамыған ғасыр. Заманауи ақпараттық технологиялардың арқасында Қазақстанда «электронды үкімет» пайда болды. «Электронды үкімет» мемлекеттік билікті алмастырмайды. «Электронды үкімет» дегеніміз — мемлекет атқаруы тиіс барлық қызметтің электронды түрі. Ол ақпараттық технология арқылы азаматтар мен ұйымдарға сапалы әрі жылдам қызмет көрсетуге бағытталған. Осылайша, электронды үкімет арқылы мемлекет азаматтармен қарым-қатынасқа түседі. Электронды үкімет билік пен халықтың, билік пен бизнестің, басқа да ұйымдардың арасында кері байланыс орнатады.

Кез келген азамат интернет арқылы мемлекеттік билік органдарының сайтына кіре алады. Елімізде «Қазақстанның электронды үкіметі» порталы бар. Электронды үкіметтің egov.kz сайтына кіріп, адамдар қажет ақпаратты тауып алады. Сайтта министрлердің аты-жөні, өмірбаяны, жұмыс кестесі, ведомствоның қызметі туралы ақпарат бар. Электронды пошта арқылы кез келген ведомствоға, министрге, мемлекет басшысына хат жазуға болады.

Азаматтар үйден шықпай, egov.kz сайтына кіріп, түрлі анықтамалар ала алады, заңды тұлғаны тіркейді.

Электронды үкімет:

- мемлекеттік қызметті алу: мекенжай туралы анықтама алу, жылжымайтын мүліктің бар/жоғы туралы анықтама алу, баланың туылуын тіркеу, т.б.
- коммерциялық қызмет: теміржол не әуе билетін броньдау, ұялы байланыс қызметіне ақы төлеу;
- өтініш беру, лицензия алу: бизнесті тіркеу, несие есебін тіркеу, т.б.;
- бюджеттік төлемді төлеу: салық төлеу (төлқұжат алғаны үшін), айыппұл төлеу (жол жүру ережесін бұзғаны үшін), т.б. қызмет көрсетеді.

Қазақстан ТМД елдерінің арасында электронды үкіметтің дамуы, қолданылуы жағынан алдыңғы орында. Электронды үкімет халық пен биліктің арасын жақындатып, демократиялық қатынастардың дамуына ықпал етіп отыр.

«Егемен Қазақстан» газетінен

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтіннен жаңа сөздерді тауып, олардың неше рет қайталанғанын, қандай сөздермен тіркескенін анықта. Мағынасын түсіндір.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтіннің әр ойбөлігіндегі тірек ұғымдарды анықта. Үлгіге қарап, олардың не себепті тірек ұғым екенін дәлелдеп айт.

Үлгі: Тірек ұғым — кері байланыс. Бұл бірінші ойбөліктегі тірек ұғымдарың бірі. Себебі ол — электронды үкіметтің негізгі сипаттарының бірі.

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздер мен сөз тіркестерін жаз.

Қажетті сөздер: тиіс, алмастырмайды, кері байланыс, қолжетімді, қызмет көрсетуге.

1. Ақпараттық технологияның дамуының арқасында электронды үкімет ... болды. 2. Электронды үкімет мемлекеттік билікті ... 3. «Электронды үкімет» дегеніміз — мемлекеттік билік атқаруы ... барлық қызметтің электронды түрі. 4. Ол азаматтар мен ұйымдарға сапалы әрі жылдам ... бағытталған. 5. Осылайша, билік пен халықтың, билік пен бизнестің арасында ... орнайды.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша ұсынылған ойлармен келісетініңді не келіспейтініңді айт. Өз ойыңды дәлелде.

Үлгі: Мен «...» деген оймен келісемін/келіспеймін. Себебі ... .

1. XXI ғасыр — ақпараттық коммуникациялық технология қарыштап дамыған ғасыры.

2. Электронды үкімет билік пен халықтың, билік пен бизнестің арасында кері байланыс орнатады.

3. Кез келген азамат интернет арқылы мемлекеттік билік органдарының сайтына кіре алады.

4. Электронды үкімет халық пен биліктің арасын жақындатады.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтінді оқып, электронды үкіметтің азаматтарға көрсететін қызметін анықта. Кестеге жаз.

Электронды үкімет порталында азаматтарға көрсетілетін қызмет			
1.	2.	3.	4.
а. ... ә. ...	а. ... ә. ...	а. ... ә. ...	а. ... ә. ...

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып, жаз.

Қажетті сөздер: заңды тұлғаны, мемлекеттік билік, ұялы, анықтамалар, тауып алады, қызметі.

1. Азаматтар интернет арқылы ... органдарының сайтына кіре алады. 2. Үкіметтің egov.kz сайтынан қажет ақпаратты ... . 3. Сайтта министрліктер мен ведомстволардың ... туралы ақпарат бар. 4. Үйден шықпай, электронды үкімет сайтынан түрлі ... ала алады, ... тіркейді. 5. Сол жерден теміржол, әуе билетін броньдауға, ... байланыс қызметіне ақы төлеуге болады.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақстанда қандай онлайн қызмет пайда болды?
2. Ол кімдерге қызмет етеді, мақсаты қандай?
3. Электронды үкімет кімдердің арасында байланыс орнатады?
4. Электронды үкіметтің egov.kz сайтында қандай ақпарат бар?
5. Ол азаматтарға қандай қызмет көрсетеді?

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. egov.kz сайтына кіріп, бас беттің жоғары оң жақ бұрышындағы ҚАЗ РУС ENG деген жазудан қазақ тілін таңда. Одан кейін бас беттің ең төменгі жағында солға қарай орналасқан «Сайт картасы» деген түймені бас. Ол жерден халыққа көрсетілетін қызметтер шығады. Қызмет түрлерін жазып алып, сыныпта баянда.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Бүгін не үйрендіңдер?
2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

5–6-сабақ

Сандық теңсіздік

Жаңа сөздер:
теңсіздік, бейнетаспа, бейнежазба, шектеусіз, ілгерілейді

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Интернет желісіне қосылған компьютерді қандай мақсатта пайдаланасың?
2. Интернет арқылы қандай онлайн қызметті пайдаландың?
3. Теледидар көресің бе? Қандай телебағдарламаларды ұнатасың?
4. Болашақта теледидар қызметінің қалай өзгергенін қалар едің?
5. Бүгінгі жаңа тақырып не туралы болуы мүмкін?

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

Аудиомәтін

1. Тыңдаған мәтін не туралы?
2. Фрэнсис Бекон не туралы айтқан?
3. «Ақпаратқа ие болған адам әлемге де ие болады» дегенді қалай түсінесің?
4. Қалай ойлайсың, «ақпарат» дегенде философ нені меңзеп тұр?

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

Ақпарат меңгеруде сандық технологияның рөлі үлкен. Көп адам ақпаратты интернетке қосылған компьютер мен теледидар арқылы алады. Бірақ әлемде ақпараттық технологияны қолданатын адам аз. Көп адамның компьютерлік сауаттылығы жоқ. Қазіргі кезде көптеген қызмет пен сервис виртуалды режімге көшуде. Ал компьютері жоқ немесе компьютері интернет желісіне қосылмаған адам ол қызметті пайдалана алмайды. Мамандар мұндай жағдайда жұмысқа тұру, өз бетімен білімін көтеру, бизнес жасау шектеулі болуы мүмкін екенін айтады. Ол — азаматтар арасында сандық теңсіздік тудырады.

Сандық теңсіздік — жекелеген адамдардың ғана емес, мемлекеттің проблемасы. Сондықтан ақпараттық теңсіздікті жою үшін мемлекеттік бағдарламалар қажет. Сол себепті елімізде «Сандық Қазақстан-2020» бағдарламасы дайындалды. Бағдарлама тұрғындарға интернетке қосылған компьютер мен сандық теледидарды қолжетімді етуді көздейді. Әсіресе ауыл тұрғындарының ақпаратты уақытында алуына мүмкіндік туады.

Сандық теледидарды енгізу де — ақпараттық теңсіздікті жоюдың жолы. Ол сапалы телебағдарламаларды тегін, шектеусіз көруге мүмкіндік береді. Сандық теледидар қала тұрғындарын ғана емес, ауыл тұрғындарын да қамтиды. Сандық теледидарда бағдарламаларды басқару мүмкіндігі туады. Көермендер өзіне ыңғайлы уақытта ұнаған хабарларды бейнежазбадан көре алады. Болашақта интерактивті теледидар көермендеріне басқа да қызметтер ұсынады. Мысалы, телефон анықтамалығы; қаланың, елдің, әлемнің интерактивті картасы; пойыздардың жүру, ұшақтардың ұшу кестесі; валюта бағамы; күн райы және т.б. Ұнаған кино, хабарларды бейнетаспаға жазып алуға да болады. Қысқасы, теледидар интернетке қосылған компьютер секілді қызмет көрсетеді.

Осындай компьютерлік, телекоммуникациялық технология арқылы білімін көтеретін азаматтары бар қоғам ілгерілейді, мемлекет білімді елге айналады.

«Егемен Қазақстан» газетінен

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Ұсынылған жолдардан мәтінге сәйкес келетін тақырыптарды ата.

а. Ақпаратты түсіну жолдары
ә. Ақпараттық технологияны қолданатын адам саны
б. Ақпараттық теңсіздікті шешу
в. Бейнежазба көру

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Сөйлемдердің тұсына «дұрыс», «дұрыс емес», «айтылмаған» түрінде белгіле.

а. Мәтінде тұрғындардың денсаулығы туралы сөз қозғалады.
ә. Мәтінде тұрғындардың сандық теңсіздігі туралы айтылады.
б. Ұнаған кино, хабарларды бейнетаспаға жазып алу жолы туралы сөз болады.
в. Теледидар көретін уақыт туралы айтылады.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, төмендегі әрекеттерді орында:

1. Әр азатжолдан тақырыптың идеясын ашатын сөйлемді анықта.
2. Сол идеяны негіздейтін сөйлемдерді көрсет.
3. Идеяны фактілермен, мысалдармен дәлелдейтін сөйлемдерді тап.
4. Айтылған ойды қорытатын сөйлемді анықта.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Тақырыптық сөйлемдерді қолдана отырып, бір азатжолдан тұратын мәтін құрастыр.

Тақырыптық сөйлем: 1. Ақпарат меңгеруде сандық технологияның рөлі үлкен. **Негіздейтін сөйлемдер:** 2. 3. **Қорытатын сөйлем:** 1.	**Тақырыптық сөйлем:** 1. **Негіздейтін сөйлемдер:** 2. 3. **Қорытатын сөйлем:** 1.	**Тақырыптық сөйлем:** 1. **Негіздейтін сөйлемдер:** 2. 3. **Қорытатын сөйлем:** 1.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтіннен төмендегі сөздердің болымды формасын тап.

Меңгермеуде, алмайды, тудырмайды, дайындалмайды, көздемейді, көрсетілмейді, ілгерілемейді, айналмайды.

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздер мен сөз тіркестерін жаз.

Қажетті сөздер: сауаттылығы, ілгерілейді, шектеусіз, теңсіздікті, жою үшін, меңгеруде, бейнетаспаға, шектеулі, бейнежазбадан.

1. Ақпарат ... сандық технологияның рөлі үлкен. 2. Елімізде көп адамның компьютерлік ... жоқ. 3. Мамандар сандық технологиясыз адамдардың мүмкіндігі ... болуы мүмкін екенін айтады. 4. Ол — азаматтар арасында сандық ... тудырады. 5. Ақпараттық теңсіздікті ... «Сандық Қазақстан-2020» бағдарламасы дайындалды. 6. Сандық технология ақпаратты ... алуға, көруге мүмкіндік береді. 7. Сандық теледидардан көрермендер қажет бағдарламаны ... көре алады. 8. Ұнаған хабарларды ... жазып алуға болады. 9. Сандық технологиясы дамыған қоғам алға ... .

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Жұптық жұмыс. Мәтіннің 1-азатжолы бойынша сұрақтар қойып, жауап беріңдер.

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Мәтіннен сөздердің байланысуына 3 мысалдан теріп жаз.

Байланыс түрлері	Мысалдар
Жіктік жалғауы арқылы бастауыштық-баяндауыштық қатынаста қиыса байланысқан сөз тіркестері	
Ілік септік жалғауы мен тәуелдік жалғауы арқылы матаса байланысқан сөз тіркестері	
Барыс, табыс, жатыс, шығыс және көмектес септік жалғаулары арқылы байланысқан сөз тіркестері	
Жалғаусыз, тек орын тәртібі арқылы іргелесе байланысқан (бірінші сөз анықтауыштың сұрағына жауап беретін) сөз тіркестері	
Жалғаусыз, кейде алшақ, кейде іргелес тұрып байланысқан (пысықтауыш пен баяндауыштың байланысы) сөз тіркестері	

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қазіргі кезде адамдар ақпаратты көбінесе қайдан алады?
2. Мәтінде қандай сауаттылық туралы сөз болады?
3. Онлайн және виртуалды режімге көшкен қандай қызметтерді білесің?
4. Мамандар сандық технология дамымаған кезде не шектеулі болуы мүмкін екенін айтады?
5. Ақпараттық теңсіздікті жою үшін не істеу керек?
6. Ол адамдарға қандай мүмкіндік береді?
7. Сандық теледидардың қандай артықшылығы бар?
8. Қандай қоғам алға ілгерілейді?





7–8-сабақ

Мұхтар Шахановтың «Компьютербасты жарты адамдар» концепциясы

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:

біркелкі, жарты, орынды, тәуелділігі, рухсыздану, адамшылық, жоғалу, адасқан, құндылықтар, ескермеу, сын көзбен қарау, шұғыл, тосқауыл қою, жұтаңдау

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Әлеуметтік желі» деген — не?
2. Әлеуметтік желіде қанша минут отырасың?
3. Интернетте отыруыңа ата-анаң шектеу қоя ма?
4. Суреттерге тақырып қой.
5. Суреттердің мазмұны туралы не айтар едің?





АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сөз тіркестерінің байланысуын анықта.

1. Біркелкі пайдалану
2. Жарты адамдар
3. Орынды пайдалану
4. Адасқан адам
5. Тәуелділігі артады
6. Зиянын тигізу
7. Адамдардың рухсыздануы
8. Адамшылықтың жоғалуы
9. Құндылықтарды ескермеу
10. Проблемаға сын көзбен қарау
11. Шұғыл жұмыс
12. Тосқауыл қою
13. Рухани жұтаңдау

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Мұхтар Шаханов туралы не білесің?
2. Тыңдаған мәтін не туралы?
3. Мәтінде М. Шахановтың қандай өлеңі туралы сөз болады?

Аудиомәтін

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

I. Қазіргі кезде интернет адам өмірінің бір бөлшегіне айналды. БҰҰ комитетінің көрсеткіші бойынша, әлем тұрғындарының 57 %-ы интернетті пайдаланады. Тұратын жеріне байланысты әлем тұрғындарының арасында интернетті пайдалануда теңсіздік қалыптасқан. Яғни адамзат арасында интернет желісін пайдалану біркелкі емес. Дамыған елдерде интернетті пайдалану өте жоғары деңгейде. Ал әлемнің кедей аймақтарында тұрғындардың 90 %-ы интернет желісін пайдаланбайды. 2010 жылғы көрсеткіш бойынша, Қазақстанда 4,3 млн адам немесе тұрғындардың 26,5 %-ы интернетті пайдаланады.

II. Әрине, адам өмірінде интернеттің маңызы зор. Оны орынды пайдаланса, адамзаттың игілігіне айналады. Бірақ күн өткен сайын адамзаттың интернетке тәуелділігі артып барады. Интернетті шектеусіз пайдалану адамға пайдасы мен қатар зиянын да тигізуде. Адамдардың көбі жаңалықты әлеуметтік желілер арқылы алады. Осыған байланысты газет оқырмандарының саны азайған, әлемдік 25 газеттің 24-інің таралымы азайған.

III. Қазақтың атақты ақыны — Мұхтар Шаханов «Компьютербасты жарты адамдар» атты өлеңінде адамдардың рухсыздануын баяндайды. Ақын адамшылықтың жоғалып бара жатқанын, «компьютербасты жарты адамдардың» көбейіп бара жатқанын айтады. Рухсыз адамды ақын дұрыс жолдан адасқан, жарты адамға теңейді. Ақпараттық технология заманында адами құндылықтарды ескермеу үлкен апатқа апарады. М. Шаханов өлеңінде осындай проблемаларға сын көзбен қарап, шұғыл тосқауыл қою керектігін айтады. Әйтпесе адамдардың ойы мен санасы, сезімі өзгеріп, роботқа айналуы мүмкін. М. Шаханов сандық технология заманында адамдардың рухани жұтаңдауына жол бермеуге, технологияның құлына айналмауға шақырады. Рухани құндылықтарды технология жетістігіне алмастырмай, технология жетістігін адамзат игілігіне жарату — біздің мақсатымыз.

А. Асқарқызы

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Ұсынылған жолдардан мәтінге сәйкес келетін тақырыптарды ата.

а. Ақпаратты тез алу жолдары
ә. Адамдардың рухсыздануы
б. Адамның материалдық жағдайы
в. Сандық технология

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Сөйлемдердің тұсына «дұрыс», «дұрыс емес», «айтылмаған» түрінде белгіле.

а. Мәтінде интернеттің жақсы жақтары туралы сөз қозғалады.
ә. Мәтінде адами құндылықтар туралы айтылады.
б. Интернеттен фильм жазып алу жолы туралы айтылады.
в. М. Шахановтың өлеңінде көтерілген адамзаттық проблема туралы баяндалады.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, төмендегі әрекеттерді орында:

1. Әр азатжолдан тақырыптың идеясын ашатын сөйлемді тап.
2. Сол идеяны негіздейтін сөйлемдерді анықта.
3. Идеяны фактілермен, мысалдармен дәлелдейтін сөйлемдерді нақтыла.
4. Айтылған ойды қорытатын сөйлемді тап.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Анықталған тақырыптық сөйлемдерді қолдана отырып, бір азатжолдан тұратын мәтін құрастыр.

Тақырыптық сөйлем: 1. Адамзаттың интернет желісін пайдалануы **Негіздейтін сөйлемдер:** 2. 3. **Қорытатын сөйлем:** 1.	**Тақырыптық сөйлем:** 1. **Негіздейтін сөйлемдер:** 2. 3. **Қорытатын сөйлем:** 1.	**Тақырыптық сөйлем:** 1. **Негіздейтін сөйлемдер:** 2. 3. **Қорытатын сөйлем:** 1.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздер мен сөз тіркестерін жаз.

Қажетті сөздер: *біркелкі, тәуелділігі, зиянын, рухсыздану, адамшылық, жарты, құндылықтарды ескермеу, сын көзбен, адасқан.*

1. Адамзат арасында интернет желісін пайдалану ... емес. 2. Күн өткен сайын адамзаттың интернетке ... артып барады. 3. Интернетті шектеусіз пайдалану адамға ... да тигізуде. 4. М. Шаханов өз өлеңінде адамдардың ... баяндайды. 5. Ақын ... жоғалып бара жатқанын, «компьютербасты жарты адамдардың» көбейіп бара жатқанын айтады. 6. Рухсыз адамды ақын дұрыс жолдан ... адам ретінде сипаттайды. 7. Оларды ... адамға теңейді. 8. Адами ... үлкен апатқа апарады. 9. Ақын осы проблемаларға ... қарайды. 10. Рухсыз адамды ақын дұрыс жолдан ... , ... адамға теңейді, шұғыл тосқауыл қою керектігін айтады.

9–10-сабақ

Өркениеттің адасуы (романнан үзінді)

Жаңа сөздер:
жарты адам, соңыңыздан, самғаған, назарға ілінді, жалғады, жалаң білім, санаймын, қаптады, жас өскін, аттандырдық, тежемек

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтін не туралы?
2. М. Шахановтың қандай өлеңдерін білесіңдер?
3. Ақын туралы кімнің пікірін тыңдадыңдар?
4. М. Шаханов неге қарсы күресуге шақырады?

Аудиомәтін



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

Компьютербасты жарты адамдар

Елге ұстаздық еткен қарттан алғыр, құймақұлақты
қонақтары сұрапты:
— Аға, неше балаңыз бар соңыңыздан самғаған?
— Бір жарым! — деп тіл қатыпты әлгі адам.
— Ал, дәл айтсам, үш ұлым бар зерек әрі білімді,
Үшеуі де ғылым қуып назарға ерте ілінді.
Сол үш ұлдың бірі ғана қайсар, ұшқыр арманын,
Техникалық санаты мен ғылыми өр талғамын
Өз ұлтының рухани байлығына жалғады.
Содан шуақ, қуат алып, ғаламдық ой толғады.
Екі ұлымның тағдырында ол өзгеріс болмады,
Екеуі де жалаң білім шеңберінде сорлады.
Рухы, жаны аласаның зорлық жатар парқында,
Сондықтан қос перзентімді санаймын мен жарты ұлға.
Мейлі, мейлі, екі ұлымды қақса да уақыт арқадан,
Нағыз ұлым біреу ғана, ана екеуі — жарты адам!
Иә, бізді қайда апармақ мына заман ақпалы?
Ұлан-байтақ жерімізде жарты адамдар қаптады.
Қайда барсаң, көз алдыңда өнеге боп жарқылдар,
Жарты ұстаздар,
жарты бастық,
жарты қыздар,
жарты ұлдар.
Біз қанша мың жас өскінді аттандырдық шетелге?
«Білім алып келсін!» — дедік,
«Жер, ел танып, көрсін», — дедік,
Бірақ осы ізгі үмітті жалаң білім өтер ме?
Зұлымдық та білім — қызға ғашық болып сүйісті,
Кім тежемек, кім қайырмақ бұл пенделік күйісті?
Жалғыз жол бар: білім әр кез рухани байлыққа
Терең тамыр жіберуге тиісті.

М. Шаханов

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Түсіндірме сөздіктен «құймақұлақ» деген сөздің мағынасын анықтаңдар.

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіннен қонақтардың сөзі қайсысы, қарияның сөзі қайсысы екенін анықта.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Қарияның сөзінен балаларын сипаттаған жерін тауып, әр баласына сипаттама бер.

1-ұлы	2-ұлы	3-ұлы
...	...	...
...	...	...

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қарияның неше ұлы бар?
2. Ол бір баласын неге ерекше атайды?
3. Қалған екі ұлын не себепті: «жарты адам», — дейді?
4. Олардың жарты басты болуына не себеп болған?
5. Шетелге не үшін студенттерді жібердік?

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Төменде берілген сөздерді мәтіннен тауып, қандай сөздермен тіркескенін байқа.

Жарты адам, соңыңыздан, самғаған, назарға ілінді, жалғады, жалаң білім, санаймын, қаптады, жас өскін, аттандырдық, тежемек.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Өлеңді оқып, өз сөзіңмен баянда. Әңгімені жалғастыр.

Алғыр қарттан қонақтары: «Неше балаңыз бар?» — деп сұрайды. Қарт: ... ...

Есте сақта!

Алғыр қарттың үш ұлы болады. Ол екі ұлын «жарты ұлға», бір ұлын «толық ұлға» санайды.

11–12-сабақ

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. «Ойшыл қалпақтар» рөлдік ойыны. Сұрақтарға жауап беріп, пікірталас ұйымдастырыңдар. Берілген сұрақтар бойынша өз ойларыңды айтыңдар. Қалпақты алмастырып, ойынды қайта жалғастырыңдар.

Қалпақтардың қызметі:	Жауап беретін сұрақтары:
 Сандық технология туралы білетінін айтады.	«Сандық технология» деген — не?
 Сандық технологияның артықшылығын айтады.	Оның қандай пайдасы бар?
 Сандық технология арқылы пайда болатын жаман әдеттер (кемшіліктері) туралы айтады.	Оның қандай зияны бар?
 Оны пайдалануға қатысты ойларын айтады.	Оның зияны тимес үшін қалай пайдалану керек?
 Айтылған ойлардың қайсысы ұнағанын, қайсысы ұнамағанын айтады.	Айтылған ойларға қалай қарайсың?
 Бақылап, қорыту: айтылған ойлардың сандық технологияға қатысын айтады.	Айтылған ойлардан қандай қорытынды шығаруға болады?

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. «Сандық технология», «Электронды үкімет», «Сандық теңсіздік», М. Шахановтың «Компьютербасты жарты адамдар» тақырыптарының идеясын, негіздейтін ойларды, қорытатын тұжырымдарды бағанға жаз. Тақырыптық сөйлемдерді қолдана отырып, бір азатжолдан тұратын мәтін құра.

Сандық технология	Электронды үкімет	Сандық теңсіздік	М. Шахановтың «Компьютербасты жарты адамдар» өлеңі
Тақырыптың идеясы: 1. Адамзаттың интернет желісін пайдалануы **Идеяны негіздейтін сөйлемдер:** 2. 3. **Қорытатын сөйлем:** 1.	**Тақырыптың идеясы:** 1. **Идеяны негіздейтін сөйлемдер:** 2. 3. **Қорытатын сөйлем:** 1.	**Тақырыптың идеясы:** 1. **Идеяны негіздейтін сөйлемдер:** 2. 3. **Қорытатын сөйлем:** 1.	**Тақырыптың идеясы:** 1. **Идеяны негіздейтін сөйлемдер:** 2. 3. **Қорытатын сөйлем:** 1.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Ережесін оқып, байланысты анықта. Мысал келтір.

Сөздердің байланысу түрлері	Байланыс түрі	Мысалдары
Жіктік жалғауы арқылы немесе жіктелу ретімен бастауыштық-баяндауыштық қатынаста байланысқан сөз тіркестері		
Ілік септік жалғауы мен тәуелдік жалғауы арқылы байланысқан сөз тіркестері		
Барыс, табыс, жатыс, шығыс және көмектес септік жалғаулары арқылы байланысқан сөз тіркестері		
Жалғаусыз, тек орын тәртібі арқылы іргелес байланысқан (бірінші сөз анықтауыштың сұрағына жауап беретін) сөз тіркестері		
Жалғаусыз, кейде алшақ, кейде іргелес тұрып байланысқан (пысықтауыш пен баяндауыштың байланысы) сөз тіркестері		

1–2-сабақ

«Тәртіпке бағынған ел құл болмайды»

ОҚУШЫ, БҰЛ МОДУЛЬДЕ СЕН:

- мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміңе сүйеніп, тақырыпты жалғастыру;
- мәнерлеп оқу, сөйлеу, сұрақтарға жауап беру;
- лексикалық тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну;
- мәтінге сүйеніп, монолог, диалог құрауда сөйлеу әдебі формаларын орынды қолдану;
- клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойыңды дәлелдеп, эссе жазу;
- тақырып бойынша мәтінге жоспар құру, тірек-сызба, менталды карта, таныстырылым (презентация) түрінде жинақтау;
- тезис, сұхбат, баспасөз парағын рәсімдеу;
- мәтін құрауда сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін орынды қолдану **дағдыларыңды жетілдіресің.**

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
бұзу / бұзбау, жүгіну, әділетті, қатаң, жәбірлеу, қастандық, қорлық, жаза кесілу

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. «Тәртіп дегеніміз — не?» деген сұраққа ассоциация жасау. Сызбаға жаз.



ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Берілген сөздердің синонимдерін, антонимдерін тауып, жаз. Сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастырып айт.

Тәртіп, қылмыс, жеке куәлік, жауапқа тарту, құқықтық, бұзбау, жүктелген міндет, қабылдану, заңдылық.

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Қазақ тілінің теориясы бойынша берілген сұрақтарға жауап бер.

1. Синтаксис нені зерттейді?
2. «Сөз тіркесі» дегеніміз — не?
3. Сөз тіркесінің күрделі сөздер мен тұрақты тіркестерден айырмашылықтарын ата.
4. Сөздердің қандай байланысу түрлері бар?
5. Сөз тіркесінің қандай айрықша белгілері бар?
6. Қандай байланысу тәсілдерін білесің?

ТІЛДІК БАҒДАР



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Берілген сөз тіркестерінің байланысын анықта.

Мен оқимын, заңгердің қолы, қызық кітап, қастандыққа бару, сен жәбірленушісің, қорлық көру, қатал адам, заңға жүгіну, қатаң жазаланды, әділеттіліктің белгісі, тапсырманы орындау.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді тыңда.

Аудиомәтін

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Аудиомәтін бойынша тест тапсырмаларын орында.

1. Тәртіпті адам құл ... .
А) болады
Ә) болмайды
Б) болу керек

2. Бала қай жастан өз ісіне жауап береді?
А) 13 жастан
Ә) 14 жастан
Б) 13 жасқа дейін

3. Заңды білу міндетті ме?
А) міндетті
Ә) міндетті емес
Б) білмесе де болады

4. Сөйлемді толықтыр. Заңның ең басты мақсаттарының бірі — ... .
А) бірлікке шақыру
Ә) тәртіпсіздікке шақыру
Б) тәртіпке шақыру

5. Тәуелсіз елімізде Ата заң күні қашан аталады?
А) 16 желтоқсанда
Ә) 30 тамызда
Б) 25 қазанда

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіннің мазмұны бойынша кластер құрастырып, жаз. Жаңа сөздерді қолдан.

ОҚЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

Заңның ең басты мақсаттарының бірі — қоғамдағы алуан мінезді адамдарды саламатты өмір салтына тәрбиелеу. Енді осы кезге дейін құқымызды қорғайтын қандай заңдар қабылданғанын көрелік:

— 1787 жылы дүниежүзіндегі тұңғыш Конституция қабылданды.

— 1789 жылы 26 тамызда «Адам және азаматтардың құқықтары декларациясы» қабылданды.

— 1948 жылы 10 желтоқсанда БҰҰ-да «Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы» қабылданды.

— 1959 жылы 20 қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясында «Балалар құқы декларациясы» қабылданды.

— 1989 жылы «Бала құқы туралы конвенция» қабылданды.

— 1993 жылы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының алғашқы конституциясы қабылданды.

— 1995 жылы 30 тамызда референдум арқылы бекітілген екінші конституция қабылданды.

— 2002 жылы 8 тамызда «Қазақстан Республикасындағы Балалардың құқықтары туралы заң» қабылданды.

Адамзат баласының өмір сүруі белгілі бір заңдылықтарға бағынатыны сияқты ғаламшарды мекен еткен әр мемлекеттің де негізгі заңы болуы шарт. Ол заңның барлық тілдегі атауы — «Конституция».

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. «Сұрақты тауып ал». Оқыған мәтіннен сұрақтарға жауап беретін бірнеше сөйлемді тауып, белгіле. Айтып бер.

№	Сұрақтар	Жауаптар
1	Әр азаматтың міндеті қандай?	жауынгер-жазушы
		1787 жылы Дүниежүзіндегі тұңғыш конституция қабылданды.
		14 жастан жауапқа тартады.
2	«Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды», — деген қайраткерді ата.	заңды білу.
		Бауыржан Момышұлы
		1989 жылы «Бала құқы туралы конвенция» қабылданды.
3	Заң бойынша, қылмыс жасаған балаға не істейді?	заң талаптарын бұзбау.
		1995 жылы 30 тамызда референдум арқылы бекітілген екінші Конституциямыз қабылданды.
4	Конституция қашан қабылданды?	өзіне жүктелген міндетін орындау.
		16 жастан бастап толық әкімшілік, қылмыстық жауапкершілік басталады.

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша негізгі ақпаратты кестеге жаз.

Қай жылы?	Қандай заң қабылданды?

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Берілген сөйлемдерден сөз тіркестерін жазып, байланыс түрлерін анықта.

Заңды білу — заман талабы. Бүгінде Қазақстан Республикасында демократияға бағытталған құқықтық мемлекет құру идеясы жүзеге асырылуда. Әр азаматтың міндеті — заң талаптарын бұзбау, өзіне жүктелген міндетті орындау. Өйткені «заң» дегеніміз — өмірдің нәрі. Заңның мықтылығы атында емес, адалдығы мен әділдігінде. Заңның ең басты мақсаттарының бірі — қоғамдағы алуан мінезді адамдарды саламатты өмір салтына тәрбиелеу.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Төмендегі жоспар бойынша диалог құрыңдар.

1. Мемлекеттік заңдарды құрметтеу қажет
2. Заңды білу — заман талабы
3. Әр мемлекеттің негізгі заңы болуы шарт

ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

13-тапсырма. «Сөйлемдердің жазылуы».

Сынып топқа бөлініп, тақырып бойынша сөйлемдерді қағазға жазады, ондағы сөздерді қиып, бір-біріне береді. «Адасып қалған» сөздерді дұрыс орналастырады. Дұрыс құрастырылған сөйлемдерді оқиды.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

14-тапсырма. Тақырып бойынша («Мұғалімге хат» тәсілімен) сұрақ қой немесе мұғалімге ұсыныс жаз.

Есте сақта!

Әр адам мемлекеттің заңдарын құрметтеуі қажет. Қазақстан Республикасының Ата заңы бойынша, қылмыс жасаған баланы 14 жастан жауапқа тартады. 16 жастан бастап толық әкімшілік, қылмыстық жауапкершілік басталады, азамат жеке куәлік алады.

1995 жылы 30 тамызда референдум арқылы бекітілген екінші конституциямыз қабылданды.

3–4-сабақ

Тәртіпсіздік неден басталады?

Жаңа сөздер:
ізгі, даулы, кінәлі, отырыс, бейкүнә, үстемдік, кек, айыпталушы

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Берілген мақал-мәтелдің жалғасын тауып, жаз. Мұғалімнің көмегімен мақал-мәтелдің мағынасын түсініп ал.

1	Тәрбиелі — тәртіптің құлы,	тәртіпсіздік — өміріңнің қас жауы.
2	Тәртіп тән үшін,	ұл атадан үйренбей сапар шекпес.
3	Тәртіпсіз ел болмайды,	жаман тәртіп әдетке айналса — ұрыс.
4	Қыз анадан үйренбей өнеге алмас,	тәртіпті — елдің ұлы.
5	Тәртіп — тәрбие бастауы,	ынтымақ жан үшін керек.
6	Жақсы тәртіп әдетке айналса — ырыс,	тәртіпке бас иген ел құл болмайды.

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. «Менің атым — Қожа» кинофильмінің үзіндісі бойынша сұрақтарға жауап бер (Қожаның әрекетін оқушылар жиналысында талқылау, Қожаның өзіне өзі есеп беруі).

1. Отырыста Қожаның қандай әрекеттері айтылды? Кінәсі неде?
2. Қожаның тәртібі мектепте қандай болған?
3. Ұстазы Қожаның тәртібі кімдерге де байланысты екенін айтты?
4. Сендер Қожаның ағасы не әпкесі болсаңдар, қандай ақыл берер едіңдер?
5. Сендер өз-өздеріңе есеп бересіңдер ме?
6. Тәртіпті бала қандай болуы керек?

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Берілген сөздердің синонимдері мен антонимдерін тап. Осы сөздерді қатыстырып, 7 сөйлем құрап жаз.

Отырыс, кінәлі, даулы, ізгі, болашақ, шешу, мамандық, жауапты, бейкүнә, үстемдік, кек, айыпталушы.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда.

Аудиомәтін

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Аудиомәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. А. С. Макаренко тәртіпті қалай сипаттайды?
2. Тәртіп ұжымның қандай ерекшелігімен байланысты?
3. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы» деген сөзді кім айтқан?
4. Олжас Сүлейменов тәрбие туралы не деген?

ОҚЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқы.

Аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы: «Жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім, енді қорқынышым көбейіп жүр. Біріншісі — балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқамын. Екіншісі — немересіне ертегі айтып беретін әженің аза-юынан қорқамын. Үшіншісі — дәмді, дәстүрді сыйламайтын балалар өсіп келеді, содан қорқамын», — деген екен.

Тәртіпті бала — сүйініш,
Төбең бір көкке жетеді.
Тәртіпсіз бала — күйініш,
Төмендеп басың кетеді, — дегендей, еліміздің болашағы ұрпақ тәрбиесінде.

Бүгінгі таңда жастар ұлттық дәстүр негізінде әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім мен тәрбие алулары керек. Оның рухани байлығы мен мәдениетін, ойлай білу мүмкіндігін жетілдіру, әр адамның кәсіби біліктілігі мен білімін, іскерлігін арттыру — әділетті қоғамның міндеті болып отыр. Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет мәртебесіне ие болуы, білім беру, жастар саясаты туралы заңдардың қабылдануы жастар тәрбиесі мәселесіне жаңаша ұстанымды талап етеді. Қазіргі кезде жастарға, олардың тәрбиесіне зор үміт артылып отыр. Себебі республикадағы 16 миллион халықтың шамамен 5 миллионнан астамы — 14 пен 30 жас арасындағы жастар екені мәлім.

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Тыңдаған мәтінге жоспар құрып, жаз.

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтіндегі бейтаныс сөздер бойынша сөздік жұмысын жаса. Байланыс түрлері бойынша сөз тіркестерін анықта.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша төмендегі кестені толтыр.

Азатжол	Тақырыпша	Тірек сөздер

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Берілген нақыл сөздерді оқы. Өзің қалаған бір нақыл сөз бойынша ойыңды айт.

1. Жақсы тәртіп әдетке айналса — ырыс, жаман тәртіп әдетке айналса — ұрыс (Ғабиден Мұстафин).

2. Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы (Әбу Насыр әл-Фараби).

3. Адамның тағдырын тәрбие шешеді (Олжас Сүлейменов).

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құр. Сол жоспар бойынша мәтіннің мазмұнын айт.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. Қосымша ақпаратты қолданып, бүгінгі заманның тәртіп сақшыларына қойылатын талаптарды диаграмма түрінде жаз.

АЙТЫЛЫМ

13-тапсырма. «Заңсыз арал». Біз ешқандай заңы жоқ аралда өмір сүрсек, не болар еді? Жақтаушы және даттаушы болып бөлініп, пікір таластырыңдар.

Есте сақта!

Бүгінгі таңда жастар ұлттық дәстүр негізінде, әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім мен тәрбие алулары керек. Жастардың тәрбиесіне қай кезде болса да, зор үміт артылған. Қазіргі кезде республикадағы 18 миллион халықтың шамамен 5 миллионнан астамы — 14 пен 30 жас арасындағы жастар екені мәлім.

5–6-
сабақ

Құқықбұзушылық, қылмыс жақсылыққа апармайды

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
бостандық, қамау, қасақана, түрме, сот, қорғаушы

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. «Ассоциограмма». «Қылмыс» дегеніміз — ...» тақырыбында сызба құрап жаз.

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Суреттерге қара. Мультфильм кейіпкері қандай құқықбұзушылық әрекеттер жасайды? Ғаламтордан баптарын тауып, ата.









МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда.

Аудиомәтін

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Аудиомәтінді тыңда. Ақпараттың дұрыс-бұрыстығын белгілеп, айт.

	Ақпарат	Дұрыс	Қате
1	Балалар колониясында 13 жастан 18 жасқа дейінгі бұзақылар болады.		
2	Бұрын Қазақстанда тәртібі нашар жасөспірімдерді тәрбиелейтін төрт колония болған.		
3	2011 жылдан бері Ақтөбе қаласындағы балалар колониясы ғана қалған.		
4	Жастары толған соң олар үлкендердің түрмесіне ауыстырылады.		
5	Алматы қаласында ЛА155/6 балалар колониясы бар.		

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша 3 сұрақ жаз.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұнын айт.

Құқықбұзушылықтың ең қауіпті түрі — қылмыс. «Қазақстан Республикасының қылмыс кодексі» 1997 жылы 16 шілдеде қабылданып, 1998 жылдың 1 қаңтарында **күшіне енді.** Қылмыс кодексі Жалпы және Ерекше бөлімнен тұрады. Жалпы бөлімде «қылмыс» пен «жаза» туралы ұғым беріліп, жазадан босату жағдайлары сипатталады. Ерекше бөлімде нақты қылмыс үшін белгіленетін жазаның түрлері көрсетіледі. «Қылмыс» дегеніміз — **қоғамға қауіпті** әрекет немесе әрекетсіздік. Әрекет — қылмыскердің адамға жасаған зиянды әрекеті. Әрекетсіздік — белгілі бір адамның қылмысқа дайындалып жатқанын біле тұра **әрекет жасамау**. Қылмыстық құқық адамның құқы мен бостандығын, қоғамды, мемлекетті қылмыстық қолсұғушылықтан қорғауға бағытталған қоғамдық қатынастарды реттейді. Құқық жүйесінің негізгі саласы — қылмыстық құқық. Қылмыстық құқықтың негізгі заңдылық базасы — ҚР Конституциясы. Қылмыс көбінесе жеке адамға жасалады. Қоғамның өзі жеке

адамдардан құралғандықтан, нақты бір адамға жасалған қылмыс «қоғамға да қарсы жасалған қылмыс» саналады. Қылмыс әдейі, қасақана, байқаусызда жасалуы мүмкін. Қылмыстық құқықтың қорғаушылық, сақтандырушылық, тәрбиелік функциялары болады. Қылмыстық құқықтың негізгі функцияларына қоғамдық тәртіпті қорғау, қоршаған ортаны бүлінуінен сақтау, **азаматтардың қауіпсіздігін** қорғау жатады. Әділ соттың мақсаты — қоғамды тұтастай қорғау.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында айтқандай, **заң алдындағы теңдік** құқық қорғаудың басты негізіне айналуы қажет.

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. «Сұрақты қағып ал!» Оқыған мәтін бойынша төмендегі сұрақтың бірі жазылған, домалақтанған қағазды оқушылар бір-біріне лақтырады. Қағып алған оқушы бірден жауап береді.

1. Құқықбұзушылықтың ең қауіпті түрі — не?
2. «Қазақстан Республикасының қылмыс кодексі» қашан қабылданды?
3. Қылмыс кодексі қандай бөлімдерден тұрады?
4. Жалпы бөлімде не қарастырылған?
5. Ерекше бөлімде не көрсетілген?
6. «Қылмыс» дегеніміз — не?
7. Әрекетсіздікке не жатады?
8. Құқық жүйесінің негізгі саласы — не?
9. Қылмыстық құқықтың негізгі заңдылық базасына не жатады?
10. Қылмыс қалай жасалуы мүмкін?
11. Қылмыстық құқықтың қандай функциялары болады?
12. Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауында айтқандай, заң алдындағы теңдік неге айналуы қажет?

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Сөздіктердің көмегімен мәтіндегі қою қаріппен берілген сөз тіркестерінің мағынасын, байланыс түрлерін анықта. Сөздік дәптеріңе жаз.

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтіннің тақырыбын анықта. Мазмұны бойынша жоспар құрып, жаз.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Топқа бөлініп, тақырып бойынша 12-13 тірек сөзді теріп жазыңдар. А3 қағазына осы сөздерден гүлтізбек жасаңдар. Әр топ өз гүлтізбегіндегі сөздің мәнін түсіндірсін.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Төмендегі құрылым бойынша «Құқықбұзушылық» тақырыбына дербес жазба жұмысын орында.

Өзіндік пікір (ой, идея) — бір сөйлем.
Дәлел — екі сөйлем.
Өз пікірін айғақтайтын мысал — екі сөйлем.
Өз пікіріне қарсы дәлел — бір сөйлем.
Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал — бір сөйлем.
Қорытынды — екі сөйлем.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Бүгін не үйрендіңдер?
2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

Есте сақта!

«Қазақстан Республикасының қылмыс кодексі» 1997 жылы 16 шілдеде қабылданып, 1998 жылдың 1 қаңтарында күшіне енді. «Қылмыс кодексі» Жалпы және Ерекше бөлімнен тұрады. «Қылмыс» дегеніміз — қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздік. «Әрекетсіздік» — белгілі бір адамның қылмысқа дайындалып жатқанын біле тұра әрекет жасамау.

7–8-сабақ

Ермек Өтетілеуұлы

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

Жаңа сөздер:
жоқшылық, құзырлы, бейхабар, үкім

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Қылмыс» дегеніміз — не?
2. Қылмыс не себепті жасалады?
3. Қылмыстық құқықтың функциялары қандай?
4. Құқық жүйесіне қандай салалар жатады?
5. «Қазақстан Республикасының қылмыс кодексі» қашан қабылданды?

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Берілген сөз тіркестері байланыстың қай түріне жататынын белгіле.

Сөз тіркестері	қиысу	матасу	меңгеру	қабысу	жанасу
жазушының отбасы					
мектепке барған					
құзырлы болды					
өлең жаттаймыз					
бейхабар отырған					
үкім шығарады					
сен әңгімелейсің					
ақынды тыңдады					
оның ақылымен					

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Өлеңдегі әр жолға мазмұны ашылатын, дәлелдейтін сөйлемдер жаз.

Адамның басшысы — ақыл,
Шолушысы — ой,
Жетекшісі — талап,
Қорғаушысы — сабыр,
Сынаушысы — халық,

Таусылмайтыны — арман,
Ең қымбаттысы — ар сақтау,
Бәрінен ардақтысы — өмір сүру,
Соның ішінде ең тәттісі — сыйластық (Төле би).

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда.

Аудиомәтін

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Аудиомәтін бойынша тест тапсырмаларын орында.

1.Сөйлемді толықтыр.

Е. Өтетілеуұлы бала кезінен ... ұнатады.

А) сурет салғанды
Ә) ән айтқанды
Б) өлең жазғанды

2. Ол қай қаладағы мектепте оқыған?

А) Алматы
Ә) Ақмола
Б) Семей

3. Ол қай жылы Мәскеу полиграфия институтына түспекші болды?

А) 1956 жылы
Ә) 1957 жылы
Б) 1966 жылы

4. Сәйкестігін тап.

А) Мәскеу полиграфия институтына	1) бөлімін бітірді.
Ә) Орыс тілі мен әдебиеті	2) өлеңдер жаза бастады
Б) Студент шағынан «Балдырған» журналына	3) түспеді

5. Жазушыны қандай жұмысқа шақырады?

А) редакцияға
Ә) телеарнаға
Б) институтқа

6. Ақынның алғашқы өлеңдері қай жылдары жарық көре бастады?

А) жетпісінші
Ә) елуінші
Б) алпысыншы

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Тыңдаған мәтінге тақырып қой. Мәтін мазмұны бойынша жазушыға қысқаша мінездеме жаз. Мінездемеңді түсіндіріп айт.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой. «Джигсо» тәсілімен түсініп ал.

Ермек Өтетілеуұлы 1938 жылы 1 қаңтарда Ақмола (қазіргі Астана) қаласында туған. 1957 жылы Алматыдағы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түседі. 1962-1964 жылдары Целиноград (қазіргі Ақмола) облысы Қорғалжын аудандық газетінде («Шамшырақ нұры») қызмет еткен. 1964-1974 жылдары республикалық «Балдырған» журналында, 1974-1976 жылдары «Жазушы» баспасында редактор, 1976 жылдан жаңадан ашылған «Жалын» баспасында аға редактор, редакция меңгерушісі, кейін «Балауса» атты балалар әдебиеті баспасында еңбек етеді. Көркем әдебиет баспаларында жиырма жылдан астам уақыт жұмыс жасаған баспагердің қолынан жүздеген жинақ, жеке кітаптар редакцияланып, оқырман қауымға жетеді. Ақынның шығармашылығы балаларға арналған, редакторлық қызметі де жас оқырмандар үшін жазылған көркем әдебиетпен байланысты болды. Ол «Баспа және полиграфия ісінің қайраткері» құрмет белгісімен марапатталған. 1988 жылы ұзақ жылғы қажырлы қызметі үшін «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды. 1977 жылы «Жалын» баспасының үздік редакторы» атанды.

«Уикипедия» ашық энциклопедиясынан

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты кестеге бөліп жаз.

Негізгі ақпарат	Қосымша ақпарат

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтіннен жазушы қандай марапат иегері болғанын тауып, айт.

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. **Суреттерге қарап, мәтін мазмұнына сәйкес сөйлем құра. Қажетті сөздерді пайдалан.**
















Қажетті сөздер: *кітабы, басылып шықты, жазушы, аударылды, белгілі, балаларға арналған, жинақ.*

ОҚЫЛЫМ

11-тапсырма. **Мәтінді оқып, өмірбаяндық мәтінмен салыстыр. Қандай стильде жазылған? Айырмашылығы неден көрінеді?**

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. **«Ермек Өтетілеуұлы — балалар ақыны» деген тақырыпты «Дамыта жазу» тәсілімен (топпен) орындаңдар.**

1-айналымда кластер құрастыру;

2-айналымда жай сөйлемдер құрау;

3-айналымда синонимдер (мақал-мәтел, фразеологизм) жазу;

4-айналымда постерді қорғау.

ОЙТАРАЗЫ

АЙТЫЛЫМ

13-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екенін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мен ... таңғалдым.

Есте сақта!

Ермек Өтетілеуов студент кезінен «Балдырған» журналына өлеңдер жаза бастады. «Жазушы», «Жалын», «Балауса» баспаларында жиырма жылдан астам уақыт жұмыс істеген. Ол жүздеген жинақ, жеке кітаптар шығарды. Ақынның шығармашылығы, редакторлық қызметі балалар үшін жазылған көркем әдебиетпен байланысты болды. Е. Өтетілеуов «Баспа және полиграфия ісінің қайраткері» құрмет белгісімен марапатталған.

© ҚҰҚЖМЕ ҚҰҚЖМЕ

9–10-сабақ

Ата заң

Жаңа сөздер:
ұрын, ұлт ұйытқысы, қатер, саппа тыйылу, қылп етпеу, нән үстел, өз ықырарыммен

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. **Кестені толтыр.**

Ермек Өтетілеуұлы

Мерзімі	Өмір кезеңдері

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. **Сөздерді сипатта, синонимдерін тауып айт.**

Ұрынбау, қылмыс, құқық, қатер, саппа тыйылу, нән, қылп етпеу, өз ықырарыммен.

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. **Тақырып бойынша жаңа сөздермен қиыса, қабыса, жанаса, меңгере, матаса байланысқан сөз тіркестерін құрап, жаз.**

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. **Ақпарат көздерінен Ата заңға қатысты материалды тауып, шағын мәтін құрап жаз.**

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

5-тапсырма. **Мәтінді тыңда.**

Аудиомәтін

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. **Аудиомәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.**

1. Жазушы қандай журналдарда жұмыс істеген?
2. Ол балаларға арнап не жазған?
3. Ақын кімнің өлеңдерін аударған?
4. 1980 жылы қандай кітабы шыққан?

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Тыңдаған мәтін бойынша жоспар құрып, жаз. Әңгімеле.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Өлеңді оқы. Өлеңде не туралы айтылған?

Ата заң

Азат елдің басталған айқын жолы тәрізді
«Ата заң» деп аталған конституциямыз бар біздің.
Ата заңмен бекіткен дербестігін еліміз,
Ата-баба мұра еткен тұтастығын жеріміз.
Халық сенген заңымыз әділдікті қолдайды,
«Жақсарсын», — деп, — халіміз», адам құқын қорғайды.
Дейді заңы мемлекет үлкенге де балаға:
«Оқу оқы, еңбек ет, кәсіп жаса қалаған!».
Әрбір бабы маңызды, әр көңілдің жыры бір,
Бізде 30 тамыз — Ата заңның күні бұл.

Ермек Өтетілеуұлы

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Өлең мазмұны бойынша берілген сөйлемдерді толықтыр.

1. Ата заңымыз ... қолдайды.
2. Біздің заңымыз ... талап етеді.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтін мазмұнына сай ат қой.

«ПОПС» формуласын қолданып, мәтіндегі ақпарат бойынша өз пікіріңді дәлелде.

Бірінші сөйлем. *«Менің ойымша, ...».*

Екінші сөйлем. *«Себебі мен оны «...» деп түсіндіремін».*

Үшінші сөйлем. *«Оны мен «...» деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын».*

Соңғы сөйлем. *«Осыған байланысты мен «...» деген шешімге келдім».*

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Өлең мазмұны бойынша сұрақтар құрастыр.

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. Төмендегі тақырыптарды өлең мазмұны бойынша орналастыр.

а) 30 тамыз — Ата заң күні.

ә) Ата-баба тәуелсіздігімізді мұра еткен.

б) Заң адам құқын қорғайды.

в) Конституциямыз «Ата заң» деп аталады.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. Жағдаят: мектебіңде ақын Ермек Өтетілеуұлына арналған кеш өтеді. Кештің сценарийін жаз.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

14-тапсырма. Сұрақтарға жауап жаз.

1. Сабақ не туралы?
2. Бүгінгі сабақ саған ұнады ма?
3. Бұл сабақ қаншалық қиын болды?
   А) қиын емес
   Ә) қиын, бірақ не қиындық тудыратынын түсінуге тырыстым
   Б) қиын, соған қарамастан тапсырмаларды орындап шықтым
4. Сабақтың соңында қандай сезімде болдым?
   А) мүлдем сенімсізбін
   Ә) сенімсізбін
   Б) аздап сенімдімін
   В) сенімдімін

Есте сақта!

Конституциямыз «Ата заң» деп аталады.
30 тамыз — Ата заң күні.
Ата-баба тәуелсіздігімізді мұра еткен.

© ТОО ТОРГОВЫЙ ДОМ

11-12-
сабақ

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Криптограмманы шеш. Тақырып бойынша сөздерден сөйлем құра.

Тігінен:

1) «еркіндік» сөзінің синонимі: 8, 9, 10, 11, 2, 12, 4, 5, 7
3) «закономерность» сөзінің аудармасы: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 5, 7
4) «жиналыс» сөзінің синонимі: 9, 11, 5, 13, 5, 10

Көлденеңінен:

2) Тәртіп бұзатын бала: 8, 13, 1, 5, 7
5) «Приоритет» сөзінің аудармасы: 8, 2, 10, 5, 14, 4, 5, 6, 5, 7
6) Үлкен пікірталас: 4, 2, 15
7) Құқықбұзушылықтың ең қауіпті түр: 7, 5, 6, 14, 5, 10
8) Әр адамда бар: 7, 13, 7, 5, 7



© Кітапшы Горизонт

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. «Ыстық орындық» тәсілімен өткен тақырып бойынша лексикалық минимумда берілген сөздерді қайтала *(әр бала орындықта отырған балаға кезекпен өткен тақырыптар бойынша сөздерді (не орысшасын, не қазақшасын) айтады, орындықта отырған бала бірден аударады). Осылайша, барлық оқушының сөздік қорды қалай меңгергенін білуге болады.*

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. «Бумеранг» ойыны. Топқа бөлініп, белгіленген уақыт ішінде өткен тақырыптар бойынша жазбаша сұрақтар дайындаңдар. Кейін топтар бір-бірінің сұрақтарына ауызша жауап берсін.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Өлеңдерді оқы. Ортақ тақырыпты тап.

Жеті саны

Киелі сан — «жеті» деген.
Байланысты жетіменен
Көп **ұғымы** халқымыздың,
Белгісіндей **салтымыздың**.

Жеті қат көк — жер үсті,
Жеті қабат жер асты.

«Жеті жарғы» — заң жеті,
Қазынамыз бар жеті.

Жеті атамыз — тегі жұрт,
Ағайынды жеті жұт.

Қызықтырар құбыла,
Жеті түсті шұғыла.

Жер де — бір жеті керемет,
Жеті шелпек — берекет.

Сөз, сөйлемдер бағынар,
Жеті септік тағы бар.

Жеті септік

Атау айтты:
— Кім бұл — бұзған ережені,
Не зат — соққан терезені?
Ілік ілді:
— Кімнің ісі дүрліктірген?
Ненің буы желіктірген?
Барыс білмек:
— Кімге сотқар ерегесті?
Неге қылды дөрекі істі?
Табыс таппақ:
— Кімді бұның басынғаны?
Нені көздеп, тасынғаны?
Жатыс жатыр:
— Кімде кегі келесі? — деп,
— Неде кетті есесі? — деп.
Шығыс шықты:
— Кімнен алған үлгісі? —деп,
— Неден туған бұл ісі? — деп.
Ал көмектес:
— Кіммен, — деді, — адасып жүр?
Немен оған қарасып жүр?
Жеті септік сұрақтарын
Жатқа білгін, шырақтарым!

Жеті қазына

Жүйрік аты — жігіт қаны, қанаты,
Қыран құсы — қарым күші, қуаты,
Алғыр иті — бастан берік сенімі,
Берен мылтық — сөнбес оты, серігі,
Қақпан-тұзақ — ау-жылымы, әдісі,
Өнер-білім — байлығының мәндісі,
Қазан-ошақ — берекесі тірліктің,
Осы — жеті қазынасы жігіттің.

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Өлең мазмұны бойынша сөйлемдерді толықтыр.

Жүйрік аты — ... .
Қыран құсы — ... .
Алғыр иті — ... .
Берен мылтық — ... .
... — ау-жылымы, әдісі.
... — байлығының мәндісі.
... — берекесі тірліктің.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. «Жеті саны» өлеңіндегі қою қаріппен берілген сөздерді тіркестіріп жаз, байланыс түрлерін анықта.

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. «Жеті қазына» өлеңінің мазмұны туралы пікіріңді «Төрт сөйлем» құрылымына салып жаз.

1. **Пікір.** Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.
2. **Дәлел.** Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.
3. **Мысал.** Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.
4. **Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаса.

© Мектеп-Горизонт

Лексикалық-грамматикалық минимум бойынша қазақша-орысша сөздік

7. Сауда мен көмек: екіжақты келісімді сауда

делдал — посредник
басымдық — приоритет
екіжақты — двусторонний
мәміле — компромисс; сделка; согласование
барлық — все; весь
бедел — авторитет; почёт; репутация
көпсалалы — многоотраслевой
қаржылай — финансовый
толыққанды — полноправный; полноценный
тарап — сторона
әріптес — коллега
кіріс — доход
шығын — расход
бөгде — чужой; посторонний
ақшалай — деньгами
берешек — долг
қожалық — хозяйство
өтемақы — компенсация
әлі — еще
үшін — для, за, из-за; ради
көмек — помощь; подмога

8. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы гендерлік бейне

сымсыз телеграф — беспроводной телеграф
хабарлама — сообщение
бұқаралық ақпарат құралдары — средства массовой информации
хабар — весть, известие, сообщение
байыпты — серьёзный
шамамен — примерно, приблизительно
зорлық-зомбылық — насилие
теңдік — равноправие
бүкпесіз жеткізу — донести без утайки (чистосердечно)
мерзімдік басылым — периодические издания
жеткілікті — достаточно
тән — подходящий, свойственный
бала күтімі — уход за ребёнком
жәрдемақы — пособие
үлес — вклад; доля
әлеует — потенциал
жетілдіру — усовершенствовать
дамушы — развивающий
екіталай — сомнительный, переломный, критический
шиеленіс — противоречие, обострение
ізгілендіру — гуманизация
ең көне — самый древний

9. Жер ғаламшарындағы қауіпті қалдықтар

қалдық — остаток; то, что остаётся как негодное; отбросы, отход
қауіпті — опасный, рискованный
үйінділер — куча, насыпь
өңде — производи, обработай
қажетке жарату — использовать
қолданылған — использованный
жойылмайды — не исчезнет

сұрыптайды — сортирует
жарамсыз — непригодный
өртейді — сжигает
залалсыздандырады — обеззараживает
сарапшы — эксперт
шіру — гнить
көму — закопать
айыппұл — штраф
жарылыс — взрыв
апат — бедствие
төтенше — чрезвычайный
орай — случай, возможность
тірі — живой
қырылу — гибнуть
жұтады — глотает
асқорыту — пищеварение
құртады — уничтожает
қорғаныш — защита
орама — обёртка
сынақ — испытание; зачёт
дем — дыхание
бөбешік — надгортанник
танау — ноздря; нос
таңдай — небо (верхняя стенка полости рта, имеющая сводчатую форму)
жарымжан — калека; увечный
сілкіну — стряхиваться
ақырзаман — конец света
жара — рана; язва
ұлғайған — почтенный (возраст)
сему — вянуть; отсыхать

10. Әлеуметтік теңсіздік: адам құқықтары және көмек

бірдей — одинаковый
дәулетті — богатый; состоятельный
жарлы — бедный
теңе-теңдік — равноправие
мұқтаж — нуждающийся
нәсіл — раса
кемсіту — издеваться, унижать
жат — чужой
түсіністік — взаимопонимание
қақтығыс — столкновение
саты — лестница
ұлтаралық — межнациональный
ұғыну — понимать
жарлық — распоряжение; указ; приказание
дәйек — сведение; аргумент
қарар — решение; постановление; резолюция

11. Жастардың денсаулығы — қоғам байлығы

құмарлық — пристрастие; увлечение
ем — исцеление; лечение
айырылу — разлучаться; расставаться
арылу — избавляться; освобождаться; очищаться
душар; душар болу — неожиданно встречаться; натыкаться; подвергаться (чаще: подвергать; душар ету — подвергнуть)
әр — всякий; каждый
жігер — воля; энергия
үйлестіру — приводить в соответствие; гармонизировать
сүйену — опираться; иметь поддержку; надеяться
тығырықтан шығу — выйти из тупика
күйзеліс — кризисное состояние; тяжёлое положение; переживание
тіресу — стычка; столкновение; напирать друг на друга (в борьбе)

шөлдеу — испытывать жажду; хотеть пить
кері — обратно; назад; в обратную сторону
әуестену — пристраститься; проявлять интерес; увлекаться
сырқаттану — заболеть
қанқұрт — кариес
зақымдау — ранить; увечить
көмей — гортань
обыр — рак
амал — действие; деяние; поступок; находчивость; прием; способ
ширақ — живой; бодрый; энергичный; проворный

12. Сандық технологияны пайдаланудағы теңсіздік

сандық — цифровой; числовой
бүкіләлемдік — всемирный
желісіне — сети
адамзат игілігі — благо человечества
жылдам шешу — быстро решить
қолжетімді — досягаемый; доступный
қызмет көрсету — обслуживать
мемлекеттік билік — государственная власть
алмастыру — заменить; обменять; переставить; сменять
тиіс — должен; следует; надо
кері байланыс — обратная связь
анықтама — определение; справочник; справка (сведения)
заңды тұлға — юридическое лицо
ұялы — сотовый
теңсіздік — неравенство; бесправие
бейнетаспа — видеокассета; видеоплёнка
бейнежазба — видеозапись
шектеусіз — не ограниченный
ілгерілейді — идут вперед; продвигаются вперед
біркелкі — одинаковый; аналогичный; единообразный; единый
жарты — половина
орынды — уместный
тәуелділігі — зависимость
зиян — вред; повреждение
адамшылық — гуманизм; гуманность; человечность
жоғалу — потеряться; теряться; исчезать; пропадать
адасқан — заблудившийся
құндылық — ценности
ескермеу — не учитывать
шұғыл — срочно; крутой; резкий; спешный
тосқауыл қою — препятствие; преграда; помеха; засада; западня
жұтаңдау — обнищавший (о народе, людях); опустошённый; скудный
жарты адам — получеловек
соңыңыздан — следом за вами
самғаған — парящий; взвиваться; взлетать высоко; взмывать
назарға ілінді — увидели; принимая во внимание
жалғады — соединил; соединять; удлинять; продолжать
жалаң білім — бесполезное знание
санаймын — считаю
қаптады — стало много
жас өскін — молодой росток; молодёжь
аттандырдық — отправили
тежеу — препятствовать; тормозить; сдерживать

13. Қоғам және заң

бұзу/бұзбау — нарушать, не нарушать
жүгіну — полагаться
әділетті — справедливый
қатаң — строгий
Оны қатаң жазалады. — Его строго наказали.
жәбірлеу — оскорбление, притеснение
қастандық — покушение, заговор
қорлық — насилие
жаза — наказание
заң — закон
азаматтық заң — гражданский закон
ізгі — благой, добрый
даулы — спорный
кінәлі — виновный
отырыс — заседание
бейкүнә — невиновный
үстемдік — господство
кек — месть
айыпталушы — обвиняемый
бостандық — свобода
қамау — заключение
қасақана — специально
түрме — тюрьма
сот — суд
қорғаушы — адвокат
жоқшылық — бедность, нужда
құзырлы — компетентный
бейхабар — неосведомлённый; незнающий
үкім — приговор, вердикт
ұрыну — попадать в неприятное положение
ұлт ұйытқысы — предводитель нации
қатер — угроза, опасность
қылп етпеу — не беспокоиться
нән (үлкен) үстел — большой стол
өз ықырарыммен — по собственному желанию
рух — дух, душа

© Электронный вариант

Мазмұны

7. Сауда мен көмек: екіжақты келісімді сауда. Ы. Алтынсарин «Дүние қалай етсең, табылады?» 4

1-2-сабақ. Сауда тарихы 4
3-4-сабақ. Ұлы Жібек жолы — сауда мәдениетінің өркендеу биігі 9
5-6-сабақ. Екіжақты келісімді сауда 14
7-8-сабақ. Сауда мәдениеті және тұтынушы құқығы 19
9-10-сабақ. Ыбырай Алтынсарин «Дүние қалай етсең, табылады?» 24
11-12-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? 28

8. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы гендерлік бейне. Жанболат Ауыпбаев «Ашылмаған аралдар» кітабынан «Диктор» деректі әңгімесі 30

1-2-сабақ. Радиоарналарды тыңдаймын 30
3-4-сабақ. Қазақтың тұңғыш журналист қыздары 35
5-6-сабақ. Отбасы және гендерлік саясат 39
7-8-сабақ. Телефон — байланыс құралы 43
9-10-сабақ. Қазақтың тұңғыш дикторы 47
11-12-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? 50

9. Жер планетасындағы қауіпті қалдықтар. Думан Рамазан «Соңғы дем» әңгімесі, Қайнар Олжай «Жер мен аспан арасындағы дастан» кітабы 52

1-2-сабақ. Тұрмыстық қалдықтар 52
3-4-сабақ. Өндірістік қалдықтар 59
5-6-сабақ. Қауіпті қалдықтар 63
7-8-сабақ. Қайнар Олжай «Жер мен аспан арасындағы дастан» 66
9-10-сабақ. Қайнар Олжай «Жер мен аспан арасындағы дастан» 70
11-12-сабақ. Думан Рамазан «Соңғы дем» әңгімесі 73
13-14-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? 77

10. Әлеуметтік теңсіздік: адам құқықтары және көмек. Ұлықбек Есдәулет «Қара пима» поэмасы 78

1-2-сабақ. Қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктің жіктелуі 78
3-4-сабақ. Әлеуметтік теңсіздік және әлеуметтік топтар 82
5-6-сабақ. Жұмыссыздық және әлеуметтік теңсіздік 87
7-8-сабақ. Ұлықбек Есдәулет — ақын, қайраткер 91
9-10-сабақ. Ұлықбек Есдәулет «Қара пима» поэмасы 95
11-12-сабақ. «Қара пима» — трагедиялық шығарма 99

13-сабақ. Нәтиже сабақ.
Мен не үйрендім? 101

11. Жастардың денсаулығы — қоғам байлығы. Бердібек Соқпақбаев «Он алты жасар чемпион» әңгімесі 103

1-2-сабақ. Нашақорлық — қоғамдық дерт..... 103
3-4-сабақ. Темекі тарту — зиянды әдет..... 107
5-6-сабақ. Саламатты өмір салтын ұстанамын..... 110
7-8-сабақ. Денсаулықты сақтау өз қолымызда..... 114
9-10-сабақ. Бердібек Соқпақбаев «Он алты жасар чемпион» (әңгіме) 117
11-12-сабақ. Нәтиже сабақ.
Мен не үйрендім? 121

12. Сандық технологияны пайдаланудағы теңсіздік. М. Шаханов «Өркениеттің адасуы» романынан үзінді «Компьютербасты жарты адамдар» 123

1-2-сабақ. Сандық технология 123
3-4-сабақ. Электронды үкімет..... 127
5-6-сабақ. Сандық теңсіздік..... 131
7-8-сабақ. Мұхтар Шахановтың «Компьютербасты жарты адамдар» концепциясы 135
9-10-сабақ. Өркениеттің адасуы (романнан үзінді)..... 138
11-12-сабақ. Нәтиже сабақ.
Мен не үйрендім? 141

13. Қоғам және заң. Ермек Өтетілеуұлы «Ата заң», Шешендік сөздер..... 143

1-2-сабақ. «Тәртіпке бағынған ел құл болмайды» 143
3-4-сабақ. Тәртіпсіздік неден басталады? 148
5-6-сабақ. Құқықбұзушылық, қылмыс жақсылыққа апармайды 151
7-8-сабақ. Ермек Өтетілеуұлы 155
9-10-сабақ. Ата заң..... 160
11-12-сабақ. Нәтиже сабақ.
Мен не үйрендім? 163

QR-код арқылы оқулықта берілген аудиожазбаларды тыңдау жадынамасы

Құрметті жас дос! Араларыңда QR-кодты қолдана алатындар болуы мүмкін, дегенмен «QR-код» дегеніміз — не, ол не үшін қажет екенін еске түсіріп, білмегендер болса, түсіндіре кетуді жөн көрдік.

QR-код «Quick Response — шұғыл жауап» — өзіндік деректер базасы, онда ақ бетте белгілі бір тәртіппен қара түсті шаршылар орналасқан. «QR-код» дегеніміз — мобильді телефонның камерасы арқылы жылдам тану үшін ақпарат беретін, екі өлшемді штрих-код. Арнайы қосымша көмегімен біз оқулықтағы кейбір мәтіндерді QR-кодқа айналдырдық, ол — URL-мекенжайдың, яғни интернет бетіндегі қажетті ақпараттың сілтемесі. Бұл оқушыға оқу материалымен жұмыс істеу барынша ыңғайлы болу үшін жасалған.

QR-кодты сканерлеуде не білу қажет?

QR-кодты сканерлеу үшін мобильді құрылғыға арнайы бағдарламалар орнатылады. Оларды пайдалану оңай әрі ыңғайлы. iOS (iPhone) мобильді платформасында Scan қосымшасы бар, Android-та QR-код сканерлейтін бағдарлама көп. Соның бірі — QuickMark қосымшасы түрлі форматтағы QR-кодтарды сканерлейді, оның көмегімен сілтемелер автоматты түрде ашылады. Бүгінде жаңа смартфондар QR-кодты сканерлейтін арнайы қосымшаларды қажет етпейді, өйткені бұл функция бағдарламада алдын ала орнатылған. QR-кодты сканерлеу үшін телефон камерасын кодқа әкелесіз де қажет ақпаратты аласыз. QR-кодты смартфонында камерасы бар кез келген оқушы қолдана алады, әр барлық оқушы шифрланған мәтіндерді сканерлеп, көркем шығармаларды тыңдай алады.

Аудиомәтіндер
7-13-тақырып

© Электронды оқулық